

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН

«ҚазАгроҚаржы»
Акционерлік қоғамы

# 2020 ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ

www.kaf.kz

# КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫСҚАША БЕЙІНІ

**«ҚазАгроҚаржы» акционерлік компаниясы (ҚазАгроҚаржы, Компания) – аса ірі қаржылық институт, ол ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сатып алуда лизингтік қызметтер көрсетеді.**

Компания еліміздің аграрлық секторын техникалық жарақтандыруды дамытуға ықпал етіп, өз қызметін 20 жылдан бері жүзеге асырып келеді.

Саладағы жоғары құзыреттілік, нарықта көп жыл бойы жұмыс істеу тәжірибесі, дамыған филиалдар желісі, мықты кадрлық құрам, сенімді кредиттік рейтингтер мен қаржы құралдарын тартуға қолжетімділік сияқты бәсекелестік артықшылықтар лизинг нарығында көшбасшы позициясын сақтап, отандық фермерлер үшін сенімді серіктес болып қалуға мүмкіндік береді.



**«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

# МАЗМҰНЫ


| | |
|---|---|
| Компанияның қысқаша бейіні | 1 |
| Негізгі көрсеткіштердің динамикасы | 4 |
| Негізгі оқиғалар | 6 |
| Директорлар кеңесі Төрағасының арнау сөзі | 8 |
| Басқарма Төрағасының арнау сөзі | 10 |
| Даму стратегиясы | 12 |
| **01. Компания туралы** | **14** |
| Рейтингтері | 17 |
| Лицензиялары | 17 |
| Қызмет географиясы | 17 |
| Компанияның қысқаша тарихы | 18 |
| Бизнес-моделі | 20 |
| Бәсекелестік артықшылықтары | 22 |
| Лизинг беру процесі | 23 |
| Қызмет бағыттары | 24 |
| Субсидиялау процестері | 26 |
| Бизнес-процестерді оңтайландыру | 28 |
| Өнім берушілермен жұмыс | 29 |
| **02. Менеджмент есебі** | **30** |
| Макроэкономикалық көрсеткіштер | 32 |
| АӨК саласын талдау | 34 |
| Лизинг нарығын талдау | 41 |
| PEST-талдау | 44 |
| SWOT-талдау | 47 |
| Даму стратегиясын іске асыру | 48 |
| Операциялық қызметтің нәтижелері | 55 |
| Қаржылық көрсеткіштер | 62 |
| Даму келешегі | 64 |
| **03. Корпоративтік басқару** | **68** |
| Менеджменттің ұйымдастырушылық құрылымы | 71 |
| Корпоративтік басқару рейтингі | 72 |
| Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп | 72 |
| Бағалы қағаздар және қатысушылар құрамы туралы мәліметтер | 77 |
| Жалғыз акционердің 2020 жылғы басты шешімдері | 77 |
| Директорлар кеңесі | 78 |
| 2020 жыл ішіндегі Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер | 80 |
| Директорлар кеңесінің құрамы | 80 |
| Директорлар кеңесінің қызметі | 83 |
| Директорлар кеңесінің комитеттері | 85 |
| Іріктеу және тағайындау | 88 |

www.kaf.kz

| | |
|---|---|
| Тәуелсіздік | 89 |
| Директорлар кеңесінің мүшелерін оқыту және кәсіби дамыту | 90 |
| Директорлар кеңесінің қызметін бағалау | 91 |
| Мүдделер қақтығыстарын басқару | 92 |
| Проблемалар туралы хабардар ету | 93 |
| Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу | 93 |
| Атқарушы орган | 94 |
| Ұйымдық құрылым | 100 |
| 2020 жыл бойынша жасалуында мүдделілік бар мәмілелер туралы есеп | 102 |
| Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу | 103 |
| Акционерлік капиталдың құрылымы | 103 |
| Дивидендтер | 104 |
| Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл | 105 |
| Корпоративтік этика | 109 |
| Ішкі бақылау жүйесі | 111 |
| Ішкі аудит қызметі | 114 |
| Сыртқы аудит | 115 |
| **04. Тәуекелдерді басқару** | **116** |
| Тәуекелдерді басқару жүйесі | 118 |
| Тәуекелдерді талдау | 124 |
| **05. Маркетингтік қызмет** | **126** |
| Ақпараттық саясат | 128 |
| Брендинг және PR саласындағы қызмет | 132 |
| **06. Тұрақты даму** | **134** |
| Басқарма Төрағасының Тұрақты даму мәселелері жөніндегі хабарламасы | 136 |
| Тұрақты даму саласындағы саясат | 137 |
| Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу туралы есеп | 138 |
| Экономикалық әсер | 142 |
| Кадрлық саясат | 144 |
| Демеушілік және қайырымдылық | 154 |
| Қоршаған ортаны қорғау | 155 |
| **Глоссарий** | **156** |
| **Байланыс ақпараты** | **156** |
| **07. Қосымшалар** | **158** |
| **1-қосымша. Есеп туралы** | **160** |
| **2-қосымша. Қаржылық есептілік** | **164** |
| **3-қосымша. GRI индексі** | **176** |

# НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ДИНАМИКАСЫ

## Қаржылық көрсеткіштер

### Активтер, млрд теңге




### Меншікті капитал, млрд теңге




### Қарыз портфелі, млрд теңге




### Пайдалылық көрсеткіштері




## Қаржылық емес көрсеткіштер

### Корпоративтік басқару рейтингі, %




### Fitch Ratings



## Операциялық көрсеткіштер

### АӨК дамытуға жылына салынатын инвестициялар сомасы, млрд теңге




### Техника мен жабдықтар лизингінің көлемі, млрд теңге




### Лизингке берілген техника мен жабдықтар көлемі, бірлік




### Портфельдегі клиенттердің жыл аяғындағы саны, бірлік



# 2020 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

2020

### 20 наурыз

Даму стратегиясы Компанияның 2020–2029 жылдарға арналған жаңа стратегиясы бекітілді.

### 17 маусым

Компанияның екінші облигациялық бағдарламасы шеңберінде облигациялардың төртінші шығарылымы 20 млрд теңгеге жүзеге асырылды және толық көлемінде инвесторлардың кең тобы арасында орналастырылды.

### 30 шілде

ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің Автоматтандыру мәселелері жөніндегі комитеті құрылды.

### 27 қараша

ҚазАгроҚаржы Global Banking & Finance Awards 2020: Қазақстандағы үздік ауыл шаруашылығын кредиттеу компаниясы – 2020 марапатының лауреаты болды.

### 11 желтоқсан

Компанияның 2019 жылғы жылдық есебі жылдық есептер байқауының қорытындысы бойынша барлық жылдық есептер рейтингінде 7-ші орынды иеленді, сонымен қатар «Корпоративтік есептілікте ESG-ақпаратты үздік ашып көрсету» бойынша топ-20-ға кірді. Компания жылдық есепте стратегияны барынша жақсы ашып көрсеткені үшін дипломмен марапатталды.

www.kaf.kz

**2 сәуір**
Fitch Ratings ұзақ мерзімді рейтингті BB+, болжам «тұрақты» деңгейінде растады. 2020 жылғы 22 желтоқсанда Fitch Ratings портфельдік қайта қарау шеңберінде рейтингтік шолу өткізді, оның нәтижелері бойынша рейтингтер бұрынғы деңгейінде сақталды.

**7 сәуір**
«Қазақстанда жасалған» жаңа қаржыландыру бағдарламасы енгізілді.

**1 қыркүйек**
Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаев екі холдингті – «ҚазАгро» холдингі» акционерлік қоғамы мен «Бәйтерек» акционерлік қоғамын біріктіру жөнінде тапсырма берді.

**16–19 қазан**
Компанияның сапа менеджменті жүйесін ISO 9001:2015 стандартының талаптарына сәйкес қайта сертификаттау жүргізілді. Сертификаттау мерзімі 2023 жылғы 11 желтоқсанға дейін ұзартылды.

**29 желтоқсан**
қаржыландырудың жаңа бағыты – «Ауыл шаруашылығының қажеттіліктері үшін ұшқышсыз ұшу аппараттарының лизингі» іске қосылды.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ АРНАУ СӨЗІ

## Құрметті серіктестер мен әріптестер!

**«ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің атынан құрметімді білдіруге қуаныштымын!**

Агроөнеркәсіптік кешенді техникалық жарақтандырудың деңгейін арттыру - Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басымды міндеттерінің бірі. Лизинг бүгінгі таңда негізгі қорларды жаңарту үшін қолдануға болатын негізгі құралдардың бірі болып отыр.

ҚазАгроҚаржы лизингтік қызметтер көрсету арқылы агроөнеркәсіптік кешендегі ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын жаңартуға жәрдемдесуді 20 жылдан аса уақыт бойы жүзеге асырып келеді және елімізде сатылып алынатын ауыл шаруашылығы техникасының жалпы көлемінің 40%-ға жуығын қамтиды.

Компанияның Директорлар кеңесі ҚазАгроҚаржының 2020 жылғы қызметін оң бағалайды. Жоспарлы қаржылық көрсеткіштер орындалды және Компанияның Даму стратегиясында белгіленген бағыттардың барлығы бойынша елеулі түрде өсу қамтамасыз етілді. Қол жеткен нәтижелер, көзделген мақсаттардың іске асырылуы қабылданған шешімдердің тиімділігін растайды.

2020 жылдың қорытындылары бойынша активтер мен меншікті капиталдың рентабелділік көреткіштері 100%-дан аса орындалды. Таза кіріс 9,6 млрд теңге деңгейінде құралды. Лизинг көлемі 2020 жылы 2019 жылдың қорытындысынан 11,7% асып, 110 млрд теңге құрады, бұл қаржыландырудың жаңа құралдарын енгізу және көрсетілетін қызметтердің сапасын жоғарылату нәтижесінде жүзеге асырылды.

2020 жылы «ҚазАгро» холдингі» АҚ-ның «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-на қосылуымен байланысты және акционердің ауысуына әкелетін, Компания үшін маңызды шешім қабылданды. Бұл ретте, осы корпоративтік оқиға Компанияның агроөнеркәсіптік кешенді техникалық жарақтандыру бойынша миссиясын өзгертуге әкелмейді, ҚазАгроҚаржы өзінің бұдан арғы қызметінде ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары лизингінің көлемдерін арттыруға бағытын сақтап қалады.

www.kaf.kz



МҰРАТ
АМАНКЕЛДІҰЛЫ
ДӘРІБАЕВ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ
Директорлар кеңесінің
Төрағасы

# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ АРНАУ СӨЗІ

## Құрметті әріптестер мен серіктестер!

**Сіздерге құрметімді білдіре отырып, «ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметінің 2020 жылғы қорытындылары бойынша нәтижелерін ұсынуға рұқсат етіңіздер!**

ҚазАгроҚаржы даму стратегиясын дәйекті түрде іске асыруын және лизинг нарығындағы көшбасшы мәртебесін нығайтуын жалғастыруда. Компания үшін 2020 жыл өнімді және табысты болды, қызметтің барлық негізгі көрсеткіштері бойынша тұрақты өсуге қол жеткізілді.

2020 жылдың қорытындылары бойынша лизингке 6,1 мың бірлік ауыл шаруашылығы техникасы берілді, ал Компания портфеліндегі клиенттердің саны жыл аяғына қарай 8,3 мыңға жетті.

Клиенттердің қажеттіліктеріне бағдарлану Компания қызметіндегі басымды бағыттардың бірі болып табылады. Аграрийлер үшін қаржыландырудың қолжетімді шарттарын жасауды, сапалы қызмет көрсетілуін қамтамасыз етуді және жаңа клиенттік сервистерді енгізуді жетілдіру бойынша үздіксіз жұмыс жүргізіліп отыр.

Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін шарттары анағұрлым пайдалы және икемді, сол сияқты өтінімдерді қарау процедуралары жеделдетілген қаржыландыру бойынша арнайы ұсыныстар беріледі. Отандық өндірісте құрастырылған техниканы қаржыландыру жаңа бағытын енгізудің арқасында орналастырылатын техниканың жалпы көлеміндегі отандық техника үлесі 23%-дан 2020 жылы 39%-ға дейін артты.

2020 жылдың қорытындылары бойынша Компанияның жоғары көреткіштерге қол жеткізуі – біздің клиенттеріміздің сенімі, Компанияның бүкіл ұжымының тиімді жұмысы мен кәсіби шеберлігінің арқасы.

Өз қызметінің басымды бағыттарын негізге ала отырып, ҚазАгроҚаржы агроөнеркәсіптік кешеннің заманауи техникаға қажеттілігін қамтамасыз ету миссиясын іске асыруды жалғастыратын болады.



## ҚАНЫШ ТЕМІРТАЙҰЛЫ ІЗБАСТИН

**«ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасы**

# ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

**2020 жылғы 20 наурызда Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) ҚазАгроҚаржының 2020–2029 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясы бекітілді, онда Компанияның екі стратегиялық даму бағыты белгіленген. Компания лизинг арқылы АӨК субъектілерін ауыл шаруашылығы техникасымен және жабдықтарымен қамтамасыз ету жолымен агроөнеркәсіптік кешенде (АӨК) техникалық жарақтандырудың деңгейін арттыруға бағдарлануын жалғастыратын болады, бұл АӨК дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген басымды міндеттердің бірін іске асыруға Компанияның қосқан негізгі үлесі болады.**

Қызметтің тиімділігін қамтамасыз ету мақсаттарында Компанияда қаржылық менеджмент пен корпоративтік басқару көреткіштерін жақсартуға бағытталған жұмыс жалғастырылады.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен «ҚазАгро» холдингі» АҚ қайта құрумен байланысты акционердің ауысуына қатысты Компания үшін маңызды болып табылатын оқиғаны атап өту керек. ҚазАгроҚаржы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес компанияларының тобына енді.

Компания Жалғыз акционердің саясаты мен стратегиялық бағыттарын ескере отырып, жаңартылған Даму стратегиясын әзірлеу жұмысын жүргізуде, Даму стратегиясындағы жекелеген негізгі қызметтік көрсеткіштерді қайта қарау жоспарланып отыр. Сонымен бірге, Компанияның миссиясы Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін техникалық жарақтандыруға жәрдемдесу болып қалады. Жаңа Даму стратегиясы қабылданғанға дейін, Компания 2020–2029 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыруды жалғастыра береді.

№ 1

## Мақсаттар мен міндеттер

### № 1 стратегиялық бағыт

**Техникалық және технологиялық жарақтау арқылы АӨК-нің бәсекеге қабілеттілігін дамытуға жәрдемдесу**

**1-мақсат:** Ауыл шаруашылығында техникалық жарақтандыру мен экспорттық әлеуетті дамыту

**1-міндет.** Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының лизингі бойынша инвестициялардың көлемін арттыру.

**2-міндет.** АӨК саласында экспорттық әлеуетті дамытуға және еңбек өнімділігін арттыруға жәрдемдесу.

**2-мақсат:** Лизинг қызметтерін көрсетуді жетілдіру және дамыту

**1-міндет.** Лизингтік қызметтің сапасын және қолжетімділік деңгейін жоғарылату.

**2-міндет.** ҚазАгроҚаржы өнімдерінің желісін дамыту, соның ішінде қаржыландырудың жаңа бағыттарын ендіру жолымен дамыту.

**3-міндет.** Компанияның бизнес-процестерін автоматтандыру.

## 2029 жылға қарай күтілетін нәтижелер

**ҚазАгроҚаржы:**

- қазақстандық лизинг компанияларының рейтингінде позициясы мықты тұрақты шығынсыз компания;
- лизингтік қызметті көрсету нарығында клиенттік сервис сапасы бойынша көшбасшы;
- саланың сапалы және бәсекеге қабілетті лизингтік қызметті қажетсінуін барынша қамтамасыз ететін, агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың қуатты қаржылық құралы.

**Компанияның 2020-2029 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асырудың қорытындылары бойынша келесі қызмет көрсеткіштеріне қол жеткізілетін болады:**

- ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары лизингінің көлемі он жылдық кезең ішінде кемінде 1 046 млрд теңге құрайды,
- активтердің рентабелділігі кемінде 1,65%, меншікті капиталдың рентабелділігі – кемінде 5,01% құрайды;
- қарыз портфелі бойынша қалыптастырылған резервтердің (провизиялардың) деңгейін қолдау 12%-дан аспайтын деңгейде;
- қаржыландырудың барлық негізгі процестерін автоматтандыру;
- корпоративтік басқару жүйесін әлемдегі үздік іс-тәжірибелерге сәйкес жетілдіру.

Сонымен, алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді кешенді түрде іске асыру Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың жетекші және тұрақты қаржылық институттарының бірі ретіндегі позицияны нығайтуды жалғастыруға мүмкіндік береді.

**2020 жылдың қорытындылары бойынша Компанияның 2020-2029 жылдарға арналған Даму стратегиясының барлық негізгі қызметтік көрсеткіштері толық көлемде орындалды, стратегиялық бағыттар бойынша жұмыс туралы толық ақпарат «Даму стратегиясын іске асыру» бөлімінде ашылып көрсетілген.**

№ 2

## № 2 стратегиялық бағыт

**Компания қызметінің тиімділігі**

**1-мақсат:** Компания қызметінің рентабелділігін арттыру

**1-міндет.** Меншікті капиталды және активтерді басқару тиімділігін арттыру.

**2-міндет.** Қарыз портфелінің сапасын жоғарылату.

**3-міндет.** Қаржыландырылған жобаларды мониторингтеу жүйесін жетілдіру.

**2-мақсат:** ҚазАгроҚаржыны үздік іс-тәжірибелерге сәйкес корпоративтік дамыту

**1-міндет.** Компанияның корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және қызметінің ашықтығын арттыру.

**2-міндет.** Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін жетілдіру.

**3-міндет.** Адами ресурстар әлеуетін жоғарылату, нәтижеге бағытталған корпоративтік мәдениетті дамыту.

01

# КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## «KAZROST ENGINEERING LTD» ЖЕКЕ КОМПАНИЯСЫ

Астық жинайтын комбайндарды отандық өндіруші. «Ростсельмаш» ЖШҚ-ның және басқа да белгілі өндірушілердің ресми дилері. Кәсіпорын ауылшаруашылық техникасы мен басқа да өнімдердің кең спектрін жеткізеді.

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН

Барлығы өндірілді

**1 385** БІРЛІК ТЕХНИКА



Орналасқан жері



**КӨКШЕТАУ**

Техника түрі

- «ВЕКТОР-410 KZ», «Acros 550KZ» маркалы комбайндар
- «YTO-X904» маркалы және 2011 ж. бергі басқа тракторлар

ҚазАгроФинанс арқылы сатылды

**842 БІРЛІК ТЕХНИКА**

Сомасына сатылды

**32,9 МЛРД ₸**

Шығарылған көлемнің 60,8%-ы

## Миссиясы

сапалы және бәсекеге қабілетті лизингтік қызмет көрсету жолымен Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін техникалық жарақтандыруға жәрдемдесу.

## Пайымы

ҚазАгроҚаржы – Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің лизинг нарығындағы саланың заманауи және жоғары технологиялық техникаға қажеттілігін қамтамасыз ететін көшбасшы.

## Саладағы мақсаты

ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын лизинг негізінде сатып алу үшін ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді қолжетімді қаржы құралдарымен қамтамасыз ету жолымен агроөнеркәсіптік кешенді технологиялық жаңарту.



# РЕЙТИНГТЕРІ

**2020 жылғы 2 сәуірде Fitch Ratings эмитенттің шетелдік және ұлттық валюталадағы ұзақ мерзімді рейтингтерін «BB+», болжам «тұрақты»[1] деңгейінде растады.**

# ЛИЦЕНЗИЯЛАРЫ

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің ұлттық валютада банктік қарыз операцияларын жүргізуге берілген лицензиясы (2006 жылғы 31 наурызда алынған).

**ISO 9001-2015 сапа менеджменті жүйесі бойынша сертификаттау.**

# ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ

Еліміздің бүкіл аймақтарында 16 филиалы бар. Техника шығаратын қазақстандық зауыттармен, сол сияқты таяу және алыс шетелдегі өнім берушілермен ынтымақтастық орнатылған.

[1] 2020 жылғы 22 желтоқсанда рейтингтік шолу жүргізілді, рейтингтер өзгеріссіз қалдырылды.

# КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

**ҚазАгроҚаржы 1999 жылғы 28 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкметінің «Ауыл шаруашылығының кейбір мәселелері туралы» 1999 жылғы 24 карашадағы № 1777 қаулысына сәйкес тіркелген.**

## 1999

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚазАгроҚаржы құрылымын құру туралы қаулысы бекітілді.

## 2000

- шетелдік ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша алғашқы тәжірибе.

## 2000-2003

- алғашқы машина-трактор станцияларын құру.

## 2007

- тұқымдық малдардың лизингін енгізу.

## 2008

- Компанияға алғаш рет Fitch (BBB-) халықаралық кредиттік рейтингі берілді.

## 2009

- ірі инвестициялық жобаларды қаржыландырудың басталуы.
- құрастыру өндірісін дамыту.

## 2015

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның корпоративтік басқаруын диагностикалау алғаш рет жүргізілді және оған бірінші рет корпоративтік басқару деңгейі берілді.

## 2016

- «ҚазАгроҚаржы» инвесторлардың кең тобы үшін 8 млрд теңге сомасына және 5 жыл айналым мерзіміне ішкі нарықтық облигацияларды алғаш рет орналастырды.
- «Беларусьта жасалған» бағдарламасын іске асырудың басталуы.
- ҚазАгроҚаржының бәсекелес ортаға беруге ұсынылатын объектілер тізіліміне енгізілуі.

## 2017

- «ҚазАгроҚаржының» теңгелік облигациялар шығару және орналастыру бойынша 5 жылдық мәмілесі «Еуропада, Таяу және Орта Шығыс пен Африкада ұлттық валютадағы облигациялардың үздік шығарылымы» санатында EMEA Finance жеңімпазы («Best local currency bond in EMEA») болып танылды.

## 2004

- арнайы техника мен технологиялық жабдықтардың лизингі.

## 2005

- қайта өңдеу жабдықтарының лизингі.

## 2006

- ҚазАгроҚаржы қайтадан құрылған «ҚазАгро» ұлттық басқару холдингінің құрылымына енді.

## 2010

- Қазақстандағы лизинг нарығын Сарапшы РА алғашқы зерттеуі: ҚазАгроҚаржы қазақстандық лизинг нарығының көшбасшысы болып танылды.
- мелиоративтік техника лизингін және қайталама техника лизингін енгізу.

## 2012

- «Астық» бағдарламасы бойынша техниканы қаржыландыру.

## 2013

- «Экспресс-лизинг» және «Шебер-лизинг» бағдарламаларын іске асырудың басталуы.
- «ҚазАгроҚаржы» субсидиялау бағдарламасының ресми қатысушысы болды.

## 2018

- «Өз жем-шөбіміз» және «Сенімді фермер» бағдарламаларын іске асырудың басталуы.
- жылдық есептердің VIII байқауының қорытындылары бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның 2017 жыл бойынша жылдық есебі үздік деп танылды, сонымен қатар байқауға қатысушылардың барлығының арасында 9-шы орынды иеленді.

## 2019

- Компанияның жекешелендіруге жататын объектілер тізімінен шығарылуы.
- Нұр-Сұлтан қ. филиалдың ашылуы.
- Компания қызметіне 20 жыл.

## 2020

- ҚазАгроҚаржының 2020–2029 жылдарға арналған Даму стратегиясының бекітілуі.
- «Қазақстанда жасалған» және «Ауыл шаруашылығының қажеттіліктері үшін ұшқышсыз ұшу аппараттарының лизингі» қаржыландыру бағдарлаларын енгізу. Қаржыландыру өнімдер желісін оңтайландыру.
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және «ҚазАгро» холдингі» АҚ біріктіру жолымен қайта ұйымдастыру туралы шешімнің қабылдануы және аталған оқиғаның Мемлекет Басшысының Қазақстан халқына 2020 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауын іске асыру бойынша Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарына енгізілуі.

# БИЗНЕС-МОДЕЛІ

**Лизинг қызметін жетілдіру мақсаттарында Компания көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту бойынша тиісті іс-шараларды жүйелі және тұрақты негізде жүргізеді.**



www.kaf.kz

## ҚР АШМ

Ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты анықтау

## «ҚазАгро» Холдингі» АҚ

Қызмет бағыттарын анықтау және стратегиялық шешімдер қабылдау

Дивидендтер төлеу

## «ҚазАгроҚаржы» АҚ

### Қызметтер

Техника және жабдықтар лизингі

### Ресурстар

Аймақтық желі
**16 филиал**

Меншікті капитал:
**115,1 млрд теңге**

Тартылған қаражат:
**98,74 млрд теңге**

Штаттық сан:
**353 адам**

### Нәтижелер

Қарыз портфеліндегі клиенттер саны:
**8 263 бірлік**

Бюджетке төленген төлемдер мен салықтар:
**1,1 млрд теңге**

2019 жылы төленген дивидендтер:
**9,2 млрд теңге**

Инвестициялар:
**114,0 млрд теңге**

Таза пайда:
**9,6 млрд теңге**

Лизингке табысталды:
**6 056 бірлік техника**

Салықтар мен төлемдер төлеу

## ҚР мемлекеттік бюджеті

Әлеуметтік төлемдер

## ҚР халқы

# БӘСЕКЕЛЕСТІК АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

- лизинг саласындағы 20 жылдан аса тәжірибесі;
- қолжетімді қаржыландыру шарттары;
- клиентке бағдарланған қызмет көрсету стандарттары;
- танымал бренді мен оң беделі;
- кредиттік рейтингтің жоғары деңгейі;
- кең филиалдар желісі;
- нарықтық құралдарды пайдалана отырып, қаражат тарту бойынша сәтті тәжірибесі;
- кадрлық құрамның жоғары құзыреті;
- ауыл шаруашылығы техникасын жеткізушілер мен өндірушілердің үлкен қоры;
- Қазақстан қор биржасында 2008 жылдан басталған листингі;
- қызметінің жоғары ашықтық деңгейі;
- корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін үнемі жетілдіру бойынша жұмысы.

# ЛИЗИНГ БЕРУ ПРОЦЕСІ

Лизинг беру процесі клиенттің лизинг нысанасын және өнім берушіні таңдауынан басталады. Өнім берушіден коммерциялық ұсыныс алғаннан кейін, клиент ҚазАгроҚаржыға өтініш жасайды.

Кредиттік бөлімшенің менеджері қолданыстағы қаржыландыру бағдарламалары бойынша консультация береді, сонымен қатар клиентті өтінім беру үшін қажетті болып табылатын міндетті құжаттардың тізбесімен таныстырады. Клиент құжаттардың толық топтамасын тапсырғаннан кейін, Компанияның құрылымдық бөлімшелері клиенттің жобасына сараптама жүргізеді.

Қорытындылар мен сараптама нәтижелері бойынша Компанияның уәкілетті органы (Кредит комитеті) жобаны қаржыландыру туралы шешім шығарады. Жобаны жалпы қарау мерзімі толықтырылуын және түзетілуін есепке алмағанда, 5-10 күн құрайды.

Кредит комитеті жоба бойынша оң шешім шығарған жағдайда, қаржы лизингі шарты жасалады, клиент бірінші лизингтік төлемді төлейді, сосын өнім берушімен лизинг нысанасын сатып алу шартына қол қойылады. Жеткізілгеннен кейін, лизинг нысанасы лизинг алушыға табысталады.



# ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ

**Компания ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің түрлі санаттарының мүдделері мен қажеттіліктеріне жауап беретін және техниканы пайдалы шарттармен сатып алуға мүмкіндік беретін қаржыландырудың кең өнімдік желісін іске асырады.**

## Компанияда келесі бағдарламалар қолданыста:

### Стандарттық шарт бойынша лизинг:

- ауыл шаруашылығы техникасы (өздігінен жүретін, аспалы және тіркемелі);
- биологиялық активтер, а/ш және балық өнімдері тасымалданатын көлік құралдары, соның ішінде жүк вагондары;
- мелиоративтік және а/ш жұмыстарына арналған арнайы техника, соның ішінде ұшқышсыз ұшу аппараттары;
- жабдықтар (монтажды қажетсінетін және қажетсінбейтін);

### Айналым қаражатын толықтыруға арналған кредиттеу

(бұрын қаржыландырылған жобалар шеңберінде);

### Арнайы қаржыландыру бағдарламалары:

- «Қазақстанда жасалған»;
- «Беларусьта жасалған»;
- «Сенімді фермер»;

### Қаржыландыру бойынша көрсетілетін арнайы қызметтер:

- «Экспресс-лизинг»;
- «Шебер-лизинг».

www.kaf.kz

## Қаржыландырылатын бағыттар

| | | Мерзімі | Аванс | Мөлшерлеме |
|---|---|---|---|---|
| | **Стандартты лизинг бойынша шарттар** | | | |
| 1 | Ауыл шаруашылығы техникасы | 10 жылға дейін | кемінде 15% | 17% (7% субсидияларды ескерумен) |
| 2 | Мелиоративтік және ауыл шаруашылығы жұмыстарына арналған арнайы техника | 7 жылға дейін | кемінде 20% | 17% (7% субсидияларды ескерумен) |
| | Ауыл шаруашылығы қажеттеліктеріне арналған ұшқышсыз ұшу аппараттары | 5 жылға дейін | кемінде 30% | 17% (субсидияланбайды) |
| 3 | Ауыл шаруашылығы өнімдері мен балық өнімдері және оларды өңдеу өнімдері және биологиялық активтер тасымалданатын көлік құралдары (соның ішінде тартқыштар мен тіркемелер кіретін) | 7 жылға дейін | кемінде 15% | 17% (7% субсидияларды ескерумен) |
| | Бидай және ауыл шаруашылығы өнімдерінің өзге де түрлерін тасымалдауға арналған жүк вагондары | 10 жылға дейін | кемінде 15% | 17% (субсидияланбайды) |
| 4 | Жабдықтар | 10 жылға дейін | кемінде 15% | 17% (7% субсидияларды ескерумен) |
| | **Кредиттеу шарттары** | | | |
| 5 | Айналым қаражатын толықтыруға арналған кредиттеу | до 3 лет | - | 17% (10% субсидияларды ескерумен) |
| | **Арнайы қаржыландыру бағдарламаларының шарттары** | | | |
| 1 | **«Қазақстанда жасалған»** Қазақстан Республикасында шығарылған/құрастырылған а/ш техникасы мен көлік құралдары | 10 жылға дейін | кемінде 15% | 6% (ҚР ҰҚ) |
| 2 | **«Сенімді фермер»** Аванссыз лизинг | 10 жылға дейін | 0 | 17% (7% субсидияларды ескерумен) |
| 3 | **«Беларусьта жасалған»** Беларусь Республикасында (БР) шығарылған техника мен жабдықтар | 5 жылға дейін | кемінде 20% | 17 % (БР және ҚР субсидиялауын ескерумен 1% жылдық) |
| | **Қаржыландыру бойынша көрсетілетін арнайы қызметтердің шарттары** | | | |
| 1 | **«Экспресс-лизинг»** Кірісті растаусыз | 10 жылға дейін | кемінде 20% | 17% (7% субсидияларды ескерумен) |
| 2 | **«Шебер-лизинг»** 1 жылға арналған лизинг желісі | 10 жылға дейін | кемінде 15% | 17% (7% субсидияларды ескерумен) 6% (ҚР ҰҚ) |

Лизинг түрінде қаржыландырудың артықшылықты шарттары техниканы кепілсіз, комиссия төлеусіз, жеңілдік мерзім ұсынумен, ұзақ қаржыландыру мерзімімен, аванс төлемей **(техника құнының 25%-ына дейін** мөлшердегі инвестициялық субсидиялар есебінен) беру болып табылады. Сыйақы мөлшерлемесін мемлекет **10%-ға дейінгі** мөлшерде субсидиялайды.

# СУБСИДИЯЛАУ ПРОЦЕСТЕРІ

**Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін субсидиялау**

ҚазАгроҚаржы инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша мемлекеттік субсидиялау бағдарламасына қатысады.

Осы мемлекетік қолдау шарасының арқасында Қазақстанның ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілері техниканы лизингке алған кезде инвестициялық субсидиялар есебінен аванс ұсына алады. Инвестициялық субсидиялар алу мүмкіндігі клиенттердің қаржылық жүктемелерін елеулі түрде жеңілдетеді және техниканың қолжетімділігін арттырады.

Субсидиялауға өтінім беруді Qoldau цифрлық платформасы арқылы электрондық форматта да, сол сияқты қағаздағы нұсқада да жүзеге асыруға болады.

## Инвестициялық субсидияларды аванстық төлеммен аудару

**1. АШТӨ**
ҚАФ шешімінің көшірмесін қоса бере отырып, субсидиялауға өтінім беру

**2. Ауыл шаруашылығы басқармасы**
Субсидиялауға арналған өтінімді қарау және шешім қабылдау

**3. АШТӨ, ҚАҚ, АШБ**
Субсидиялау шартын және мақсатты пайдалану туралы келісім жасасу

**4. АШБ**
Субсидияларды ҚАФ-тың арнайы шотына аудару

**5. АШТӨ, ҚАҚ**
Қаржы лизингі шартын жасау

**6. ҚАҚ**
- лизинг нысанасын жеткізу және табстау;
- инвестсубсидияларды аванс шотына есептеу;
- лизинг нысанасын қабылдау-тапсыру актісін және лизинг нысанасының түпкілікті құны жөніндегі қосымша келісімді қоса бере отырып, АШБ-ға хабарлама жіберу

Инвестициялық субсидиялардың мөлшері **техника құнының 25 %-дан бастап** құрайды. Инвестсубсидиялар техника лизингі бойынша аванс ретінде пайдаланылады.

## Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау

«ҚазАгроҚаржы» АҚ кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау мемлекеттік бағдарламасына қатысады. Бағдарлама агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін қаржылық қызметтердің қолжетімділігін жоғарылатуға бағытталған. Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге мөлшерлемені субсидиялау есебінен жылдық 10%-ға дейін мөлшерде үнемдеуге мүмкіндік береді.

**Субсидиялауға өтінім беруді Qoldau цифрлық платформасы арқылы электрондық форматта да, сол сияқты қағаздағы нұсқада да жүзеге асыруға болады.**

1 **АШТӨ** — ҚАФ-қа субсидиялауға ұсыныс беру

2 **ҚАҚ** — Ұсынысты тексеру, мақұлдау/қабылдамау немесе түзетуге жіберу

3 **АШБ** — Ұсынысты қарау және шешім қабылдау

4 **АШТӨ, ҚАҚ, АШБ** — Үшжақты субсидиялау шартын жасасу

5 **ҚАҚ** — АШБ-ға субсидия алуға өтінім беру

6 **АШБ** — ҚАФ-тың арнайы шотына субсидияларды аудару

7 **АШТӨ, ҚАҚ** — Субсидияларды сыйақы төлеу шотына есептеу

**Сыйақы мөлшерлемесін мемлекет:**
- **техника лизингі бойынша 10%** (АШТӨ үшін түпкі мөлшерлеме – жылдық 7%)
- **айналым бойынша 7%** (АШТӨ үшін түпкі мөлшерлеме – жылдық 10%)
- **КЕЖ және жинау жұмыстарына қарыздар бойынша 9%** (АШТӨ үшін түпкі мөлшерлеме – жылдық 8%)

**мөлшерінде субсидиялайды.**

# БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРДІ ОҢТАЙЛАНДЫРУ

**Кредиттік-лизингтік қызметті жетілдіру мақсаттарында Компания көрсетілетін қызметтердің шарттарын жақсарту және сапасын арттыру бойынша тиісті іс-шаралар кешенін іске асырады.**

**Есепті жылы Компанияның ұсынатын өнімдер желісі жаңартылды және олардың талапшарттары жақсартылды, атап айтқанда:**

- «Қазақстанда жасалған» жаңа арнайы бағдарламасы енгізілді, ол клиенттерге отандық өндіріс техникасын жылдық 6% жеңілдетілген қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша сатып алу мүмкіндігін береді ;
- қаржыландырудың жаңа бағыты «Ауыл шаруашылығының қажеттіліктері үшін ұшқышсыз ұшу аппараттарының лизингі» енгізілді;
- қаржылық қызметтер алу үшін, АӨК субъектілері ұсынатын міндетті құжаттардың тізбесі қысқартылды;
- қаржыландыруға өтінімдер беру процесі оңтайландырылды, клиенттерге өздерінің болуы және қағаз нұсқада құжаттар жинау қажеттілігінсіз қаржыландыруға берілген өтінімдерді электрондық нысандар негізінде қарау мүмкіндігі ұсынылды;
- мал шаруашылығы бағыты бойынша қаржыландыру көзделген «Экспресс-лизинг» арнайы қаржыландыру қызметін көрсету шарттары жақсартылып, аванс мөлшері лизинг құнының 20%-ы мөлшеріне дейін төмендетілді, қаржыландыру лимиті 150 млн теңгеге дейін ұлғайтылды.

2020 жылы Компания қызмет көрсету сапасын жоғарылату шеңберінде лизинг нысаналарын қаржыландыруға өтінімдерін қарауды автоматтандыру жұмысын жүргізді. Қазіргі уақытта автоматтандырылған жүйені тестілеу жүргізілуде.

**ҚазАгроҚаржы бизнес-процестерді оңтайландыруды және клиенттердің мүддесінде өнімдер желісін дамытуды жалғастыратын болады.**



# ӨНІМ БЕРУШІЛЕРМЕН ЖҰМЫС

**Лизинг нысанасын және өнім берушіні таңдауды клиент өз бетінше «Қаржы лизингі туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жүзеге асырады.**

Компания ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының бірге жұмыс істеген ынтымақтастық тәжірибесі бар өнім берушілері қорын жүргізеді. Бұл ақпарат мүдделі тараптар үшін ашық қолжетімділікте, Компанияның www.kaf.kz корпоративтік сайтында орналастырылған.

Өнім берушілер теріс сипаттағы ақпараттың бар-жоқтығы, заңнама талаптарына сәйкестігі және лизинг нысанасының әділ құнын қалыптастыру бойынша мұқият тексерілуге жатады.

Компанияның лизинг нысаналары бойынша өнім берушілерге қоятын талаптары барша үшін бірыңғай болып табылады және Компанияның сайтында орналастырылған, бұл өнім берушілер үшін компаниямен өзара ықпалдасу процесін жеңілдетеді.



**Өнім берушілерге қойылатын негізгі талаптар мыналар:**

- кәсіби біліктілігінің болуы және жеткізілетін лизинг нысанасының нарығында кемінде 6 ай жұмыс тәжірибесінің болуы;
- Компания алдында орындалмаған (лизинг нысаналарын сатып алу шартының талаптарына сәйкес мерзімі өткен) міндеттемелерінің болмауы;
- лизинг нысанасын жеткізу қызметін жүзеге асыруға қажетті сертификаттарға, лицензияларға ие болуы;
- кепілдікті және кепілдікті мерзімнен кейінгі сервистік қызмет көрсетуді жүзеге асыруы;
- мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары тізілімінде тұрмауы;
- сенімсіз жеткізушілер мәртебесінің болмауы.

Өнім берушімен лизинг нысанасын сатып алу және техниканы жеткізу туралы шарт жасасқаннан кейін, Компания осы лизинг нысанасын қабылдауды, өнім берушіге ақысын төлеуді және содан кейін лизинг алушыға табыстауды жүзеге асырады. Лизинг нысанасының логистикасын, кедендік рәсімделуін және өнім жеткізумен байланысты өзге де әрекеттерді Компания жұмыскерлері атқарады, бұл лизинг процесін лизинг алушылар үшін барынша жеңілдетіп әрі қолжетімді етеді.

02

# МЕНЕДЖ-МЕНТ ЕСЕБІ

## «АГРОМАШХОЛДИНГ KZ» АҚ

«ESSIL» астық жинау комбайндары мен «LOVOL» тракторларын шығаратын қазақстандық өнер-кәсіптік кәсіпорын. Компания ҚР аумағындағы «Гом-сельмаш» өнімдерінің эксклюзивті дистрибьюторы болып табылады.

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН

Барлығы өндірілді

**3 617** БІРЛІК ТЕХНИКА



Орналасқан жері

**ҚОСТАНАЙ**



Техника түрі

- «Essil» маркалы комбайндар
- 2009 жылдан бергі «Lovol» маркалы тракторлар

ҚазАгроФинанс арқылы сатылды

**2 571** БІРЛІК ТЕХНИКА

Сомасына сатылды

**47,6** МЛРД ₸

Шығарылған көлемнің 71,1%-ы

# МАКРОЭКОНОМИКА-ЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

**2020 жылы өндірілген жалпы ішкі өнімнің көлемі Ұлттық статистика бюросының[2] деректері бойынша 70 134,1 млрд теңгені құрады және 2019 жылмен салыстырғанда нақты көрінісі 2,6%-ға төмендеді.**

### ЖІӨ динамикасы




Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚР Ұлттық Банкі) деректеріне сәйкес, 2020 жылдың қорытындылары бойынша инфляция 7,5% құрады, бір жыл бұрын - 5,4% болған. Инфляцияның өсуіне азық-түлік тауарларының 11,3%-ға қымбаттауы (2019 жыл – 9,6%) ең үлкен әсер етті. Азық-түлік емес тауарлар бағасының жылдық өсуі 5,5% (2019 жылы – 5,0%), ақылы қызметтер бағасының жылдық өсуі – 4,2% (2019 жылы – 0,7%) құрады. Аймақтар бойынша инфляция деңгейі 7,1–8,0% аралығында түрленеді.

ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша, 2020 жылдың аяғында доллардың бағамы 420,71 теңге, ал жылдың басында 381,18 теңге болған, бір жыл ішіндегі өсу 10,2% құрады.

Оперативтік статистикалық деректерге сәйкес, негізгі капиталға инвестициялар 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 1,8%-ға төмендеп, 12,3 трлн теңге құрады. Сонымен бірге, ауыл шаруашылығына инвестициялар 573,2 млрд теңге құрады және 2019 жылмен салыстырғанда 2019 жылы 14,2%-ға өсті.

[2] Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы.

## Негізгі капиталға инвестициялар




Ауыл шаруашылығына, орман және балық шаруашылықтарына инвестициялық салымдар 2020 жыл ішінде алдыңғы жылмен салыстырғанда 15%-ға өсті және 573,2 млрд теңге құрады.

Егін егетін негізгі аймақтар – Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Қостанай облыстары – салаға 241,6 млрд теңге бағыттады, бұл ауыл шаруашылығына, орман және балық шаруашылықтарына салынатын инвестициялардың жалпы көлемінің 42,2%-ын құрады.

Ауыл шаруашылығына, орман және балық шаруашылықтарына негізгі капиталға инвестициялардың 88%-ға жуығы біржылдық және екіжылдық дақылдарды өсіруге (59,1%) және мал шаруашылығына бағытталды (28,8%).

## Ауыл шаруашылығына бағытталған инвестициялардың секторлар бойынша көлемі, млрд теңге, алдыңғы жылға қатысты пайызбен




www.kaf.kz

# АӨК САЛАСЫН ТАЛДАУ

**Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені – аса ірі салааралық кешен, ол экономиканың ауыл шаруашылығы шикізатын өндіру мен қайта өңдеуге және одан түпкілікті тұтынушыға жеткізілетін өнім алуға бағытталған бірнеше салаларын біріктіреді. Ол ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің ауыл шаруашылығы өндірісімен тығыз байланысты, ауыл шаруашылығы өнімдерін тасымалдауды, сақтауды, өңдеуді, оны тұтынушыларға жеткізуді жүзеге асыратын, ауыл шаруашылығын техникамен, химикаттармен және тыңайтқыштармен қамтамасыз ететін, ауыл шаруашылығы өндірісіне қызмет көрсететін салалары кіретін ел экономикасы салаларының жиынтығы.**

Ауыл шаруашылығы Қазақстан экономикасының негізгі салаларының бірі болып табылады. Аграрлық сектордың даму деңгейі қашанда қазақстандық қоғамның экономикалық және қоғамдық-саяси тұрақтылығының айқындаушы факторы болған және солай болып жалғасуда.

Ауыл экономикасын көтеру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі АӨК мен ауылды дамыту және қолдау бойынша мемлекеттік және салалық бағдарламалар қабылдады. 2017–2021 жылдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 шілдедегі № 423 қаулысымен бекітілген және ауыл шаруашылығының салаларын қолдауға және дамытуға бағытталған Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауын іске асыру шеңберінде АӨК-де 2021 жылға қарай 5 жыл ішінде еңбек өнімділігін ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған бір адамға шаққанда 3,7 млн теңгеге дейін және өңделген ауыл шаруашылы өнімдерін экспорттауды 2021 жылы 2 400 млн АҚШ долларына дейін арттыру міндеті қойылған.

Бұл мақсаттарға, сонымен қатар, АӨК-де техникалық жарақтандыру мен өндірісті қарқындату деңгейін көтеру есебінен қол жеткізілетін болады.

Қазіргі уақытта ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған ұлттық жобасының тұжырымдамасын әзірледі, оның негізгі мақсаты АӨК-ді азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және өнім экспортын арттыруға бағытталған тұрақты дамыту болып табылады. Ұлттық жобаның негізгі мақсаттық индикаторларына мыналар жатады: еңбек өнімділігін 2,5 есе арттыру, ішкі нарықты әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарларымен 80% деңгейінде молықтыру, агроөнеркәсіптік кешеннің өңделген өнімдерін экспорттауды 2 есе арттыру, 1 млн ауыл тұрғынының кірісін тұрақты түрде арттыру.

Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылықтары өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы 2020 жылы, жалпылай алғанда, республика бойынша 6 271 млрд теңге құрады, бұл 2019 жылғы деңгейден 5,6% жоғары. 2020 жылы ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылықтары өнімдері өндірісінің өсуіне өсімдік шаруашылығы өнімдері өндірісінің 7,8%-ға, мал және құс союы көлемдерінің тірі салмағы 4,1%-ға, сиыр сүтін сауудың – 3,2%-ға артуы себеп болды.

2020 жылы республиканың 14 аймағында ауыл шаруашылығы өндірісі 2019 жылмен салыстырғанда өсті. Сонымен бірге, Қостанай облысында ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуіне өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірудің 29,8%-ға, еттің барлық түрлерін өндірудің 6,1%-ға, сиыр сүтінің – 2,0%-ға артуы себеп болды. Ақмола облысында ауыл шаруашылығы өнімдерінің өсуіне өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірудің 18,3%-ға, еттің барлық түрлерінің – 6,4%-ға, сиыр сүтінің – 1,7%-ға артуы ықпал етті. Павлодар

## Ауыл шаруашылығы өнімдерін шығару динамикасы




облысында ауыл шаруашылығы өнімдерінің өсуіне өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірудің 13,5%-ға, еттің барлық түрлерінің – 2,8%-ға, сиыр сүтінің – 3,3%-ға және тауық жұмыртқаларын өндірудің 2,3%-ға артуы ықпал етті.

Сонымен бірге, республикада ауыл шаруашылығы дақылдары өндірісінің жыл сайын байқалып отырған өсуі қазіргі заманғы агротехнологияларды пайдаланумен, өндірістің энергиямен жарақталуының артуымен, агротехникалық іс-шаралардың оңтайлы мерзімдерде іске асырылуымен, мемлекеттің жүйелі түрде қолдау көрсетуімен және т.б. шартталған.

Жалпы алғанда, 2020 жылы қазақстандық аграрийлер үшін табысты болды. Пандемия мен онымен байланысты шектеулерге қарамастан, диқандар мол дәнді дақыл түсімін - 21 млн тоннаға жуық астық жинап алды және оның сапасы 2019 жылға қарағанда әлдеқайда жоғары. Бұл 2016 жылы жиналған астық көлемінің рекордына ең жақын нәтиже болып табылады, ол жылы фермерлер бункерлік салмағы 23,1 млн тонна астық бастырды. Бұл Қазақстанның астық державасы болып қалып отырғанын тағы да растайды және ішкі сұранысты ғана қанағаттандырмайды – астықтың белгілі бір бөлігі экспорттала алады.

Мал шаруашылығына келетін болсақ, мал шаруашылығы өндірісінің көлеміне ықпал ететін негізгі факторлар мал басы мен оның өнімділігі, малдың жем-шөппен қамтамасыз етілуі, жемдеу рационы, малдың тұқымы, мал шаруашылығына арналған орын-жайлардың бар болуы мен мал ұстау жағдайлары болып табылады. Сонымен бірге мал басы мен оның өнімділігі өнім өндіру көлеміне тікелей тәуелді.

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда, ірі қара малдың саны 5,5%-ға артты және 7 848,5 мың бас құрады, жылқы – 9,3%-ға артып, 3 118,3 мың бас құрады, қой – 4,9% -ға артты және 17 736,3 мың бас құрады, түйе – 5,0%-ға артты және 227,2 мың бас құрады. Бұл ретте, шошқа басы бұрынғы деңгейінде қалды және 819,9 мың бас құрады, ал құс саны 3,9%-ға азайып, 43 160,0 мың бас құрады.

2020 жылғы қаңтар-желтоқсан аралығында ет өндіру 4,1%-ға артты және 2 056,1 мың тонна құрады, сүт – 3,2%-ға артып, 6 004,1 мың тонна құрады. Бұл ретте, тауық жұмыртқасының өндірісі 8,4%-ға төмендеді және 5 047,8 млн дана құрады.

Өнім өндіру көлемдерінің заттай мәніне келетін болсақ, 2020 жылы байқалған үрдіс 2019 жылғы осы кезеңмен салыстарғанда біржақты емес. Мәселен, өнімнің келесі түрлері бойынша өсу байқалды: сүт (өңделген мал сүті) пен қаймақ – 47,3%-ға (598,5 мың тонна құрады), күнбағыс майы мен оның фракциялары (рафинадталған) – 42,2%-ға (135,1 мың тонна), сары май мен сүт спрэдтері (пасталар) – 90,0%-ға (24,6 мың тонна), шикізаттық қант немесе рафинадталған құрақ қанты – 49,1%-ға (175,2 мың тонна), рафинадталмаған күнбағыс майы – 4,7%-ға (188,1 мың тонна), жаңа піскен нан – 1,0% -ға (614,2 мың тонна) өсті.

Сонымен бірге, келесі өнім түрлері бойынша өндірістің төмендеуі орын алды: ет пен тағамдық субөнімдер – 13,6%-ға (311,3 мың тонна құрады), дәнді-дақылдардан және өсімдік дақылдарынан тартылған ұн – 9,9%-ға (3 322,6 мың тонна құрады), ірі тартылған жарма, ұн мен гранулалар және басқа дәнді-дақылдардан өндірілген азық-түлік - 21,5%-ға (87,2 мың тонна құрады), макарон, кеспе, кускус және ұн өнімдері - 11,9%-ға (178,9 мың тонна).

## Ауыл шаруашылығы техникасы паркін талдау

АӨК дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, басымды мақсаттардың бірі салаларды қазіргі заманғы ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету болып табылады, өйткені ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді техникалық жарақтандыру агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың маңызды проблемасы болып қалуда. Ескі технологиялар мен ауыл шаруашылығы техникасының ескірген паркі еңбек өнімділігінің артуына және өндірісті ұлғайтуға кедергі келтіріп отыр. Тозған техниканы пайдалану ЖЖМ мен қосалқы бөлшектердің үлкен шығынына, өнім ысырабына және сапасының төмендеуіне, бұзылу және өзге де теріс салдар себебінен техниканың тұрып қалуына әкеледі. Сонымен бірге техникалық жарақтандыруды дамыту және әлемдік атқарымдарды енгізу елеулі қаржы инвестицияларын талап етеді.

ҚР АШМ деректеріне сәйкес, 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда 141,8 мың бірлік трактор және 37,0 мың бірлік комбайн бар. Сонымен бірге соңғы 5 жыл ішінде ауыл шаруашылығы техникасының негізгі түрлерінің іс жүзінде бар болу динамикасы кезең-кезеңмен төмендеп келеді.

### 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанның ауыл шаруашылығы құралымдарында ауыл шаруашылығы техникасының негізгі түрлерінің бар болуы, бірлік

| Техника түрлері | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 |
|---|---|---|---|---|---|
| Тракторлар | 152 616 | 148 301 | 147 344 | 145 224 | 141 750 |
| Комбайндар | 41 494 | 40 044 | 38 502 | 37 385 | 36 997 |
| Сығымдауыш-іріктеуіштер | 7 298 | 7 311 | 7 014 | 7 601 | 9 144 |
| Шөп шабатын машиналар | 22 401 | 22 720 | 22 438 | 22 980 | 19 567 |
| Дестелегіштер | 14 985 | 15 039 | 14 869 | 14 817 | 12 894 |
| Су бүріккіштер | 5 401 | 5 350 | 5 300 | 5 383 | 5 931 |
| Егіс кешендері | 4 097 | 3 915 | 3 900 | 4 060 | 4 302 |

* ҚР АШМ деректеріне сәйкес.

Жоғарыда келтірілген кестеден көрініп отырғандай, ауыл шаруашылығы техникасының негізгі түрлерінің іс жүзінде бар болуының теріс динамикасы ескі, қатардан шыққан, ресурсы әлдеқашан таусылған техниканың үнемі шығып отырғанын, сонымен қатар, АӨК машина-трактор паркін жаңа жоғары технологиялық техникамен жаңарту қарқынының жеткіліксіздігін көрсетеді.

Сонымен бірге, ауыл шаруашылығы техникасын пайдаланудың 7–10 жыл деңгейінде белгіленген нормативтік мерзімі оны пайдаланудың іс жүзіндегі мерзімінен әлдеқайда алшақ. Фермерлердің айналым қаражаты мен уақтылы жаңарту мүмкіндіктерінің болмауы салдарынан, техника белгіленген нормалардан 3-10 жыл артық, көбіне техникалық ресурстарының барлығы толық таусылғанша пайдаланылады.

Техника сатып алу және отандық ауыл шаруашылығы машиналарын жасау саласын дамыту жолымен саланы қазіргі заманғы ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету АӨК дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басымды мақсаттарының бірі болып табылады. Ауыл шаруашылығы техникасын жаңартудың талап етілетін деңгейі технологиялық нормалар бойынша шамамен жылына 10–12,5% құрайтынын ескере отырып, ҚазАгроҚаржының ауыл шаруашылығы техникасының паркін техниканың жекелеген түрлері бойынша жаңартуға қатысу үлесі 2020 жылдың қорытындылары бойынша 20 - 50% құрады.

## ҚазАгроҚаржының а/ш техникасын жаңартуға қатысу үлесі

| Техниканың атауы | 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай б/ша ҚР-да а/ш техникасының бар болуы, бірлік | 2020 жылы техника сатып алу, бірлік | 2020 жылы ҚазАгроҚаржының техника сатып алуы, бірлік | ҚазАгроҚаржының а/ш техникасын жаңартуға қатысу үлесі, % |
|---|---|---|---|---|
| Тракторлар | 141 750 | 4 774 | 1 996 | 41,8 |
| Астық жинау комбайндары | 36 997 | 1 182 | 539 | 45,6 |
| Дестелегіштер | 12 894 | 303 | 160 | 52,8 |
| Тұқым сепкіштер | 73 226 | 1 359 | 346 | 25,5 |
| Егіс кешендері | 4 302 | 260 | 130 | 50,0 |
| Барлығы, өзге техниканы есепке алмағанда | 269 169 | 7 878 | 3 171 | 25,5–52,8 |



## АШТӨ техника сатып алу динамикасы




2020 жыл ішінде республиканың АШТӨ 232,9 млрд теңге саомасына 15,3 мың бірлік техника сатып алды, бұл 2019 жылға қарағанда сандық мәнде 27,5%-ға және ақшалай мәнде 26%-ға көп. Сонымен бірге, отандық аграрийлер 2020 жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы сатып алған барлық техника түрлері бойынша үлестік салмақ ауыл шаруашылығы техникасын сатып алудың республика бойынша жалпы көлемінде заттай мәнде 39,5% (15 323 бірліктің 6 056 бірлігі), ал ақшалай мәнде – 47,2% (232,9 млрд теңгенің 110,0 млрд теңгесі) құрайды.

## Облыстар бойынша техника сатып алу*

| Облысы | 2020 | | 2019 | |
|---|---|---|---|---|
| | Саны, бірл. | Сомасы, млрд теңге | Саны, бірл. | Сомасы, млрд теңге |
| Ақмола | 2 003 | 46,9 | 1 904 | 38,6 |
| Ақтөбе | 867 | 8,8 | 629 | 6,2 |
| Алматы | 948 | 8,8 | 760 | 9,1 |
| Атырау | 213 | 1,0 | 105 | 0,48 |
| Шығыс Қазақстан | 1 229 | 15,1 | 1 259 | 17,6 |
| Жамбыл | 1 198 | 6,3 | 611 | 5,7 |
| Батыс Қазақстан | 1 353 | 9,6 | 1 245 | 7,6 |
| Қарағанды | 1 178 | 13,8 | 886 | 10,5 |
| Қостанай | 1 614 | 31,2 | 1 311 | 25,1 |
| Қызылорда | 263 | 11,0 | 124 | 4,4 |
| Павлодар | 1 179 | 19,8 | 770 | 16,9 |
| Маңғыстау | 34 | 0,1 | 3 | 0,22 |
| Солтүстік Қазақстан | 2 085 | 51,0 | 1 896 | 37,2 |
| Түркістан | 1 159 | 9,7 | 519 | 5,4 |

* ҚР АШМ деректеріне сәйкес.

ҚазАгроҚаржы арқылы лизингке берілген техниканың құрылымын талдау, техникаға сұраныс АШТӨ бизнесінің көлеміне (егін себу алаңы), бизнес түріне (мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы) және қандай да болмасын техниканың қажетті өндірістік көрсеткіштеріне қарай қалыптастырылатынын көрсетеді.

Егін егу алқаптары үлкен анағұрлым ірі клиенттер алыс шетелде өндірілген, қуаттық көрсеткіштері жоғары техника сатып алғанды артық көреді. Орта және ұсақ АШТӨ, сонымен қатар, мал шаруашылығы фермалары Қазақстанда және ТМД елдерінде шығарылған, өндірістік көрсеткіштері бойынша алыс шетелдің техникасынан қалыс техниканы сатып алады.

## Бизнес түріне байланысты а/ш техникасына сұраныс

| Ұсақ және орта шаруашылықтар | Ірі шаруашылықтар | Мал өсірушілер |
|---|---|---|
| Егіс алқабы дейін < 5 000 га | Егіс алқабы дейін > 5 000 га | Егіс алқабы дейін, жайылым < 1 000 га |
| Өткізу нарығы **Ішкі нарыққа бағдарланушылық** | Өткізу нарығы **Экспортқа бағдарланушылық** | Өткізу нарығы **Өзінің жем-шөп қорын қамтамасыз ету үшін** |
| маусым ішіндегі өндіру нормасы 600 га | маусым ішіндегі өндіру нормасы 2 000 га | **Мал шаруашылығы фермасына қызмет көрсетуге арналған техника** |
| **Шағын және орта қуатты техникаға** сұраныс | **Қуаты жоғары техникаға** сұраныс | **Қуаты төмен техникаға және агрегаттарға** сұраныс |
| Негізгі өнім берушілер: **Қазақстан және ТМД елдерінің өндірушілері** | Негізгі өнім берушілер: **Алыс шетел өндірушілері** | Негізгі өнім берушілер: **Қазақстан, Белоруссия өндірушілері** |

Ауыл шаруашылығы техникасын жеткізушілердің қазақстандық құрылымында бүгінгі таңда әлемдік, сол сияқты отандық өндірушілер бар. Әлемдік өндірушілерге жататындар: Ростсельмаш (Ресей), Гомсельмаш, Минск трактор зауыты, Бобруйскагропроммаш (Беларусь), John Deere, Case IH, New Holland (США), CLAAS (Германия) және басқалары. Олар ауыл шаруашылығы техникасының құрылымындағы қатысу форматымен ерекшеленеді. Ресейлік және беларустық өндірушілер шығарылатын техниканы жергіліктендіру кезең-кезеңмен арттырылатын құрастыру өндірістерін ұйымдастырды. Алыс шетел елдерінің өндіруші компанияларына келетін болсақ, олар шығарылатын техниканы сатуды эксклюзивті дистрибьюторлар немесе дилерлер арқылы жүзеге асырады.

Ірі отандық өндірушілер – шетелдік серіктестермен бірлескен «СемАЗ» ЖШС, «АгромашХолдинг KZ» АҚ, «Kazrost Engineering Ltd» жеке компаниясы, «Дон Мар» ЖШС, «AVAGRO» ЖШС, «Қазақстан АгроИнновациялық Корпорациясы» ЖШС, «Фирма «ДАФА» ЖШС және «Қостанай трактор зауыты» ЖШС сияқты кәсіпорындар болып табылады.

20 жыл қызмет атқарған кезеңі ішінде ҚазАгроҚаржы ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының әлемдегі жетекші өнім беушілерімен: Eurasia Group AG (Швейцария), CT AGRO GmbH (Германия), Lackaj Import-Export-Transporte (LIET) (Германия), BHK Agro AG (Швейцария), Techsystems KFT (Венгрия), сол сияқты жақын шетелдегі өнім берушілермен: «Торговый Дом «Белорусский Трактор» ЖШС, «Сибзавод Агро» ЖШҚ (Ресей) ұзақ мерзімді қарым-қатынас орнатты. ҚазАгроҚаржы лизинг нысаналарын тек тікелей дайындаушы-зауыттардан немесе ресми дилерлерден ғана сатып алады.

Ұзақ уақыт бойы Компания отандық машина жасау саласының «Агромашхолдинг» АҚ, «СемАЗ» ЖШС, «Kazrost Engineering» жеке компаниясы, «ҚАИК» ЖШС, «ДАФА» фирмасы ЖШС (Қазақстан ), «Дон Мар» ЖШС, «Қостанай трактор зауыты» ЖШС, «AVAGRO» ЖШС сияқты негізгі өкілдерімен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді.

ҚазАгроҚаржыдағы отандық өндіріс техникасы лизингінің үлесі айтарлықтай өсті және лизингтің 2020 жылғы жалпы көлемінің 39%-ын құрады. Бұл деңгей Компанияның «Қазақстанда жасалған» жаңа бағдарламасын іске асыруын қамтамасыз етті.

АШТӨ-нің қажетті техника көлемін өз бетінше сатып алу үшін жеткілікті қаражат проблемасын, сонымен қатар олардың кредит төлеуге қабілетінің төмендігін және елдегі кредиттік мөлшерлемелердің жоғарылығы бұны тереңдетіп отырғанын ескеретін болсақ, ауыл шаруашылығы техникасын жаңартуды қаржыландыру механизмдерін одан әрі дамыту бойынша шаралар қажет және лизинг бұл міндетті шешетін тиімді құрал болып табылады. Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын жаңартудың қарқынын арттыру мақсатында Компания тұтынушылардың сұранысына бағытталған жаңа азық-түлік бағдарламаларын енгізуді, сонымен қатар қолданыстағы қаржыландыру шарттарын жақсартуды жүзеге асыруда.

# ЛИЗИНГ НАРЫҒЫН ТАЛДАУ

**Лизинг негізгі қорларды жаңартудың тиімді құралы болып табылады және әлемдік іс-тәжірибеде белсенді түрде қолданылады. Қазақстанда лизингтік қызмет Қазақстан Республикасының «Қаржы лизингі туралы» 2000 жылғы 5 шілдедегі № 78-II Заңымен, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен (Ерекше бөлігі) және Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексімен реттеледі.**

Қазақстанда лизинг нарығы әлі де болса бастапқы даму сатысында тұр, оны қатысушылардың салыстырмалы түрдегі аз саны (шамамен 30 белсенді компания), шағын көлемдері мен мәмілелер санының аздығы ерекшелендіреді.

Нарықтың дамуын тежейтін басты факторлардың арасында қаржыландырудың осы түрінің мүмкіндіктері туралы ықтимал клиенттердің хабардарлығының аздығын және лизингтік компанияларды қорландыру проблемаларын бөліп көрсетуге болады.

Қазақстанда лизингтік қаржыландыру соңғы жылдары экономиканы қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламалар бойынша елеулі шамада дамуда. Сонымен бірге, ауыл шаруашылығында лизинг анағұрлым сұранысқа ие. Бір жағынан, бұл саланы коммерциялық банктердің тәуекелі жоғары және өндірістік циклі ұзақ, кредитор үшін ыңғайсыз деп есептеп, зауықсыз кредиттейтіндігімен байланысты.

Лизингтік қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындарды Ұлттық статистика бюросы жүргізетін тексерудің деректері бойынша, 2020 жылы қаржы лизингі шарттарының жалпы құны 460,5 млрд теңге құрады және 2019 жылмен салыстырғанда 1,4 есе өсті. Қаржыландыру үшін анағұрлым тартымды салалар: көлік саласы және қоймаға жинау – қаржы лизингі шарттарының жалпы құнының 32,1%-ы және ауыл, орман және балық шаруашылығы – 27,7%.

## Қаржы лизингі шарттарының жалпы құны, млрд теңге



Сонымен бірге ағымдағы лизинг портфелі республика бойынша жалпы алғанда 2020 жылдың аяғында 876,9 млрд теңге құрады, ал қаржы лизингі бойынша алынған лизингтік төлемдердің көлемі 225 млрд теңгеге жетті. Қаржыландыру көздерінің құрамында 2020 жылы тартылған қаражаттың үлестік салмағы ең көп болып табылады – 70,3% және де бұл көрсеткіштің ішінде қарыз құралдарының үлесі ең үлкен болып, 47,2% құрады.

Сонымен бірге, ҚазАгроҚаржы ауыл шаруашылығы техникасы саласындағы негізгі лизинг беруші болып табылады. 2020 жылы АӨК саласындағы лизингтік мәмілелер нарығының сыйымдылығы 127,5 млрд теңге құрады, олардың 110,0 млрд теңгесі ҚазАгроҚаржы үлесіне тиесілі, бұл Қазақстан бойынша АӨК-дегі лизингтің жалпы көлемінің 86,2%-ын құрайды.

2020 жылдың басында Қазақстанда шамамен 30 жұмыс істеп тұрған лизингтік компания болды. Екі лизингтік компания мемлекетке тиесілі, қалғандары жеке компаниялар, олардың 8-і екінші деңгейдегі банктердің еншілес компаниялары болып табылады.

Қаржыландыру шарттарына келетін болсақ, ең ұзақ лизинг мерзімдерін ұсынатындар: «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – «ӨДҚ» АҚ») – әуе көлігіне 20 жылға дейін және «ҚазАгроҚаржы» АҚ – ауыл шаруашылығы техникасына 10 жылға дейін. Орташа алғанда, барлық компаниялар 3-тен 5 жылға дейінгі мерзімге қаржыландырады. Клиент үшін ең пайдалы мөлшерлемелерді – жылдық 6% – «ҚазАгроҚаржы» АҚ («Қазақстанда жасалған» бағдарламасы бойынша) және «ӨДҚ» АҚ («Трактор мен комбайн лизингі» бағдарламасы бойынша, сол сияқты бастапқы жарнасыз алу мүмкіндігі бар) ұсынады. Ең қымбат мөлшерлемелер «Аль Сакр Финанс» АҚ-та – 19%-дан бастап, «БЖК-2020» бағдарламасы бойынша, бағдарлама шарттарына сәйкес келетін жобалар үшін пайда мөлшерлемесін жылдық 7% - 10% аралығында субсидиялау мүмкіндігімен белгіленген.

Аванс мөлшері бойынша ең пайдалы шарттарды «ҚазАгроҚаржы» АҚ «Сенімді фермер» бағдарламасының шеңберінде және «ӨДҚ» АҚ «Трактор мен комбайн лизингі» бағдарламасының шеңберінде ұсынған – аванс талап етілмейді. Аванстың ең көп мөлшері (30%-дан бастап) – «ӨДҚ» АҚ «Автокөлік лизингі» бағдарламасы бойынша. Орташа алғанда, компаниялар бастапқы жарнаны 15–20% мөлшерінде белгілейді. Қамтамасыз етуге келетін болсақ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ және «ӨДҚ» АҚ қаржыландыру бағдарламалары бойынша, сонымен қатар «Лизинг Групп» АҚ және «ТехноЛизинг» АҚ серіктестік бағдарламалары бойынша қамтамасыз ету талап етілмейді. «Даму» және «Бизнестің жол картасы» бағдарламаларының құралдары арқылы мемлекеттік қолдаудың кеңінен таралуы арқасында, лизинг нарығының ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының лизингі бойынша арнайы бағдарламалары бар ойыншыларының саны айтарлықтай өсті. Мәселен, 2020 жылдың аяғында мұндай компаниялардың саны 10-ға тарта болды («ҚазАгроҚаржы» АҚ, «ӨДҚ» АҚ (бұрынғы «ҚДБ Лизинг»), «Лизинг Групп» АҚ және «ТехноЛизинг» ЖШС, «Аль Сакр Финанс» АҚ («Лизинг БК» АҚ құқық мұрагері), «Қазақстан Иджара Компаниясы» АҚ («KIC Лизинг»), соның ішінде 4 – екінші деңгейдегі банктердің еншілес компаниялары (Қазақстанның Халық Банкінің еншілес компаниясы «Halyk LEASING», «ForteLeasing» АҚ (ФортеЛизинг)», «Нұрбанк» АҚ ЕҰ «Нұр Лизинг» лизингтік компаниясы» ЖШС, «Al Hilal» Ислам Банкі» АҚ).

«ӨДҚ» АҚ және «ҚазАгроҚаржы» АҚ ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының лизингі нарығында қаржыландырудың анағұрлым қолайлы шарттарын: әртүрлі азық-түлік бағдарламаларының шеңберінде клиенттер үшін ұзақ лизинг мерзімі мен икемді шарттар ұсынады: мөлшерлемесі жылдық 6%, авансы төмен және қаржыландыру мерзімі ұзақ.

Сонымен, қаржыландыруды ұсыну шарттарының артықшылықтары, сонымен қатар осы салада жеткілікті түрде үлкен жұмыс тәжірибесі бар компаниялар бұрынғыша лизинг нарығының көшбасшылары болып қалып отыр. Бұдан басқа, лизинг саласына экономиканы қолдау бойынша, бірінші кезекте АӨК, өнеркәсіп, шағын және орта бизнес салаларындағы мемлекеттік бағдарламалар айтарлықтай ықпал етуін жалғастыруда, өйткені мемлекеттік қолдау көбінесе лизингтік қаржыландыру арқылы жүзеге асырылады.

**Қазіргі уақытта, 2014 жылдан бастап бюджеттік инвестициялардың болмауына қарамастан, АӨК-нің лизинг нарығында «ҚазАгроҚаржы» АҚ сөзсіз көшбасшы болып қалуда. «ҚазАгроҚаржы» АҚ бағдарламалары негізгі борышты маусымдық төлеу кестесінің, ұзақ лизинг мерзімінің, сол сияқты төмен аванс мөлшерінің арқасында (төлем астық жиналғаннан кейін жылына бір рет) фермерлер үшін артықшылықты болып табылады.**



**«ҚазАгроҚаржы» АҚ лизингтік қаржыландыруының аграрийлер үшін негізгі артықшылықтары:**

- лизингті қаржыландырудың анағұрлым икемді шарттары мен схемалары. Лизингті рәсімдеу кезінде қосымша кепіл талап етілмейді, өйткені лизинг нысанасының өзі қосымша кепіл болады;
- шарттары агробизнес ерекшелігіне ыңғайландырылып қалыптастырылған. Компанияда негізгі борышты көктемгі егіс жұмыстары мен астық жинау жұмыстарының маусымдылығы ескеріле отырып, икемді өтеу кестесі қарастырылған, негізгі борышты төлеу астық жиналғаннан кейін, жылына бір рет жүзеге асырылады;
- лизингті қаржыландыру мерзімдері ұзақ, бұл клиенттер үшін ыңғайлы, өйткені олардың жобаларының өтелімділігі көбіне ұзақ мерзімді. Бұдан басқа, кепілдік қамтамасыз етудің болмауы, жеңілдік кезеңі, аванстық төлем мөлшерінің төмендігі Компанияның артықшылықтары болып табылады. Сонымен бірге, аймақтардың кеңінен қамтылуы (16 филиал) маңызды және негізгі фактор болып табылады, Қазақстанның басқа бірде-бір лизингтік компаниясы мұны қамтамасыз ете алмайды;
- салықтық артықшылықтардың[3] бар болуы да лизингтік қаржыландыру схемасын таңдауға ықпал етеді.

[3] «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодекстің (Салық кодексі) 197-бабы.

# PEST-ТАЛДАУ

**Компанияның қызметіне тікелей немесе жанама түрде әсер етуі мүмкін макроорта факторларын бағалау үшін, негізгі саяси, экономикалық, әлеуметтік және технологиялық факторларды PEST-талдау келтірілді.**

## Саяси факторлар

### Мүмкіндіктер

**Мемлекеттің ауыл шаруашылығын дамыту бойынша мақсатқа бағытталған саясаты.** АӨК дамытудың мемлекеттік бағдарламасы ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді мемлекеттік қолдаумен барынша қамтуға және ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған ұлттық жобасы әзірленуде, оның негізгі мақсаты АӨК-ді азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен өнімдерді экспорттауға бағытталған тұрақты дамыту болып анықталған.

**«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ қосу жолымен біріңғай даму институтын құру.** ҚазАгроҚаржының Бәйтерек холдингінің еншілес ұйымдарының құрамына енуі корпоративтік басқарудың үздік іс-тәжіриесіне қолжетімділікті, сол сияқты капиталдың сыртқы нарықтарында инвестициялардың анағұрлым пайдалырақ шарттармен қосымша құйылуын қамтамасыз ете отырып, Компанияның дамуына оң ықпал етеді.

**Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа қатысуы.** тандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің Еуразия экономикалық одағына қатысушы елдердің біріккен нарығына шығу мүмкіндігі бар.

### Қатерлер

**Пандемия салдарының Қазақстан экономикасына және жалпы әлемдік экономикаға теріс әсері.** Коронавирустық пандемия кезінде карантиндік шаралардың енгізілуіне байланысты, сұраныс пен ұсыныс ел ішіндегі және шетелдегі карантиндік шаралармен, сонымен қатар шекаралардың жабылуымен бәсеңдеді, бұл көршілес елдермен халықаралық сауда мен экспорттық байланыстардың күрт төмендеуіне себеп болды.

**Мемлекеттік саясатқа тәуелділік.** Еншілес компаниялар санын екі есе азайту және штаттық санын түзету жолымен іске асырылған екі холдингті біріктіру туралы шешім қабылдау Компанияда АӨК саласында қызмет көрсету көлемінің азаюына, сол сияқты саладағы білікті мамандардың бір бөлігінің кетуіне әкелуі мүмкін.Сонымен қатар, Үкіметтің кеңінен реттеушілігі ұзақ мерзімді келешекте отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің арқа сүйеушілік жағдайын дамытуға ықпал етуі мүмкін.

**Дамыған елдердегі орталық банктердің ақша-кредит саясатының белгісіздігі.** 2020 жылы пандемия жағдайында бүкіл әлемдегі орталық банктер негізгі әрекеттерді қаржы жүйесінің өтімділігін қамтамасыз етуге бағыттап, ақша-несие саясатын қайта қарады. 2020 жылдың маусымындағы жағдай бойынша, экономикасы дамыған көптеген ірі елдерде мөлшерлемелер нөлге тең немесе нөлден төмен болғандықтан, болашақта одан әрі қарай да дәстүрлі емес шаралар қабылдау ықтималдылығы жоғары.

**Қазақстанда іске асырылып отырған жобалардың төмен инвестициялық тартымдылығы.** Негізгі шектеу факторларына мыналарды жатқызуға болады: заңнаманың тұрасыздығы (ретеу қағидаларының үнемі өзгеріп отыруы), жобаларды іске асыру үшін жеткілікті инфрақұрылымдық жағдайлардың болмауы, жүк ағындарының жеткіліксіз көлемі, халықаралық маршруттық дәліздердің нашар дамуы және т.б.

**Қазақстан Республикасының салық заңнамасына лизинг үшін қарастырылған салық жеңілдіктерін алып тастауға қатысты өзгерістер.** Лизинг берушілер үшін қолданыстағы корпоративтік табыс салығы бойынша, сонымен қатар, лизинг операциялары бойынша ҚҚС есептеу және төлеу бойынша жеңілдіктердің күшін жою инвестициялық ахуалдың айтарлықтай нашарлауына, шетелдік инвесторлардың шығынына әкелуі мүмкін, сол сияқты әлеуетті лизинг алушылар үшін де, лизинг берушілер үшін де лизингті экономикалық тұрғыдан тартымсыз етуі мүмкін. Мұның салдары – ШОБ-тың даму қарқынының баяулауы, моральдік және физикалық тұрғыдан ескірген жабдықтар үлесінің артуы, сонымен қатар қаржы институты ретінде Қазақстанда лизингтің жалпы жоғалуы.

Талдау мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуі, шикізат қорымен қамтамасыз етілгендік, жаңа технологияларды енгізу және технологиялылық деңгейін көтерудің барлығы қосылып, Компания қызметінің және жалпы саланың дамуына оң әсер ететін жүйе құраушы факторлар болып табылатынын көрсетеді.

## Экономикалық факторлар

### Мүмкіндіктер

**Қолайлы инвестициялық бизнес-климат.** Ауыл шаруашылығында негізгі капиталға салынатын инвестициялардың соңғы 3 жыл ішінде өсу үрдісі байқалады. 2020 жылдың қорытындылары бойынша олар 573,2 млрд теңге құрады және бір жыл ішінде 15%-ға өсті.

**Ресурстармен жеткілікті түрде қамтамасыз етілгендік.** Ұлан-байтақ жер аумағының арқасында Қазақстанның АӨК ауыл шаруашылығы мақсаттарындағы жерлермен, сонымен қатар тұрақты шикізат базасының жеткілікті қорымен қамтамасыз етілген.

**Саланы мемлекеттік субсидиялау.** Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларына сәйкес, мемлекет ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің инвестициялық салымдарын және сыйақысының бір бөлігін субсидиялайды.

**ЖІӨ-нің жыл сайын өсуі.** Қазақстан экономикасының жыл сайын өсуі ауыл шаруашылығы өндірісін ұлғайту үшін қолайлы жағдай жасайды.

### Қатерлер

**Карантиннің экономикалық салдары,** 2020 жылдың басында елде төтенше жағдай режимінің енгізілуі мен осыған байланысты шектеу шараларының салдарынан клиенттердің төлем қабілеттілігі төмендеді.

**Ауыл шаруашылығы саласы тәуекелінің жоғары деңгейі.** Өсімдік шаруашылығы саласының ауа-райы және климаттық жағдайларға, ал мал шаруашылығының – эпизоотия тәуекелдеріне жоғары дәрежеде тәуелділігі, ауыл шаруашылығының қайта өңделетін өнімдері логистикасының мықтап жолға қойылмағандығы, ел ішіндегі логистикалық бағыттардың ұзақтығы, сол сияқты экспорттық бағыттар логистикасының күрделілігі, өткізу нарықтарының шектеулі болуы, дайын өнімдер бағасының әкелу және сауда баждарын енгізуге тәуелділігі.

Фермерлер қызметінің табыстылығы тәуелді болып табылатын тыңайтқыштардың, жем-шөптің, ветеринариялық дәрі-дәрмектердің және энергия ресурстарының **сыртқы және ішкі бағаларының тұрақсыздығы.**

**Ауыл шаруашылығы техникасына кәдеге жарату ақысын енгізу** техника құнының артуына және АШТӨ-нің қуаттырақ техника сатып алу қабілетінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

## Әлеуметтік-демографиялық факторлар

| Мүмкіндіктер | Қатерлер |
| --- | --- |
| Халық санының артуы жағдайларында **ауыл шаруашылығы өнімдерін қажетсінудің тұрақты сипаты** аграрлық секторда ауыл шаруашылығының органикалық өнімдерін өндіруге және өткізуге ерекше көңіл аударумен ұзақ мерзімді өсу трендінің сақталу алғышарттарын құрады.<br><br>**Халықтың ауыл шаруашылығы өнімдерін тұтынуының негізгі үрдістері,** бұл салауатты тамақтануды насихаттаумен, халық арасында органикалық өнімдерді дәріптеумен, сонымен қатар ауылдық жердегі халықтың елеулі үлесімен байланысты.<br><br>**Мемлекеттің кәсіпкерлікті дамытуға ерекше көңіл аударуы.** Мемлекет ауыл кәсіпкерлерін шаруашылық жүргізудің жаңа машықтарына жаппай оқытуды қарастырған. Бұдан басқа, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының шеңберінде ауылдық елді мекендердегі шағын бизнесті несиелеудің қолжетімділігін қатамасыз ету бойынша шара қарастырылған.<br><br>**Білім берудің жоғары деңгейі.** Бұл фактор ұйымды жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету үшін маңызды. Қазақстанда мемлекеттік аграрлық университеттер жұмыс істейді, олар АӨК әртүрлі салаларындағы кәсіпорындарда жұмыс істеу үшін жыл сайын мамандар шығарады. | **Табыстың төмен деңгейі.** Дәрстүрлі түрде ауыл шаруашылығы жұмыскерлерінің орташа айлық номиналды жалақысының деңгейі төмен болып табылады, ол экономикалық қызметтің барлық түрлеріндегі жұмыскерлердің орташа айлық номиналды жалақысы деңгейінің, орташа алғанда, шамамен 70%-ын құрайды және жылдан жылға нашар өсу динамикасын көрсетіп отыр.<br><br>**Ауылдан тұрғын халықтың кетуі.** Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, соңғы жылдары ел ішінде ауылдық көші-қон бойынша теріс сальдо байқалады. ҚР ҰЭМ атап көрсеткендей, Қазақстанда урбандалу деңгейі Орталық Азия елдерінің ішінде жоғары – 58,2%, бірақ бұл көрсеткіш 77% құрайтын ЭЫДҰ елдеріне қарағанда төмен.<br><br>**Маусымдылық.** Ауыл шаруашылығы жұмыстарын орындау үшін әртүрлі маусымдарда әртүрлі еңбек көлемі қажет етіледі. Мұның нәтижесінде жұмыс күшін қажетсінудің біркелкісіздігі туындайды. Маусым кезеңінде 1,4 млн адам, ал қалған уақытта –1,2 млн шамасында адам жұмыспен қамтылады. |

## Технологиялық факторлар

| Мүмкіндіктер | Қатерлер |
| --- | --- |
| **Мемлекеттің жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізуге ынталандыруы.** Мемлекет агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындарында анротехнологияларды цифрландыру мен инновациялық технологияларды енгізуге, технологиялық процестерді автоматтандыруға, сонымен қатар ғылыми зерттеулер жүргізуге ықпал етеді.<br><br>**Отандық ауыл шаруашылығы өндірісінің технологиялық деңгейін жоғарылату** ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің сұраныстарын арттыруы мүмкін. | **Материалдық-техникалық базаның ахуалы.** Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының жартысынан көбі амортизация мерзімдерінен асырыла пайдаланылады. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараты бойынша, бүгінгі таңда АШТӨ меншігіндегі тракторлар мен комбайндардың пайдалану мерзімі 10 жылдан асады.<br><br>**Отандық ауыл шаруашылығы машинасын жасаудың технологиялық артта қалғандығы және шетелдік технологияларға тәуелділік.** Отандық өндірушілерде Қазақстанның климаттық және географиялық жағдайларына бейімделген қазіргі заманғы технологиялардың болмауы. |

# SWOT-ТАЛДАУ

**Осы SWOT-талдау Компания қызметінің күшті және әлсіз жақтарын, сонымен қатар Компания қызметі үшін қолдағы бар мүмкіндіктер мен қатерлерді көрсетеді.**

Күшті жақтарға АӨК-де лизинг және кредиттеу саласында жұмыс істеу мол тәжірибені, жоғары құзыреттілік пен білікті кадрлар құрамын, тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін, корпоративтік басқарудың жоғары деңгейін жатқызуға болады. Әлсіз жақтары бюджеттік қорландырудың болмауы, лизинг процесін автоматтандырудың жеткіліксіздігі болып табылады.

Жүргізілген SWOT-талдау қорытындылары Компанияның белсенді түрде қызмет атқаруы үшін және лизингтік қызметте көшбасшылық позицияны ұстап тұруы үшін мүмкіндіктер беретін басымды күшті жақтары бар екенін көрсетеді.

Алайда, кредиттік портфельді бір салада шоғырландыру Компанияның тәуекелдерді үнемі мониторингтеп отыруын және қаржыландыру шарттарын ұсыну тұрғысынан икемділік көрсетуін талап етеді.

### Күшті жақтары

1. АӨК лизинг және кредиттеу саласындағы үлкен тәжірибе.
2. Лизингтік қызмет көрсетудегі жоғары құзыреттілік және білікті кадрлар құрамы.
3. Бүкіл ел бойынша филиалдардың кең желісі.
4. Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының отандық және әлемдік өндірушілерімен жолға қойылған әріптестік қатынастар.
5. Компанияны корпоративтік басқарудың жоғары деңгейі.
6. Компания тәуекелдерін басқарудың тиімді кешендік жүйесінің болуы.
7. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін танымал бренд.
8. Клиенттер санының оң динамикасы.
9. Қорландыру көздерінің әртараптандырылған портфелі мен ішкі және халықаралық нарықтарда қарыз құралдарын тарту бойынша елеулі тәжірибесі.

### Әлсіз жақтары

1. Қарыз портфелін экономиканың бір саласында шоғырландыру.
2. Бюджеттік қорландырудың болмауы салдарынан лизинг өнімдеріне жоғары сыйақы мөлшерлемесі.
3. Лизинг процесін автоматтандырудың жеткіліксіз деңгейі.
4. Саяси шешімдердің қабылдануына жоғары дәрежеде тәуелді болу.
5. Салалық министрліктен алшақтық пен байланысты жоғалту, талдау мен сараптама жүргізген кезде қате шешімдер қабылдау тәуекелдеріне әкеледі.

### Мүмкіндіктер

1. АӨК мемлекеттік қолдау деңгейін, соның ішінде машина-трактор паркін жаңарту мәселелері жағынан арттыру.
2. Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын жаңартуда қанағаттандырылмаған сұраныстың болуы, тиісінше инвестицияларды ұлғайту мүмкіндігі.
3. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің Компания қызметімен қамтылмаған елеулі санының бар болуы.
4. Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын жаңартуда АӨК субъектілері үшін үздік әріптес ретінде позицияланатын «ҚазАгроҚаржы» АҚ брендін күшейту.
5. Клиенттердің өтінімдерін қарау бойынша бизнес-процестерді жақсарту, соның ішінде техника лизингіне берілген өтінімдерге онлайн қызмет көрсетуге көшу.

### Қатерлер

1. АӨК саласындағы кредиттік өнімдер бойынша инвестициялық салымдарды және/немесе сыйақы мөлшерлемесін мемлекеттік субсидиялауға бөлінетін ақша қаражатының жеткіліксіздігі.
2. А/ш техникасының лизингі нарығында квазимемлекеттік сектордың екінші субъектісінің пайда болуы, бұл бұрыс бәсекелестік тудырады.
3. Клиенттердің лизингтік төлемдерді өтеу бойынша жоспарлық көрсеткіштерінің төмендеу тәуекелі, сонымен қатар пандемиямен байланысты шектеу шараларын енгізу нәтижесінде техникаға сұраныстың төмендеуі.

# ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУ

**2020 жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2020–2029 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыруды жүргізді, онда 2 стратегиялық бағыт шеңберінде 11 міндет және 4 мақсат, сол сияқты қызметтің 9 негізгі көрсеткіштері бойынша нәтижелерге қол жеткізу белгіленген.**

Мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін және Даму стратегиясының тиімді іске асырылуын бақылау үшін, 2020 жылға арналған Іс-шаралардың операциялық жоспары әзірленді.

## 1-стратегиялық бағыт.

### Техникалық және технологиялық жарақтандыру арқылы АӨК-нің бәсекеге қабілеттілігін дамытуға жәрдемдесу

**1-мақсат:**
**ауыл шаруашылығында техникалық жарақтандыру мен экспорттық әлеуетті дамыту.**

| ҚНК | 2019 (нақты) | 2020 (жоспар) | 2020 (нақты) | 2021 (жоспар) | 2029 (жоспар) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары лизингінің көлемі, млрд теңге | 98,5 | 75 | 110 | 85 | 120 |
| 2. Қаржыландырылған инвестициялық жобалар бойынша еңбек өнімділігі, 1 жұмыскерге мың теңге | – | 3 250 | 3 841 | 3 350 | 4 450 |
| 3. Компания қаржыландырған жобалар бойынша өнімдерді экспорттау көлемі, млн АҚШ долл. | – | 23,5 | 28,1 | 30 | 36 |

* «Қаржыландырылған инвестициялық жобалар бойынша еңбек өнімділігі» және «Компания қаржыландырған жобалар бойынша өнімдерді экспорттау көлемі» стратегиялық ҚНК Компанияның бұрын қолданыста болған 2017–2026 жылдарға арналған Даму стратегиясында жоспарланбаған болатын.

### 1-міндетті іске асыру.
### Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының лизингі бойынша инвестициялар көлемін арттыру.

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, Компания көрсететін қызметтермен қамтылған пайдаланушылардың саны 8 263 клиент құрады, бұл 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша көрсеткіштен (7 666 бірлік) 597 бірлікке көп.

2020 жылы Компания 6 056 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сатып алуды қаржыландырды. Техника лизингі бойынша қаражатты игеру 2021 жылғы 1 қаңтарға 110,0 млрд теңге немесе 2019 жыл деңгейінің (98,5 млрд теңге) 111,7%-ын құрады.

Компанияның Даму стратегиясында 2020 жылға 75 млрд теңге жоспарланған болса, іс жүзінде орындау 146,7% құрады. Бұл көрсеткіштің жоспарланғаннан жоғары орындалуы техниканы қаржыландыруға өтінімдердің көп түсуімен байланысты, бұған техникаға субсидиялардың берілуі және қаржыландыру шарттары жеңілдетілген (төмен мөлшерлеме, аванс жоқ және т.б.), сол сияқты отандық техника лизингіне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен ақша қаражатының бөлінуі себеп болды.

### 2-міндетті іске асыру.
### АӨК саласында экспорттық әлеуетті дамытуға және еңбек өнімділігін арттыруға жәрдемдесу.

2020 жылдың қорытындылары бойынша, Covid-19 коронавирус инфекциясының таралуымен байланысты пандемияға қарамастан, Компания клиенттері еңбек өнімділігі мен экспорт көлемінің жоспарланған деңгейіне қол жеткізілуін қамтамасыз етті. Мәселен, қаржыландырылған инвестициялық жобалар бойынша еңбек өнімділігі 1 жұмыскерге 3 841 мың теңге немесе жоспарлық мәнінің 118%-ын құрады. Есептеу инвестициялық жобалар бойынша қарыз алушылардың деректері негізінде жасалды. Экспортталатын өнімдердің көлемі ақшалай мәнінде 28,1 млн АҚШ долларын, жоспардағыдан орындау – 119,6%. Экспорт көлемі заттай мәнінде 64 ІҚМ басын, сонымен қатар 53 852,4 өзге өнімдерді құрады.

## 2-мақсат:
## Лизинг қызметтерін көрсетуді жетілдіру және дамыту.

| ҚНК | 2019 (нақты) | 2020 (жоспар) | 2020 (нақты) | 2021 (жоспар) | 2029 (жоспар) |
|---|---|---|---|---|---|
| **4.** Қаржыландырудың негізгі процестерін автоматтандыру деңгейі, % | – | 30 | 30 | 60 | 100 |

* «Қаржыландырудың негізгі процестерін автоматтандыру деңгейі» стратегиялық ҚНК Компанияның бұрын қолданыста болған 2017–2026 жылдарға арналған Даму стратегиясында жоспарланбаған болатын.

### 1-міндетті іске асыру.
### Лизингтік қызметтің сапасын және қол-жетімділік деңгейін жоғарылату.

АӨК субъектілеріне қолдау көрсету мақсатында өтінім берушілердің барынша аз құжаттар топтамасы бойынша скоринг негізінде қаржыландыруға берілген өтініштерді жеңілдетілген және жеделдетілген түрде қарау бойынша «Экспресс-Лизинг» қызметі өзектендірілді, сонымен қатар қызмет аясы кеңейтіліп, өтінім бойынша лимит ұлғайтылды. Мәселен, осы қызмет көрсету бойынша өзгерістерге сәйкес, өз қызметтерін өсімдік шаруашылығында жүзге асыратын клиенттер ғана емес, сол сияқты ет бағытындағы мал шаруашылығымен айналысатындар да қаржыландыру ала алады. Өтінім бойынша лимит бір өтінім берушіге 100 млн теңгеден 150 млн теңгеге дейін ұлғайтылды. Бұдан басқа, қаржыландыруға берілетін құжаттардың тізбесі қайта қаралып, клиенттердің өтінімдерін электрондық құжаттар негізінде қарау мүмкіндігі ұсынылды.

### 2-міндетті іске асыру.
### Компания өнімдерінің желісін дамыту, соның ішінде қаржыландырудың жаңа бағыттарын енгізу жолымен дамыту.

**Компания қаржыландырудың келесі бағыттары көзделген теңгерімделген өнімдер желісін іске асыруда:**

1. Стандартты шарттар лизингі (биологиялық активтер, а/ш және балық өнімдері тасымалданатын көлік құралдары, соның ішінде жүк вагондары лизингі, мелиоративтік және а/ш жұмыстарына арналған арнайы техника, соның ішінде ұшқысыз ұшу аппараттары лизингі, жабдықтар лизингі);
2. айналым қаражатын толықтыруға арналған кредиттеу (бұрын қаржыландырылған жобалар шеңберінде);
3. «Қазақстанда жасалған», «Сенімді фермер» арнайы қаржыландыру бағдарламалары;
4. қаржыландыру бойынша көрсетілетін «Экспресс-лизинг», «Шебер-лизинг» арнайы қызметтері.

Өнімдер желісін дамыту міндетін орындау шеңберінде, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауын іске асыру және инновациялық технологиялар мен жобаларды енгізу жолымен Компанияның АӨК саласында көрсетілетін қызметтерді цифрландыруға қатысуы мақсаттарында қаржыландырудың жаңа бағыты – ауыл шаруашылығының қажеттіліктері үшін ұшқысыз ұшу аппараттарының лизингі іске қосылды.

### 3-міндетті іске асыру.
### Компанияның бизнес-процестерін автоматтандыру.

Компанияның бизнес-процестерін автоматтандыру деңгейін жоғарылату мақсаттарында есепті жылы бірқатар іс-шаралар, соның ішінде қаржыландыруға өтінімдер беру мүмкіндігіне арналған портал құру, онлайн режимде агроөнеркәсіптік секторды онлайн-кредиттеу функционалын әзірлеу (жүйе тестілеуден өту сатысында), клиенттің сенімділігін/кредит төлеуге қабілеттілігін автоматты түрде талдау үшін БКБ, МКБ, KGD-мен интеграциялық өзара әрекеттесуді енгізу іске асырылды.

2020 жылдың қорытындылары бойынша, ҚНК-ның жоспарлық мәні – автоматтандырудың 30% деңгейін – 100% орындауға қол жеткізілді.

## 2-стратегиялық бағыт.

### Компания қызметінің тиімділігі

**1-мақсат:**
**Компания қызметінің рента-белділігін жоғарылату.**

| ҚНК | | 2019 | 2020 | | 2021 | 2029 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | (нақты) | (жоспар) | (нақты) | (жоспар) | (жоспар) |
| **5.** | ROA, % | 2,31 | 1,53 | 2,82 | кемінде 1,53 | кемінде 1,65 |
| **6.** | ROE, % | 6,43 | 4,65 | 8,56 | кемінде 4,65 | кемінде 5,01 |
| **7.** | Бюджеттік қаражат көлемінің тартылған қаражат көлеміне қатынасы, % | – | 1:1,3 | 1:2,34 | 1:1,3 | 1:1,3 |
| **8.** | Қарыз портфелі бойынша қалыпта-стырылған резервтердің (провизи-ялардың) оңтайлы деңгейін ұстап тұру, % | – | 13 | 11,68 | 13 | 12 |
| **9.** | Қазақстан Республикасының Ұлт-тық қорының қаражаты есебінен қаржыландырылған жобалар бой-ынша негізгі борышты өтеу, % | – | 15,0 | 15,74 | 31 | 97 |

* «Бюджеттік қаражат көлемінің тартылған қаражат көлеміне қатынасы» стратегиялық ҚНК Компанияның бұрын қолданыста болған 2017–2026 жылдарға арналған Даму стратегиясында жоспарланбаған болатын.

## 1-міндетті іске асыру. Меншікті капиталды және активтерді басқару тиімділігін арттыру.

### ROA, ROE

Есепті кезеңде Компания активтер мен меншікті капитал рентабелділігінің көреткіштеріне қол жеткізді, бұл кірістің өсуінің нәтижесінде болды. 2020 жылдың қорытындылары бойынша таза кірістің мөлшері жоспарлағаннан көп құрады және 9 598,2 млн теңге болды. Нәтижесінде ROA көрсеткіші 2,82% деңгейінде құралды, жоспарда - кемінде 1,53%. ROE – 8,56%, жоспарда - кемінде 4,65%.

Бұдан басқа, ROA көрсеткішіне 340 407,4 млн теңге мөлшерінде көп болып құралған орташа жылдық активтер көрсеткіші әсер етті.

ROE көрсеткішіне орташа жылдық капитал көрсеткіші деңгейінің жоспарланғаннан асуы әсер етті, 2020 жылдың қорытындылары бойынша ол 112 173,9 млн теңге құрады.

### Бюджеттік қаражат көлемінің тартылған қаражат көлеміне қатынасы

**Компания 2020 жылы 98,74 млрд теңге қаржы тартты, соның ішінде:**

- бюджеттік қаражат – 20 млрд теңге, ҚР ҰҚ қаражатын қайтадан пайдалану есебінен, олардың игерілгені - 19,66 млрд теңге;
- бюджеттен тыс қаражат – 78,74 млрд теңге, олардың игерілгені - 46,06 млрд теңге, жоспарда - 45,0 млрд теңге (102,4%).

Есепті жыл қорытындылары бойынша, «Бюджеттік қаражат көлемінің тартылған бюджеттен тыс қаражат көлеміне қатынасы» ҚНК-не толық көлемінде қол жеткізілді және ол 1:2,34 құрады (180%).

## 2-міндетті іске асыру. Қарыз портфелінің сапасын жоғарылату.

Қарыз портфелінің сапасын жоғарылату мақсатында Компанияда Қарыз алушылардың төлем тәртібінің сақталуын бақылау қамтамасыз етіледі.

Провизиялардың деңгейі 2021 жылдың басында 11,68% құрады, жоспарлық мән - 13% (орындау деңгейі – 111%). Провизиялардың сомасы 2021 жылғы 1 қаңтарға 38 190 млн теңге, қарыз портфелінің теңгерімдік құны – 327 052 млн теңге құрады.

## 3-міндетті іске асыру. Қаржыландырылған жобаларды мониторингтеу жүйесін жетілдіру.

ҚР ҰҚ қарыз портфелі 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 45,165 млрд теңге құрады. 2020 жылдың басынан бастап ҚР ҰҚ портфелі 8,434 млрд теңгеге немесе 15,74%-ға төмендеген. Сонымен, ҚР ҰҚ жобалары бойынша негізгі борышты өтеу жоспары 104,9%-ға орындалды.

2020 жылы бұрын бекітілген инвестициялық жобалар ҚР ҰБ-ның игерілмеген лимитінен қосымша қаржыландырылды. Барлығы 945,8 млн теңге сомасына 3 инвестициялық жоба қосымша қаржыландырылды.

## 2-мақсат. Компанияны үздік іс-тәжірибелерге сәйкес корпоративтік дамыту.

| ҚНК | 2019 (нақты) | 2020 (жоспар) | 2020 (нақты) | 2021 (жоспар) | 2029 (жоспар) |
|---|---|---|---|---|---|
| **10.** Корпоративтік басқару рейтингі, % | 88,6 | – | – | 86,0 | – |

* Компанияның 2020–2029 жылдарға арналған Даму стратегиясында бұл ҚНК-ның 2020 жылға арналған мәні жоспарланбаған.

### 1-міндетті іске асыру. Компанияның корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және қызметінің ашықтығын арттыру .

«Корпоративтік басқару рейтингі» ҚНК бойынша жоспарлық көрсеткіш 2020 жылға белгіленбеген. Сонымен бірге корпоративтік басқарудың үздік әлемдік іс-тәжірибесіне сәйкес, 2020 жылы Компания корпоративтік басқару жүйесін жетілдірудің 2019–2021 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сай жоспарланған іс-шараларды жүзеге асырды. Аталған жоспарды іске асыру шеңберінде Директорлар кеңесінің жұмысы бағаланды. Жыл сайын Директорлар кеңесі Компанияның Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есебін қарайды.

Өзінің қызметі туралы ақпаратты ашып көрсету нормаларын сақтау үшін Компания Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы саласындағы заңнамасын, листингтік қағидаларды, ҚР ҰҚ қаулысын, сол сияқты ақпаратты ашу мөлдірлігі саласындағы өзге де құжаттарды басшылыққа алады.

Корпоративтік оқиғалар туралы және кезеңдік есептілік туралы ақпаратты ашып көрсету Қаржылық есептілік депозитарийінің, Қазақстан қор биржасының интернет-ресурстары, Компанияның корпоративтік интернет-ресурсы арқылы жүзеге асырылады.

Компания есепті жылдың қорытындылары бойынша қызметі туралы жылдық есеп дайындайды. Жылдық есеп Қазақстан қор биржасы белгілеген талаптарға және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес құрастырылады. Жылдық есепте Компания қызметінің теңгерімделген жағдайы, соның ішінде есепті кезең нәтижелері бойынша қорытындылар мен даму перспективалары көрсетіледі.

Компания 2020 жылғы желтоқсанда «QRA» рейтинг агентттігі ұйымдастырған жылдық есептер байқауына қатысты, оның қорытындысы бойынша Компания барлық жылдық есептер рейтингінде жетінші позицияны иеленді, сонымен қатар «Корпоративтік есептілікте ESG-ақпаратты үздік ашып көрсету» бойынша топ-20-ға кірді. Бұдан басқа, Компания жылдық есепте стратегияны ең жақсы ашып көрсеткені үшін дипломмен марапатталды.

Компанияның корпоративтік сайты мүдделі тараптардың көбі үшін негізгі және анағұрлым қолжетімді ақпарат көзі болып табылады. Осы орайда онда жария ақпарат барынша мол қамтылған, жақсы құрылымдалған, навигация үшін ыңғайлы және барлық мүдделі тараптар үшін қолжетімді.

Компанияның интернет-сайтында Компания туралы, басшылығы, ұйымдық құрылымы, қаржыландыру өнімдері және т.б. туралы мол ақпарат орналастырылған.

## 2-міндетті іске асыру.
## Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін жетілдіру.

### Тәуекелдерді басқару жүйесі

Компанияда тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі құрылған, ол тәуекелдерді айқындауға, сенімді түрде бағалауға және барынша азайтуға мүмкіндік береді. Тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесін жетілдіру мақсатында Компанияда ҚазАгроҚаржы тәуекелдерін басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдіру бойынша 2019–2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары іске асырылуда (іс-шаралардың 2020 жылы жүзеге асырылуы туралы «Тәуекелдерді басқару» бөлімінде анағұрлым толық жазылған).

**Компания Директорлар кеңесі бекіткен келесі көрсеткіштерді орындады:**

- сыртқы рейтинг бойынша тәуекел тәбеті және тәуекелге төзімділік– BB+ (2021 жылғы 1 қаңтар бойынша факт – BB+);
- табыстылық – даму жоспарында белгіленгеннің кемінде 95%-ы (2021 жылғы 1 қаңтар бойынша факт – 194%);
- «ҚазАгро» холдингі» АҚ тобының сыртқы борышының шектік көлемі– 14 802 млн теңге (2021 жылғы 1 қаңтар бойынша факт – 2 394 млн теңге);
- ағымдағы өтімділік коэффициенті – кемінде 1,5 (2021 жылғы 1 қаңтар бойынша факт – 2,26);
- ЕҰ кредиттік портфелінің сапасы (2021 жылғы 1 қаңтар бойынша провизиялардың деңгейі 11,68% құрады, жоспарда - 13% (орындалу деңгейі – 111%).

### Ішкі бақылау жүйесі

Компанияның Ішкі бақылау жүйесі корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін «ҚазАгроҚаржы» АҚ ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша 2019–2021 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруда.

Аталған жоспарды іске асыру шеңберінде 2020 жылғы қазанда «Интертек Интернэшинал Қазақстан» ЖШС (Intertek International Kazakhstan) Компанияның сапа менеджменті жүйесін (СМЖ) ISO 9001:2015 стандартының талаптарына сай қайта сертификаттау аудитін жүргізді.

Сапа менеджменті жүйесін қайта сертификаттау ішкі аудитті жүргізу қорытындылары бойынша сәйкессіздіктер айқындалған жоқ. Компанияның сапа менеджменті жүйесі аудиттің өлшемшарттарына сәйкес келеді және мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін нәтижелі деп танылды. Аудиттің қорытындылары бойынша, сертификатталу 2023 жылғы 11 желтоқсанға дейін ұзартылды.

## 3-міндетті іске асыру.
## Адами ресурстар әлеуетін жоғарылату, нәтижеге бағытталған корпоративтік мәдениетті дамыту.

Компанияда персоналды басқарудың тиімді корпоративтік жүйесін құруға және оны жетілдіруге бағытталған кадрлық саясат іске асырылады. Компания жұмыскерлерінің жоғары деңгейдегі кәсіби шеберлігі үнемі оқыту және біліктілікті арттыру, сол сияқты корпоративтік мәдениетті нығайту жүйесінде қолдау көрсетіліп, дамытылып отырады. Сонымен қатар, Адами ресурстарды басқару корпоративтік стандартын іске асыру және қызметтің тиімділігін қорытынды бағалау процесін енгізу шеңберінде 2020 жылғы тамызда Компания жұмыскерлерінің қызметін бағалау жүргізілді. Пайдаланылған бағалау жүйесі – байқау, ол жұмыскерлердің кәсіби құзыреттілігінің деңгейін, машықтарын, іскерлік қасиеттерін, білімін, сол сияқты әлеуетін Компанияның стратегиялық міндеттері тұрғысынан бағалауға бағытталды.

Бағалау жұмыскерді өзінің мансаптық мақсаттарын басшылар оның мансапқа қатысты болжамдарын білетіндей дұрыс тұжырымдауға ынталандырады, сонымен қатар, оның мансаптық болжамдардың шындыққа жанасатын-жанаспайтындығын түсінуге көмектеседі. Бағалау мансаптық өсу және басшы лауазымдарға ілгерілету мүмкіндігі бар жұмыскерлердің әлеуетін айқындауға көмектесті, бұл жаңа жұмыскерлерді іздеу және оытуға жұмсалатын шығыстарды қысқартады.

www.kaf.kz

# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

## ҚазАгроҚаржының 2020 жылғы негізгі жетістіктері:

110,0 млрд теңге сомасына 6 056 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы лизингке берілді

2020 жыл ішінде Компанияның бүкіл тарихындағы ең үлкен таза кіріс алынды, ол 9,6 млрд теңге құрады

АӨК дамытуға 114,0 млрд теңге инвестицияланды

ауыл шаруашылығын қаржыландыруға 4 933 шарт жасасыл-ды

2 655 клиент қаржы-ландырылды

## Қызмет көрсетілген клиенттердің және жасалған қаржылыландыру шарттарының саны




Динамика Компания қызмет көрсететін клиенттер мен жасалған қаржыландыру шарттарының саны жыл сайын өсіп отырғанын көрсетеді.

## 2000-2020 жылдары АӨК-ге инвестицияланды




2009-2016 жылдары ҚазАгроҚаржы инвестициялық, соның ішінде ҚР ҰҚ есебінен іске асырылатын жобаларды қаржыландыру операторы болды. 2017 жылдан бастап Компания өз қызметін ауыл шаруашылығы техникасы лизингіне шоғырландырды.

**Соңғы 6 жыл ішінде АӨК-ге инвестициялар Компанияның өз қаражаты мен тартылған қаражаты есебінен жүзеге асырылады.**

## Инвестициялардың динамикасы



## ҚазАгроҚаржы ұсынған ауыл шаруашылығы техникасының лизингі

| Техниканың атауы | 2018 | | 2019 | | 2020 | | Жиыны 2000-2020 | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | бірлік | сома | бірлік | сома | бірлік | сома | бірлік | сома |
| Егіс кешендері | 72 | 1 736 | 143 | 7 336 | 130 | 4 933 | 1 529 | 57 798 |
| Тракторлар | 1 032 | 15 592 | 1 713 | 30 859 | 1 996 | 35 550 | 16 424 | 157 648 |
| Комбайндар | 495 | 28 268 | 540 | 32 856 | 539 | 36 237 | 11 378 | 286 394 |
| Тұқым сепкіш | 133 | 2 626 | 416 | 4 386 | 346 | 7 544 | 2 941 | 23 294 |
| Өзге техника | 1 550 | 12 762 | 3 073 | 23 017 | 3 045 | 25 774 | 22 072 | 128 206 |
| Жабдықтар | 144 | 1 987 | 8 | 58 | | | 604 | 58 897 |
| **Жиыны** | **3 426** | **62 972** | **5 893** | **98 513** | **6 056** | **110 038** | **54 948** | **712 236** |

ҚазАгроҚаржы бүкіл жылдар ішінде барлығы жалпы сомасы 712,2 млрд теңгеге шамамен 54,9 мың бірлік ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сатып алуды қаржыландырды. Лизингке берілген техника 10 млн гектар егіндік жерлерді өңдеуде.

2020 жылы Компания 110,0 млрд теңге сомасына 6 мыңнан аса бірлік техниканы қаржыландырды, яғни өсу 2019 жылмен салыстырғанда сандық мәнде 2,8% (6 056 бірлік және 5 893 бірлік), ақшалай мәнде – 111,7% (110,0 млрд теңге және 98,5 млрд теңге).

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректерін талдау бойынша, Компания лизингке берген негізгі техника түрлерінің үлесі: бүкіл Қазақстан бойынша ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер сатып алған аталған техника түрлерінің жалпы көлемінің тракторлар бойынша – 41,8%-ы, комбайндар бойынша – 41,6%-ы, егіс кешендері бойынша – 50,0%-ы.

## Арнайы бағдарламалар бойынша лизингтің құрылымы

| Бағдарлама | Шарттар саны | Техника саны | Техниканың құны, млн теңге | Үлесі, % |
|---|---|---|---|---|
| Агротехника | 376 | 451 | 4 398,8 | 4,0% |
| Шебер-лизинг | 449 | 680 | 25 522,5 | 23,2% |
| Өз жем-шөбіміз | 724 | 875 | 4 398,9 | 4,0% |
| Қазақстанда жасалған | 727 | 814 | 15 493,8 | 14,1% |
| Экспресс-лизинг | 444 | 585 | 9 180,5 | 8,3% |
| Сенімді фермер | 28 | 31 | 325,3 | 0,3% |
| Басқа | 2 178 | 2 620 | 50 718,0 | 46,1% |
| **Жиыны:** | **4 926** | **6 056** | **110 037,8** | **100,0%** |

**«Қазақстанда жасалған», «Өз жем-шөбіміз», «Шебер-лизинг» және «Экспресс-лизинг» арнайы бағдарламалары 2020 жылы сұранысқа барынша көп ие болды.**

«Қазақстанда жасалған» бағдарламасының сұраныста болуы жеңілдетілген мөлшерлеме қарастырылатын пайдалы қаржыландыру шарттарымен байланысты.

«Өз жем-шөбіміз» бағдарламасы бойынша бастапқы жарнаның мөлшерін төмендету, сонымен қатар қаржыландыру мөлшерлемесін субсидиялау және инвестициялық субсидиялар алу қарастырылды.

«Шебер-лизинг» қызметін көрсету шеңберінде клиенттің 1 жылға қаржыландыру лимитімен желі ашу мүмкіндігі болады, оның шеңберінде бір жыл ішінде өтініш жасаған жағдайда, клиент құжаттар топтамасын қайтадан жинамай және өтінімді қарау процедурасынан өтпей, тек өтінім берсе жеткілікті. Бұл лизинг шартын жасасу процедурасын 2 күнге дейін жеделдетуге мүмкіндік береді.

**2020 жылдың қорытындылары бойынша, Компанияның портфеліндегі клиенттердің саны барлығы 8 263 бірлік құрады. Талдау қорытындыары бойынша, клиенттердің негізгі үлесін шағын және орта бизнес құрауы жалғасуда, тиісінше, 8 190 клиент – шағын/орта бизнес, 73 – ірі бизнес.**

## Бизнес көлемі бойынша клиенттердің саны, бірлік



### Компания клиенттеріне пандемиядан кейін қолдау көрсету шаралары

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 жарлығын, Төтенше жағдайды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның 2020 жылғы 16 наурыздағы № 1 шешімін және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 22 наурыздағы № 17 қаулысын орындау үшін, Компанияның уәкілетті органы шағын және орта бизнес субъектілеріне қаржыландыру шарттары бойынша 2020 жылғы 15 маусымға дейін тұрақсыздық айыбын есептеусіз қайта құрылымдау (мерзімдерді шегіндіру және ұзарту) шешімін қабылдады. Қайта құрылымдау қаржыландыру шарттары бойынша негізгі борыш пен сыйақы төлемдерін тоқтата тұрумен қоса, өтініштің және қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлағанын растайтын құжаттар негізінде ұсынылды.

Төтенше жағдайды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның 2020 жылғы 3 сәуірдегі отырысының № 9 хаттамасын орындау үшін, Компанияның уәкілетті органы жабық топырақтағы өндіріспен (жылыжай шаруашылықтары) айналысатын қарыз/ лизинг алушылардың жасасылған қарыз/лизинг шарттары бойынша негізгі борыш пен сыйақы төлеу мерзімдерін шегіндіру туралы өтініштерін қарау кезінде, Компанияның ішкі нормативтік талаптарына сәйкес келген жағдайда, төлемдердің мерзімдерін 1 жылға (қажет болған жағдайда – қаржыландыру мерзімінің шеңберіндегі кейінгі кезеңдерге бөлумен) кейінге шегіндіру шешімін қабылдады.

Түркістан обылсының Мақтаарал ауданындағы кенттерді су басу салдарынан орын алған техногенді сипаттағы төтенше жағдайға байланысты, Компания АӨК субъектілеріне қаржыландыру шарттары бойынша 1 жылдан аса мерзімге қайта құрылымдау (мерзімдерді шегіндіру) ұсынудың тәртібін бекітті.

Коронавирус пандемиясы уақытында карантин қолданылған кезеңде Компания, қысқартылған құжаттар топтамасының электрондық көшірмелері ұсынылған жағдайда, кредиттік өтінімдерді қабылдаудың жеңілдетілген тәртібін іске асырды. Бұл шара клиенттердің қаржыландыру бойынша қажетті құжаттарды жинау жүктемесін азайтуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Компания қаржыландыруды қарау үшін қажет құжаттардың тізбесін қосымша оңтайландыру бойынша іс-шараларды жүргізді.

**2021 жылы Компанияда өзінің интернет-ресурсы арқылы қаржыландыруға берілген өтінімдерді қабылдау және қарау процесі бойынша автоматтандырылған жұмыс режиміне көшу мүмкіндігі пысықталуда, бұл өтінімдерді қарау мерзімдерін айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік береді.**

Бұдан кейінгі уақыттарда Компания пандемиядан кейінгі қажетті шараларды Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, ретеушілердің тапсырмаларына, сол сияқты пандемиямен байланысты жағдайдың одан әрі қарай дамуына сәйкес жедел тәртіпте қабылдайтын болады.

## Портфельдегі клиенттерің аймақтар бойынша 2020 жылғы саны

Компания клиенттерінің аймақтық картасында Алматы, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Түркістан облыстарында мыңға тарта клиенттері бар.



www.kaf.kz


586
СҚО
553
Ақмола облысы
30
Нұр-Сұлтан қ.
473
Павлодар облысы
939
ШҚО
606
Қарағанды облысы
1 035
Алматы облысы
427
Жамбыл облысы
1 064
Түркістан облысы
21
Алматы қ.
39
Шымкент қ.

# ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

## Теңгерімнің негізгі көрсеткіштері, млн теңге

| | 2020 | 2019 |
|---|---|---|
| **Активтер** | | |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | 12 236 | 20 581 |
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | 39 618 | 8 451 |
| Инвестициялық бағалы қағаздар | – | 11 179 |
| Клиенттерге берілген кредиттер | 30 702 | 36 930 |
| Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық борыш | 258 160 | 226 615 |
| Қаржылық жалдауға арналған мүлік | 4 289 | 7 705 |
| Негізгі құралдар | 939 | 464 |
| Басқа активтер | 9 135 | 13 811 |
| **Активтердің жиыны** | **355 079** | **325 736** |
| **Міндеттемелер** | | |
| Жалғыз акционер алдындағы берешек | 53 444 | 54 136 |
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | 63 549 | 75 934 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 98 238 | 65 385 |
| Басқа міндеттемелер | 24 759 | 21 022 |
| **Міндеттемелердің жиыны** | **239 990** | **216 477** |
| **Меншікті капитал** | **115 089** | **109 259** |
| **ROA** | **2,82** | **2,95** |
| **ROE** | **8,56** | **8,54** |
| **Бір жай акцияның теңгерімдік құны, теңге** | **1 382,88** | **1 311,95** |

## Кіріс туралы есептің негізгі көрсеткіштері, млрд теңге

| | 2020 | 2019 | 2020 жыл, 2019 жылға %-бен |
|---|---|---|---|
| **Кірістер, барлығы** | **39,34** | **33,48** | 117,5% |
| соның ішінде: | | | |
| сыйақы түріндегі кірістер | **37,40** | **32,47** | 115,2% |
| **Шығыстар, барлығы** | **29,75** | **24,75** | 120,2% |
| соның ішінде: | | | |
| сыйақы бойынша шығыстар | **20,26** | **16,69** | 121,4% |
| резервтер құру бойынша шығыстар | **4,26** | **1,22** | 349,2% |
| ҚНК | **-0,01** | **-0,47** | 2,1% |
| **Таза кіріс** | **9,6** | **9,21** | **104,2%** |

**ҚазАгроҚаржы ауыл шаруашылығы секторындағы табысты операциялық қызметінің, қаржылық тұрақтылығы мен дәйекті дамуының нәтижесі болып табылатын оң қаржылық көрсеткіштерге жетуін одан әрі жалғастыруда.**

## Қаржылық тұрақтылықтың негізгі факторлары

1. **Капиталдандырудың жоғарғы деңгейі.** Баланс құрылымындағы меншікті капиталдың үлесі Компания активтерінің 32%-ын құрайды, бұл Жалғыз акционер тарапынан қолдау жасалатындығын, Компания қызметінің пайдалылығын және әртүрлі қаржылық тәуекелдерді абсорбциялауға жоғары қабілеттілігін куәландырады. 2020 жылы Компания 9,6 млрд теңге көлемінде таза пайда алды.

2. **Өтімділіктің қолайлы деңгейі.** Компания қарыз портфелінің тұрақты өсуін, кредиторлар алдындағы міндеттемелердің тиісінше орындалуын қамтамасыз ету үшін өтімді қаражаттың жеткілікті деңгейін қолдап отырады. 2021 жылғы 1 қаңтарға өтімді активтердің үлесі 15% құрады.

3. **Жоғары кредиттік рейтинг.** 2020 жылғы 2 сәуірде Fitch Ratings BB+, болжам «Тұрақты» деңгейіндегі ұзақ мерзімді рейтингті растады, бұл суверенді рейтингтен екі деңгейге төмен. 2020 жылғы 22 желтоқсанда Fitch Ratings портфельдік қайта қарау шеңберінде рейтингтік шолу өткізді, оның нәтижелері бойынша рейтингтер бұрынғы деңгейінде сақталды. Агенттіктің ҚазАгроҚаржының жоғары рейтингтерін растауы Компанияның мемлекет үшін маңызды рөлін, сол сияқты Компанияның Қазақстанмен байланысын дәлірек көрсету үшін мемлекетпен байланысты компанияларды рейтингтеу әдіснамасына сәйкес бағалауды көрсетеді. Fitch пікірі бойынша, нақты субинституттардың болмауы жағдайында елдің ауыл шаруашылығы секторын дамытуда ҚазАгроҚаржының зор маңызы бар.

4. **Қаржы тәуекелдерін тиімді басқару.** Компанияда кредиттік, валюталық, баға тәуекелдерін және өтімділік тәуекелін уақтылы айқындауға, сенімді бағалауға және барынша азайтуға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі құрылған.

5. **Пруденциалдық нормативтерді ұстану.** Компания пруденциалдық нормативтерді және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқару холдингінің ипотекалық ұйымдары мен еншілес ұйымдары сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді сақтайды. Барлық коэффициенттер бойынша елеулі қорлар бар. Компания белгіленген нормативтерді бұзуға жол бермеу бойынша үнемі жұмыс жүргізеді.

6. **Рентабелділік.** Компания 2020 жыл ішінде 9,6 млрд теңге мөлшерінде таза пайда алды, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 4,2%-ға көп. Тиісінше, капиталдың рентабелділігі 2020 жылы 8,56%, 2019 жылы – 8,54% құрады.

# ДАМУ КЕЛЕШЕКТЕРІ

**ҚазАгроҚаржы лизинг нарығындағы жетекші қаржы ұйымы болып табылады. 2020 жылы Компания ҚазАгроҚаржының 2020–2029 жылдарға арналған Даму стратегиясының есепті кезеңге жоспарланған барлық негізгі қызметтік көрсеткіштері бойынша жоғары нәтижелерге жетті. Ел бойынша сатылып алынған техника саны жағынан ҚазАгроҚаржы үлесі 39,5% құрайды, бұл клиенттер тарапынан Компанияға деген жоғары сенімнің айғағы.**

2020 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және «ҚазАгро» холдингі» АҚ холдингтерін қайта ұйымдастыру туралы Компания үшін шешуші және маңызды шешім қабылданды. Компания қызметінде акционердің ауысуына байланысты елеулі өзгерістер жоспарланбаған, Компания 2020–2029 жылдарға арналған Даму стратегиясында бекітілген миссиясын іске асыруды жалғастыратын болады.

ҚазАгроҚаржы миссиясы – сапалы және бәсекеге қабілетті лизингтік қызмет көрсету жолымен Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін техникалық жарақтандыруға жәрдемдесу.

Қаржылық тұрақтылықтың және қаражатты тиімді жоспарлаудың арқасында, Компания техникаға әлі де жоғары болып отырған сұранысты қамтамасыз ету мақсататрында ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін өнімділігі жоғары қазіргі заманғы техника мен жабдықтар сатып алуға инвестициялар көлемін жыл сайын ұлғайтуын одан әрі жалғастыратын болады.

Компания ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерінің ҚазАгроҚаржының қаржыландыру бағдарламалары шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын, соның ішінде лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау кезінде, сол сияқты техниканы лизингке алған кезде АӨК субъектілері шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу кезінде пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды бұдан әрі қарай да жасай беруге ниетті.

Қолда бар бәсекелестік артықшылықтарын, тұрақты брендін пайдалана отырып, сонымен қатар, клиенттерге бағытталған жаңа тәсілдемелерді енгізіп, ҚазАгроҚаржы бұрынғы клиенттерінің бейілділігін арттыра алады және жаңа клиенттер тарта алады, сол сияқты отандық аграрийлерді қолдауға қомақты үлес қосады.

Техника лизингіне инвестициялар көлемін жыл сайын арттырумен қамтамасыз ету үшін қаржыландырудың әртүрлі көздерінен қаражат тарту бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Компанияда ҚазАгроҚаржының қолдауын алған кәсіпорындарда түсімнің көлемін, сол сияқты экспорттық түсімнің көлемін ұлғайтуға жәрдемдесу



www.kaf.kz

жұмысы жалғасады. Бұл үшін мемлекет субсидиялау, сол сияқты жеңілдікпен қаржыландыру ұсыну түрінде қолдау көрсеткен кезде, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге еңбек өнімділігін арттыру, сонымен қатар өнімді экспорттау көлемдерін арттыру бойынша қарсы міндеттемелер белгіленеді. АӨК саласында еңбек өнімділігін арттыру факторларының бірі жоғары технологиялы ауыл шаруашылығы техникасын пайдалану, сол сияқты аграрлық секторда инновациялық технологияларды енгізу болып табылады. Осыған байланысты, Компания бұл бағытта техника мен жабдықтар лизингіне инвестицияларды ұлғайту жолымен АӨК-тің техникалық жарақтандырылуын және жаңғыртылуын арттыру жұмысын жалғастыратын болады.

Көрсетілетін қызметтердің сапасын үнемі арттыру – Компанияның тұрақты дамуының маңызды шарттарының бірі. «ҚазАгроҚаржы» АҚ клиентке бағдарланған саясатты іске асыруды жалғастыратын болады, оның шеңберінде клиентерге қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін фронт-кеңсе жұмыскерлерін оқыту жүргізіледі, консультациялардың және қызмет көрсетудің сапасы бақыланады. Клиентке бағдарланған стандарттарды енгізудің басты мақсаты – өз клиенттерiмiздiң күткенінен асып түсу және оларға агробизнесте табысқа жетуге көмектесу.

Клиентке бағдарланған стандарттарды жетілдіру барысында Компания қаржылық қызмет көрсетудегі халықаралық іс-тәжіриені, сонымен қатар клиенттерден сапаны бағалау бойынша кері байланыс алудың қазіргі заманғы тәсілдерін қолданатын болады

Компания бизнес-процестерді оңтайландыру, өтінімдерді қарау процедуралары мен мерзімдерін жеңілдету жұмысын жалғастырады. Ол үшін агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржыландыру қызметтерін көрсетумен байланысты процестерге үздіксіз талдау жүргізіледі. Бұл талдау Компанияның бизнес-процестерін жетілдіруді, бақылаудың тиімді нүктелерін орнатуды және регламенттеуші ішкі құжаттарды өзектендіруді көздейді.

Компания орта мерзімді келешекте өтінімдерді қабылдау мен қадағалаудың электрондық жүйесіне толығымен көшеді. Бұл жүйе клиенттердің қаржыландыруға онлайн- өтінім беруін мүмкін етеді, бұл Компанияның көрсететін қызметінің клиенттер үшін қолжетімділігін арттырады және өтінімді тіркегеннен бастап ол бойынша шешім қабылданғанға дейін қадағалап отыруға мүмкіндік береді.

2022 жылға қарай өтінімдерді қараудың негізгі процестерін автоматтандыру, бизнестің «бір терезе» қағидаты бойынша көрсетілетін қолдау шараларын алуы жоспарланып отыр. Бұған Компанияның АТ-жүйелерін мемлекеттік органдардың жүйелерімен біріктіру, сонымен қатар өтінімдер қабылданатын бірыңғай веб-порталдың функционалын және оны пайдалану ыңғайлылығын клиенттердің қажеттіліктерін ескере отырып кеңейту бойынша тұрақты жұмыс ықпал ететін болады. Сол сияқты, клиенттермен өзара әрекеттесу үшін ыңғайлы мобильді қосымша әзірлеу жоспарланған. Компания бизнес-процестерді автоматтандыру іс-шараларын өткізу процесінде қызметке инновацияларды енгізуге және дамытуға ықпал ететін болады.

Компанияның лизинг өнімдерін алу клиенттер үшін жедел әрі жеңіл процедураға, ал «лизинг» қаржылық құралының өзі жаңа деңгейге көтеріліп, Қазақстан нарығында бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие қаржылық өнімге айналуына ұмтылатын болады.

Клиенттерді барынша қанағаттандыру мақсаттарында өнімдер желісін клиенттік топтардың сегменттелуі мен олардың қажеттіліктеріне байланысты дамыту жоспарланды.

Лизингтік қызмет көрсетуді тұтынушылардың сұранысына бағдарланып жетілдіру және дамыту бұрынғы клиенттердің қанағаттанушылығын арттыруға және жаңа клиенттер тартуға, сонымен қатар, отандық аграрийлерді қолдауға Компанияның құнды үлес қосуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Капиталды және активтерді тиімді басқарудың негізгі көрсеткіші оң қаржылық нәтиже болып табылады, ол қаржылық құралдарды тарту, резервтердің/провизиялардың оңтайлы деңгейін ұстап тұру, бос өтімділікті және қаржылық міндеттемелерді тиімді басқару, сонымен қатар әкімшілік шығыстардың оңтайлы мөлшерін ұстап тұру нәтижесінде алынады.

ҚазАгроҚаржы инвестициларды тарту бойынша белсенді жұмысын жалғастырады, бұл жұмыс инвесторлармен ынтымақтастықты дамыту, қарыз алудың жаңа құралдарын пайдалану, қаржыландыру көздерін әртараптандыру, сол сияқты Компанияның мақсаттары мен міндетерін іске асыру үшін қажетті көлемде қорландыру арқылы жүзеге асырылады.

Компанияның маңызды мақсаты корпоративтік даму болып қалады, ол корпоративтік басқару жүйесін, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін дамытуда, сонымен қатар адами ресурстарды дамытуда болып табылады.

Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің қызметін жыл сайын бағалау жүйесін, соның ішінде тәуелсіз консультанттарды тартумен және соңынан қажетті түзету шараларын қабылдаумен дамыту жалғастырылады.

Тұрақты негізде корпоративтік басқарудың заңнаманың, ішкі құжаттардың талаптарына және корпоративтік басқарудың халықаралық іс-тәжірибесіне сәйкестігін тексеріп, тиісті рейтингтер беру жүргізілетін болады. Алынған нәтижелердің негізінде корпоративтік басқаруды одан әрі қарай жетілдіру және қажетті шаралар қабылдау қажет болып табылатын негізгі тұстар анықталады.

Компанияның бизнесін басқарудың тиімділігін, корпоративтік тәуекел мәдениетін дамытуды қолдау үшін тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдіру жұмысы одан әрі жалғастырылады.

Тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесінің тиімділігін сыртқы сарапшылар кезеңді негізде бағалап отырады.

Компания қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштер тұтастығының кепілдерін алуға, Компанияның мақсаттарына қол жеткізуге, сол сияқты саясаттар мен процедураларды қызметтің барлық аспектілерінде іске асыруға ықпал ететін ішкі бақылау жүйесін құру жұмысын жалғастырады.

Адами ресурстардың әлеуетін жоғарылату, нәтижеге бағытталған корпоративтік мәдениетті дамыту да Компанияның басты міндеттерінің бірі болады.

Тиімді кадрлық саясатты жүзеге асыру Компанияның тиімділікті дамытуға және арттыруға, сонымен қатар адами ресурстарға салынған инвестициялардан барынша жоғары қайтарым алуға елеулі үлес қосуға қабілетті жоғары білікті кадрлар құрамын ұстап тұруына және тартуына мүмкіндік береді.

**Бұл шаралардың бәрі бірге Компанияның АӨК лизингі нарығындағы позицияларын сақтауына және портфеліндегі клиенттер санын ұлғайтуына мүмкіндік береді.**

www.kaf.kz



03

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

**«AVAGRO» ЖШС**

Бүріккіштер өндіру және сату зауыты. Кәсіпорында бүріккіштер өндірісінің толық циклі – жобалаудан бастап дайын өнімді өндіруге және сынауға дейін жүзеге асырылады.

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН

Барлығы өндірілді

**1 500** БІРЛІК ТЕХНИКА



**Орналасқан жері**

**ПЕТРОПАВЛ**

**Техника түрі**

- 2014 жылдан бергі тіркемелі және өздігінен жүретін бүріккіштер

**ҚазАгроФинанс арқылы сатылды**

**367 БІРЛІК ТЕХНИКА**

**Сомасына сатылды**

**2,6 МЛРД ₸**

Шығарылған көлемнің 24,5%-ы

**Корпоративтік басқаруды және шешімдер қабылдау жүйесін үнемі жетілдіріп отыру Компанияның нәтижелілігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін оның дамуының маңызды стратегиялық бағыты болып табылады.**

**Компания менеджмент жүйесін корпоративтік басқарудың үздік іс-тәжірибесінің әлемдік стандарттарына келтіру жолымен корпоративтік басқару деңгейін жоғарылату бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізуін жалғастырады.**

Компанияда корпоративтік басқару әділдік, жауапкершілік, ашықтық, кәсіби шеберлік және құзыреттілік негіздеріне құрылған.

## Корпоративтік басқару жүйесінің компоненттері:

### 1 АДАЛДЫҚ

Компания Жалғыз акционердің құқықтарын қорғайды және оның құқықтарының бұзылуы айқындалған жағдайда, пәрменді шаралар қабылдайды;

### 2 ЕСЕП БЕРУШІЛІК

Компания Компанияның атқарушы органының Директорлар кеңесіне және Директорлар кеңесінің Жалғыз акционерге есеп беруін қамтамасыз етеді;

### 3 ЖАУАПКЕРШІЛІК

Компания Жалғыз акционердің заңды құқықтарының мойындалуын қамтамасыз етеді, Компанияның қаржылық игілігі және тұрақтылығы мәселелері бойынша Компания мен Жалғыз акционер арасындағы ынтымақтастықты ынталандырады;

### 4 АШЫҚТЫҚ

Компания мүдделі тараптардың шешімдеріне ықпал етуі мүмкін барлық елеулі мәселелер бойынша ақпараттың уақтылы және шынайы ашылып көрсетілуін қамтамасыз етеді.

# МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

**Жалғыз акционер – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ**

**Директорлар кеңесі**

- Ішкі аудит жөніндегі комитет
- Автоматтандыру мәселелері жөніндегі комитет
- Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитет
- Комплаенс қызметі
- Корпоративтік хатшы
- Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет
- Ішкі аудит қызметі

**Басқарма**

- Активтерді және пассивтерді басқару жөніндегі комитет
- Тәуекелдер жөніндегі комитет
- Кредит комитеті

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ РЕЙТИНГІ

**Корпоративтік басқару жүйесін сапалы түрде мониторингтеу мақсаттарында Корпоративтік басқару рейтингі ҚазАгроҚаржының 2020-2029 жылдарға арналған Даму стратегиясына Компания қызметінің басты көрсеткіштерінің бірі ретінде енгізілген. Корпоративтік басқару рейтингін анықтау үш жылда бір рет кезеңділікпен, тәуелсіз Компанияларды тарту арқылы жүзеге асырылатын болады. Корпоративтік басқару рейтингінің аралық диагностикасын Компания өз бетінше жүргізуді жоспарлап отыр.**

Корпоративтік басқаруды бағалау үш компонент бойынша жүргізіледі: корпоративтік басқарудың құрылымы, корпоративтік басқару процестері және корпоративтік басқарудың ашықтығы. Компоненттердің әрқайсысында ішкі компоненттер мен өлшемшарттардың жиынтығы бар, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына, компанияның ішкі құжаттарына және корпоративтік басқару саласындағы әлемдік іс-тәжірибе ұсыныстарына сәйкес келеді.

**2019 жылдың қорытындылары бойынша, талдау нәтижелеріне сәйкес корпоративтік басқару деңгейі «орташа» ретінде бағаланды және 88,6% құрады. 2020 жылдың қорытындылары бойынша - 88,9% құрады.**

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

**Компания өз қызметінде Корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады, онда Компания қызметінің табысты болуы, соның ішінде оның құндылығының артуы, қаржылық тұрақтылығы мен пайдалылықты қолдау үшін барлық мүдделі тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеу көзделген.**

Корпоративтік басқару кодексінде 6 негіз қалаушы қағидатты ұстану қарастырылған: Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты, Компанияның Директорлар кеңесі мен Компания Басқармасын (бұдан әрі – Басқарма) тиімді басқару қағидаты, Компанияның өз бетінше қызмет атқаруы қағидаты, Компания қызметі туралы ақпаратты ашып көрсетудің ашықтығы және объективтілігі қағидаты, заңдылық және этика қағидаты, мүдделі тараптардың алдындағы жауапкершілік қағидаты.

2020 жыл ішіндегі талдаудың қорытындылары бойынша, барлық 6 қағидат толық көлемде сақталады.

### Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты

«ҚазАгроҚаржы» АҚ корпоративтік басқаруы Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын және құрметтелуін қамтамасыз етеді және Компания қызметінің, соның ішінде Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу және қаржылық тұрақтылықты қолдау бойынша қызметінің тиімділігіне ықпал етеді.

**Орындалады.**

Жалғыз акционердің құқықтары, міндеттері және құзыреттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Компанияның Жарғысымен анықталған.

Жалғыз акционермен өзара ықпалдастық Жалғыз акционердің міндеттері, құзыреттері және Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын ақпаратты беру тәртібі белгіленген Компанияның Жарғысына сәйкес және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырылады

Компанияның дивидендтік саясаты туралы ереже Жалғыз акционердің Компанияны басқаруға қатысуымен байланысты құқықтарын, соның ішінде дивидендтер алуға және таза табысты бөлуге қатысу құқығын регламенттейді.

### Заңдылық және этика қағидаты

Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына, іскерлік этиканың жалпы қабылданған қағидаттарына, Компания Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне және өзінің шарттық міндеттемелеріне қатаң сәйкес әрекет етеді.

**Орындалады.**

Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне және өзге де ішкі құжаттарға сәйкес әрекет етеді. Компания заңнамалық актілердегі өзгерістерді бақылап отыру және компанияның ішкі құжаттары мен үлгілік шарттарын уақтылы өзектендіру бойынша үнемі және жоспарлы жұмысты жүзеге асырады. Сонымен қатар Компанияда комплаенс-тәуекелдерді басқару процесі жұмыс істейді.

Компанияда Корпоративтік этика кодексі іске қосылған, ол Компанияның барлық жұмыскерлеріне және лауазымдық тұлғаларына қатысты қолданылады. Компания Корпоративтік этика кодексімен барлық жұмыскерлердің және лауазымды тұлғалардың танысуын қамтамасыз етеді, сонымен қатар Кодекс ережелерін үнемі жаңартып отыру және олар бойынша қызметкерлердің мағлұматтарын тексеру үшін шаралар қабылдайды.

## Компанияның директорлар кеңесі мен басқармасын тиімді басқару қағидаты

Директорлар кеңесінің қызметі Жалғыз акционердің және Компанияның мүдделерін барынша ұстану және іске асыру, тұрақтылық, тиімділік, белсенділік, риясыздық, адалдық, дәлдік және жауапкершілік қағидаттарынан құрылады.

**Орындалады.**

Компанияның Директорлар кеңесі туралы ережесіне сәйкес, Директорлар кеңесінің қызметі кәсібилік, тұрақтылық және абайлау, адалдық және объективтілік және Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау қағидаттарына негізделеді.

2020 жылы Директорлар кеңесі көзбе-көз нысанда 13 отырыс өткізді, онда Компания қызметінің басты бағыттары бойынша мәселелер қаралды және шешімдер қабылданды.

Басқарма міндеттерді орындау және Компанияның Даму стратегиясын іске асыру мақсаттарындағы Компанияның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

**Орындалады.**

Басқарма ағымдағы қызметке басшылықты жүзеге асырады және Даму стратегиясының, Даму жоспарының және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер қабылдаған шешімдердің іске асырылуы үшін жауапкершілікті көтереді. Компанияның Басқармасы туралы ережеде Басқарманың құқықтары мен міндеттері айқын анықталған.

2020 жыл ішінде Басқарманың 34 отырысы өтті, отырыстар тұрақты түрде – айдың әр онкүндігі сайын өткізіліп тұрды.

2020 жылы Компания қызметінің барлық стратегиялық көрсеткіштері толық көлемде орындалды.

## Компанияның өз бетінше қызмет атқаруы қағидаты

Компания қызметін өз бетінше жүзеге асырады.

**Орындалады.**

Компанияның Жарғысына сәйкес, Басқарма Компания қызметіне тиімді және іс жүзіндегі бақылауды жүзеге асырады және оперативтік қызметке Жалғыз акционер мен мемлекеттің араласуына ұшырамайды. Компания жыл ішіндегі жұмыстың жоспарлануын өз бетінше құрады, ішкі процеуралар мен құжаттарды анықтайды, жобаларды қаржыландыру бойынша, сонымен қатар өзге де операциялық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

## Компания қызметі туралы ақпаратты ашып көрсетудің ашықтығы және объективтілігі қағидаты

Компания Жалғыз акционердің негізделген шешімдер қабылдауын, сонымен қатар мүдделі тараптарға Компания туралы ақпараттың жеткізілуін қамтамасыз ету мақсаттарында Жалғыз акционердің және мүдделі тараптардың алдында Компания туралы, соның ішінде оның қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, қызметінің нәтижелері, меншік құрылымы мен басқарылуы туралы шынайы ақпараттың уақтылы ашылып көрсетілуін қамтамасыз етеді.

### Орындалады.

Ақпаратты ашып көрсету нормаларын сақтау үшін Компания бағалы қағаздар нарығы, акционерлік қоғамдар саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасын, лизинг қағидаларын, ҚР Ұлттық Банкінің қаулыларын, сонымен қатар ақпаратты ашып көрсетудің ашықтығы саласындағы өзге де құжаттарды басшылыққа алады.

Компания мүдделі тараптардың назарына корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты Қазақстан қор биржасының, Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурстары, корпоративтік интернет-ресурс және «ҚазАгро» холдингінің порталы арқылы жеткізеді.

2020 жыл ішінде Қазақстан қор биржасының интернет-ресурсында 67, Қаржылық есептілік депозитарийінің сайтында – 38 корпоративтік оқиға туралы ақпарат орналастырылды. Көрсетілген уақыт кезеңі ішінде Компания ақпарат ұсынудың заңнамада белгіленген мерзімдерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған емес.

Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында 2020 жылы барлық парақшалар Компанияның кредиттік және өзге де қызметін реттейтін заңнама нормаларының, ішкі құжаттардың өзгерістеріне байланысты тұрақты негізде өзектендіріліп отырды.

Корпоративтік интернет-ресурстарда ақпарат орналастыру бойынша бұзушылықтар анықталған емес.

Жалғыз акционердің – «ҚазАгро» холдингі» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 4 қыркүйектегі № 51 шешімімен Компанияның 2019 жылдағы қорытындылары бойынша жылдық есебі бекітілді.

Жылдық есеп Қазақстан қор биржасының Листингтік қағидаларымен белгіленген талаптарға, Компанияның ішкі құжаттарына, сонымен қатар есептерді құрастыру бойынша үздік іс-тәжірибеге сәйкес құрастырылды. Жылдық есепте Компания қызметінің теңгерімделген жағдайы, соның ішінде есепті кезең нәтижелері бойынша қорытындылар мен даму перспективалары көрсетілді.

## Мүдделі тараптардың алдындағы жауапкершілік қағидаты

Компания барлық мүдделі тараптардың құқықтарын мойындайды және құрметтейді және өзінің дамуы мақсатында және қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында олармен ынтымақтастыққа ұмтылады.

Мүдделі тараптар өздерінің құқықтарының бұзылғандығы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделгендей жағдайларда өтем алу мүмкіндіктеріне ие болуы тиіс. Мүдделі тарап корпоративтік басқару процесіне қатысқан жағдайда, мүдделі тараптың елеулі, жеткілікті және сенімді ақпаратқа уақтылы және үнемі негізде қолжетімділігі бар болуы тиіс. Мүдделі тараптардың Директорлар кеңесіне Басқарманың заңнаманы немесе Компанияның ішкі құжаттарын бұзуы туралы еркін хабарлау мүмкіндігі болуы тиіс және мұндай хабарлау жасалған жағдайда олардың құқықтарына шек қойылмауы тиіс.

**Орындалады.**

Компания өз қызметінде Компания қызметінің табысты болуы, соның ішінде оның құндылығының артуы, қаржылық тұрақтылығы мен пайдалылықты қолдау үшін барлық мүдделі тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеу көзделген Корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады.

Компанияның интернет-ресурсы мүдделі тараптардың көпшілігі үшін негізгі және анағұрлым қолжетімді ақпарат көзі болып табылады. Осы орайда онда жария ақпарат барынша мол қамтылған, жақсы құрылымдалған, навигация үшін ыңғайлы және барлық мүдделі тараптар үшін қолжетімді. Компанияның Интернет-ресурсында компания туралы толық және кеңейтілген ақпарат орналастырылған.

# БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ЖӘНЕ ҚАТЫСУШЫЛАР ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

**Есепті кезеңде «ҚазАгроҚаржы» АҚ Жалғыз акционері «ҚазАгро» холдингі» АҚ болды.**

Мемлекет басшысы Қ.-Ж. Тоқаев Қазақстан халқына 2020 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен «ҚазАгро» холдингі» АҚ біріктіруді тапсырды.

2021 жылғы 18 наурызда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі және «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі акционерлік қоғамдарын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 952 қаулысына сәйкес, 2021 жылғы 26 ақпандағы қосылу шартымен және табыстау актісімен ҚазАгроҚаржы акцияларының жүз пайыздық топтамасы «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-на берілді.

Компанияның жарияланған жай акцияларының саны 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша – 82 837 204, орналастырылған жай акцияларының саны – 82 837 204.

Компанияның дивидендтік саясаты туралы ереже Жалғыз акционердің ҚазАгроҚаржыны басқаруға қатысуымен байланысты құқықтарын, соның ішінде дивидендтер алуға және таза табысты бөлуге қатысу құқығын регламенттейді.

2020 жылғы тамызда 2019 жыл ішіндегі жұмыстың қорытындысы бойынша Компания Жалғыз акционерге 9,2 млрд теңге мөлшерінде дивиденд төледі.

# ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ 2020 ЖЫЛҒЫ БАСТЫ ШЕШІМДЕРІ

- Компания Жарғысына өзгерістер енгізу.
- Жылдық қаржылық есептілікті бекіту.
- ҚазАгроҚаржының жылдық есебін бекіту.
- Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау және олардың құзыреттерін мерзімінен бұрын тоқтату.
- ҚазАгроҚаржының 2020 жылғы қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау.
- Коронавирустың таралуын болдырмау бойынша карантиндік шаралар жағдайларында қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарын бекіту.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

**Директорлар кеңесі – заңнамамен және (немесе) Компанияның Жарғысымен Жалғыз акционердің және Басқарманың айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуден басқа, Компания қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын басқару органы.**

**Директорлар кеңесі өзінің функцияларын Компания Жарғысына сәйкес жүзеге асырады және келесі мәселелерге баса назар аударады:**

- Компанияның Даму стратегиясын анықтау (бағыттары және нәтижелері);
- Даму жоспарын қою және мониторингтеу;
- тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау;
- Директорлар кеңесінің құзыреті шегінде басты стратегиялық жобаларды бекіту және олардың тиімді іске асырылуын мониторингтеу;
- Басқарманы сайлау, сыйлықақы төлеу, оның қызметінің сабақтастылығын жоспарлау және қызметін қадағалау;
- Компанияда Корпоративтік басқару кодексінің және іскерлік этика туралы ішкі құжаттардың сақталуы.

Директорлар кеңесінің құрамы теңгерімделген, соның ішінде оның мүшелерінің біліктілігі, тәжірибесі, білімі мен іскерлік қасеттері бойынша теңгерімделген болып табылады және Жалғыз акционердің сеніміне ие.

Директорлар кеңесі мүшелерінің мінсіз іскерлік беделі, ауыл шаруашылығы саласынан, экономика мен бизнесті басқарудан, сол сияқты юриспруденциядан білімі, машықтары мен тәжірибесі бар.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Директорлар кеңесінің құрамына 5 адам кірді, олардың ішінде Директорлар кеңесінің 2 мүшесі тәуелсіз директор болды. Директорлар кеңесінің көрсетіліп отырған құрамының өкілеттіктері 2021 жылғы 26 маусымда аяқталады.

| 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы | | Шешімнің күні және нөмірі |
|---|---|---|
| **Дәрібаев Мұрат Аманкелдіұлы** | «ҚазАгро» холдингі» АҚ басқарушы директоры – Директорлар кеңесінің Төрағасы, Жалғыз акционердің өкілі | Директорлар кеңесінің құрамына Жалғыз акционердің 2020 жылғы 6 мамырдағы № 24 шешімімен тағайындалды |
| **Тасжүреков Ербол Қуанышұлы** | «ҚазАгро» холдингі» АҚ басқарушы директоры – Жалғыз акционердің өкілі | Директорлар кеңесінің құрамына Жалғыз акционердің 2019 жылғы 9 тамыздағы № 35 шешімімен тағайындалды |
| **Ізбастин Қаныш Теміртайұлы** | Басқарма Төрағасы – Директорлар кеңесінің мүшесі | Директорлар кеңесінің құрамына Жалғыз акционердің 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 59, 2018 жылғы 26 маусымдағы № 41 шемімдерімен тағайындалды |
| **Оразбаев Руслан Сағадатұлы** | тәуелсіз директор – Директорлар кеңесінің мүшесі | Директорлар кеңесінің құрамына Жалғыз акционердің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 17 шешімімен тағайындалды |
| **Мадиев Сержан Нұрақанұлы** | тәуелсіз директор – Директорлар кеңесінің мүшесі | Директорлар кеңесінің құрамына Жалғыз акционердің 2019 жылғы 1 қарашадағы № 50 шешімімен тағайындалды |

## Директорлар кеңесінің санаттар бойынша құрылымы, %




- Акционердің өкілдері
- Атқарушы директорлар
- Тәуелсіз директорлар

## Компанияның директорлар кеңесінде жұмыс атқару мерзімі, адам саны




- Бес жылға дейін
- Бір жылға дейін

## Директорлар кеңесінің жас шамасы бойынша құрылымы, адам саны




- 40 жасқа дейін
- 40-45 жас

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ 2020 ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

**А.К. Жуанышбаеваның Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттігі тоқтатылуына байланысты, Жалғыз акционердің 2020 жылғы 6 мамырдағы № 24 шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі – Директорлар кеңесінің Төрағасы ретінде Дәрібаев Мұрат Аманкелдіұлы сайланды.**

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



## Мұрат Аманкелдіұлы Дәрібаев

**Жалғыз акционердің өкілі – Директорлар кеңесінің Төрағасы**

**Туған жылы, күні 1971 жылы 11 маусым.**
**Азаматтығы – Қазақстан Республикасы.**

**Директорлар кеңесінің құрамына сайлануы – 2020 жылы 6 мамыр**

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларына иелік етуі – иелік етпейді
- Қазіргі уақытта қоса атқаратын жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріне мүшелігі – Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
- Компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі – иелік етпейді

**Білімі:**

- 1996 жыл – Алматы автомобиль-жол институты, «Автомобиль жолдарын және аэродромдар салу», мамандығы: инженер-құрылысшы.
- 2004 жыл – Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, «Экономика», мамандығы: экономист.

**Жұмыс тәжірибесі:**

- Еңбек жолын 1994 жылы бастаған.
- Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарында, «СПК «Алматы» ҚК» АҚ, «НК Қазақстан инжиниринг ҰК» АҚ-да жұмыс істеді, басшы лауазымдарын атқарды.
- 2020 жылғы мамырдан бастап 2021 жылғы наурыз аралығында – басқарушы директор – «ҚазАгро» холдингі» АҚ Басқармасының мүшесі.

www.kaf.kz



## Ербол Қуанышұлы Тасжуреков

**Жалғыз акционердің өкілі – Директорлар кеңесінің мүшесі**

Туған жылы, күні 1979 жылы 25 маусым.
Азаматтығы – Қазақстан Республикасы.

**Директорлар кеңесінің құрамына сайлануы – 2019 жылы 9 тамыз**

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларына иелік етуі – иелік етпейді
- Қазіргі уақытта қоса атқаратын жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріне мүшелігі – жоқ
- Компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі – иелік етпейді

**Білімі:**

- М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, мамандығы: қаржы және кредит.
- Х.А. Яссауи атындағы Мемлекеттік халықаралық қазақ-түрік университеті, мамандығы: құқықтану.
- Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы, мемлекеттік және жергілікті басқару магистрі дәрежесі берілген.
- Францияның ұлттық әкімшілік мектебі мемлекеттік саясат магистрі дәрежесі берілген («Болашақ» бағдарламасы).

**Жұмыс тәжірибесі:**

- Еңбек жолын 1998 жылы бастаған.
- Қазақстан Республикасының Аймақтық дамыту министрлігінде, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінде, Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінде басшы және басқарушы лауазымдарда жұмыс істеген.
- Тағайындалғанға дейін Түркістан облысы әкімінің орынбасары болып жұмыс атқарды.
- 2019 жылғы 26 сәуірден бастап 2021 жылғы наурыз аралығында – басқарушы директор – «ҚазАгро» холдингі» АҚ Басқармасының мүшесі.



## Қаныш Теміртайұлы Ізбастин

**Басқарма Төрағасы**

Туған жылы, күні 1981 жылғы 20 сәуір.
Азаматтығы – Қазақстан Республикасы.

**Директорлар кеңесінің құрамына сайлануы – 2015 жылы 10 қыркүйек, 2018 жылы 26 маусым.**

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларына иелік етуі – иелік етпейді
- Қазіргі уақытта қоса атқаратын жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріне мүшелігі – жоқ
- Компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі – иелік етпейді

**Білімі:**

- Ресей СІМ Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты, мамандығы: құқықтану.
- Орталық Азия университеті, мамандығы: әлемдік экономика.

**Жұмыс тәжірибесі:**

- 2007 жылғы қаңтар – сәуір – «ҚДБ-Лизинг» АҚ басқарушы директоры
- 2007 жылғы сәуір - 2008 жылғы сәуір – «ҚДБ-Лизинг» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.
- 2008 жылғы сәуір - 2012 жылғы мамыр – «ҚДБ-Лизинг» АҚ Басқарма Төрағасы.
- 2012 жылғы мамыр - қараша – «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ Басқарма Төрағасы.
- 2013 жылғы қаңтар - 2015 жылғы қыркүйек – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарушы директоры.
- 2015 жылғы 3 қыркүйек - 2021 жылғы 26 наурыз – ҚазАгроҚаржы Басқарма Төрағасы.



## Руслан Сағадатұлы Оразбаев

**Тәуелсіз директор – Директорлар кеңесінің мүшесі**

Туған жылы, күні 1983 жылы 7 сәуір.
Азаматтығы – Қазақстан Республикасы.

**Директорлар кеңесінің құрамына сайлануы –2019 жылы 16 мамыр.**

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларына иелік етуі – иелік етпейді
- Қазіргі уақытта қоса атқаратын жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріне мүшелігі – тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі «Финансовый центр» ААҚ
- Компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі – иелік етпейді

**Білімі:**

- 2004 жыл – С. Сейфуллин атындағы Ақмола аграрлық университеті, мамандығы: қаржы және кредит.
- 2007 жыл – Еуразия гуманитарлық университеті, мамандығы: құқықтану.

**Жұмыс тәжірибесі:**

- 2015 жылғы сәуір – 2017 жылғы қаңтар – «Астана Банк» АҚ аймақтық басқарушы директоры, Нұр-Сұлтан қ. филиал директоры.
- 2016 жылғы қараша –2017 жылғы қаңтар – «Астана Банк» АҚ Директорлар кеңесі Төрағасының кеңесшісі.
- 2017 жылғы қаңтар–март – «NEXUM» ЖШС заңгерлік компаниясы бас директорының орынбасары.
- 2017 жылғы қаңтар –2018 жылғы қаңтар – «Стандарт» сақтандыру компаниясы» АҚ атқарушы директоры.
- 2017 жылғы сәуір–қазан – «Астана Банк» АҚ Вице-президенті, Нұр-Сұлтан қ.
- 2017 жылғы қазан –2018 жылғы қазан – «Астана Банк» АҚ басқарушы директоры, Нұр-Сұлтан қ.
- 2018 жылғы 6 желтоқсаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Ломбард «АВТОКЭШ» ЖШС ломбардының директоры.



## Сержан Нұрақанұлы Мадиев

**Тәуелсіз директор – Директорлар кеңесінің мүшесі**

Туған жылы, күні 1983 жылы 23 қаңтар.
Азаматтығы – Қазақстан Республикасы.

**Директорлар кеңесінің құрамына сайлануы – 2019 жылы 1 қараша**

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларына иелік етуі – иелік етпейді
- Қазіргі уақытта қоса атқаратын жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріне мүшелігі – жоқ
- Компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі – иелік етпейді

**Білімі:**

- 2002 жыл – University of Wisconsin, мамандығы: банк ісі.
- 2005 жыл – Гумилев атындағы ЕҰУ, мамандығы: халықаралық экономика.
- 2007 жыл – Warwick Business School, мамандығы: қаржы.
- 2013 жыл – CFA Institute, мамандығы: қаржы.

**Жұмыс тәжірибесі:**

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ қазынашылығының жетекші маманы, «Қазақстан Даму Банкі» АҚ құрылымдық қаржыландыру басқармасының менеджері, «ААҚО» АҚ қаржы-экономикалық департаментінің директоры, «ААҚО» АҚ қаржылық консалтинг және инвестициялық талдау департаментінің директоры, «ЕТС» тауар биржасы» АҚ басқарушы директоры, «ЕТС» тауар биржасы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ корпоративтік қаржы департаментінің директоры, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқарушы директоры.
- 2016 жылғы шілде – 2017 жыл – «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Басқарма Төрағасы.
- 2018 жыл – қазіргі уақытқа дейін – «Documentolog» ЖШС Бас директорының қаржы мәселелері жөніндегі орынбасары.

www.kaf.kz

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

**Директорлар кеңесінің қызметі кәсібилік, тұрақтылық пен байыптылық, адалдық пен объективтілік және Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау қағидаттарына негізделеді.**

**2020 жылы Директорлар кеңесі көзбе-көз нысанда 13 отырыс өткізді. 158 мәселе қаралды.**

## 2020 жылы Директорлар кеңесінде қаралған мәселелердің құрылымы




- Ішкі құжаттарды қарау
- Есептілік
- ІАҚ
- Кадрлық мәселелер
- Тәуекелдер
- Қызмет бойынша өзге мәселелер

## Қабылданған негізгі шешімдер келесі мәселелерге қатысты болды:

- ҚазАгроҚаржы 2020–2029 жылдарға арналған Даму стратегиясын бекіту;
- Даму стратегиясы мен Даму жоспарының орындалуы бойынша 2019 жылғы есепті бекіту;
- Директорлар кеңесінің жұмысын бағалау, жұмыс нәтижелерін қарау, сонымен қатар Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін арттыру бойынша шараларды жүргізу;
- Компанияның Ішкі аудит қызметінің 2019 жылғы қызметі туралы есепті қарау;
- ішкі аудит жүйесінің сапасы мен тиімділігін сырттай бағалау нәтижелерін қарау;
- тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесінің тиімділігін бағалау нәтижелері туралы есепті қарау;
- 2020 жылға арналған Компания тәуекелдерінің негізгі индикаторларын, тәуекел тәбетін және тәуекелге төзімділік деңгейін бекіту;
- Басқарма мен Басқарма мүшелері қызметтерінің негізгі көрсеткіштері картасын бекіту;
- Директорлар кеңесінің Автоматтандыру мәселелері жөніндегі комитетін құру;
- 2021 жылға арналған Тәуекелдер тізілімін және Тәуекелдер картасын бекіту;
- корпоративтік басқару кодексін ұстану туралы есепті және ақпаратты ашып көрсету ашықтығымен және тиімділігімен байланысты мәселелерді іске асыру туралы ақпаратты қарау;
- жасалуында мүдделілік бар мәмілелер туралы есепті қарау;
- стратегиялық жоспарлау, ақпараттық ашықтық, кредиттік саясат, Компанияның қаржыландыру шарттары туралы мәселелер бойынша ішкі құжаттарды бекіту.

## Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарына қатысуы туралы ақпарат

| Т.А.Ә. | Директорлар кеңесінің отырыстары | Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитеттің отырыстары | Ішкі аудит жөніндегі комитеттің отырыстары | Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің отырыстары | Автоматтандыру мәселелері жөніндегі комитеттің отырыстары |
|---|---|---|---|---|---|
| Ізбастин Қ.Т. | 13/13 | – | – | – | 1/1 |
| Дәрібаев М.А. | 6/8 | – | – | – | 1/1 |
| Тасжүреков Е.Қ. | 13/13 | – | – | – | 1/1 |
| Жуанышбаева А.К. | 5/5 | – | – | – | – |
| Оразбаев Р.С. | 13/13 | 12/12 | 9/9 | 11/11 | – |
| Мадиев С.Н. | 13/13 | 12/12 | 9/9 | 11/11 | – |

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

## Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитеті

**Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Ішкі аудит жөніндегі комитет) функцияларына қаржылық есептілік, ішкі аудит, сыртқы аудит, заңнаманы сақтау, есептілік және қызметті бағалау және т.б. мәселелерді алдын ала қарау және олар бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстар беру кіреді.**

### Ішкі аудит жөніндегі комитет құрамы:

- төрағасы – Мадиев Сержан Нұрақанұлы;
- мүшесі – Оразбаев Руслан Сағадатұлы.

**2020 жылы Ішкі аудит жөніндегі комитет барлығы 9 отырыс өткізді, 37 мәселе қарады.**

**Ішкі аудит жөніндегі комитеттің отырыстарында келесі негізгі мәселелер қаралды:**

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2020 жылға арналған бюджетін бекіту туралы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Ішкі аудит қызметі жұмыскерлерін дамытудың 2020 жылға арналған жоспарын бекіту туралы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2019 жыл ішіндегі қызметі туралы есепті қарау туралы;
- Ішкі аудит жүйесінің сапасы мен тиімділігін сыртқы бағалау нәтижелері туралы есепті қарау;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2019 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту туралы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Есептік саясатына өзгерістер енгізу туралы;
- Компания басшылығы қызметінің негізгі көрсеткіштерін аудиттеу нәтижелері бойынша есепті қарау туралы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2021 жылға арналған бюджетін бекіту туралы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Ішкі аудит қызметінің және оның жұмыскерлерінің 2019 жыл ішіндегі қызметінің тиімділігін бағалау туралы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2020 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын жаңа редакцияда бекіту туралы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Сыртқы аудит жөніндегі саясатына өзгерістер енгізу туралы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның 2020 жыл бойынша жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның қызметтеріне төленетін ақының мөлшерін анықтау туралы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2020–2022 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарын бекіту туралы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2021 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарын бекіту туралы.

# Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитеті

**Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитет) функцияларына стратегиялық жоспарлау, инвестициялық және инновациядық қызмет, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару, есептілік, қызметті бағалау мәселелерін және басқа мәселелерді алдын ала қарау және Директорлар кеңесіне олар бойынша ұсыныстар беру кіреді.**

## Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитетінің құрамы:

- төрағасы – Оразбаев Руслан Сағадатұлы;
- мүшесі – Мадиев Сержан Нұрақанұлы.

**Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитетінің құрамы:**

- Оразымбетова Дина Бахтиярқызы, Стратегиялық талдау және инновациялар орталығының директоры;
- Жұмаділов Нұржан Ғабдымұхтарұлы, Бюджеттік жоспарлау және жиынтық талдау департаментінің бас менеджері, сарапшы ретінде;
- Әбілқасова Гаухар Ғалиасқарқызы, Тәуекел менеджменті департаментінің директоры, сарапшы ретінде;
- Омаров Алпамыс Әміржанұлы, АӨК дамыту бағдарламаларын мониторингтеу департаментінің директоры;
- Қайырденова Әсемгүл Ағыбайқызы, Жобаларды мониторингтеу департаментінің директоры;
- Көбайдаров Марат Нұрашұлы, ЕТҰ ДК сүйемелдеу департаментінің бас менеджері.

**2020 жылы Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитеттің 12 отырысы өткізілді, 86 мәселе қаралды.**

**Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитеттің отырыстарында мынадай негізгі мәселелер қаралды:**

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Жалғыз акционерінің қарауына «ҚазАгроҚаржы» АҚ Жарғысын жаңа редакцияда бекіту туралы мәселені шығару;
- Корпоративтік басқару кодексін ұстану туралы есепті қарау;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ ашықтығымен және ақпаратты ашып көрсету процестерінің тиімділігімен байланысты мәселелердің іске асырылуы туралы ақпарат;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2020 жылға арналған тәуекел тәбеті мен тәуекелдерге төзімділік деңгейін бекіту туралы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2020 жылға арналған Тәуекелдердің негізгі индикаторларын бекіту туралы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2020–2029 жылдарға арналған Даму стратегиясын бекіту туралы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ екінші облигациялық бағдарламасының шеңберінде мемлекеттік емес облигациялардың төртінші шығарылымын шығару және оның шарттарын анықтау туралы;
- Жалғыз акционерге «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның 2019 жыл ішіндегі таза пайдасын бөлу тәртібі және «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның бір жыл ішіндегі дивидендінің бір жай акцияға шаққандағы мөлшері туралы ұсыныстар беру туралы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ екінші облигациялық бағдарламасының шеңберінде мемлекеттік емес облигациялардың төртінші шығарылымын шығару және оның шарттарын анықтау туралы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2020 жылға арналған тәуекел тәбеті мен тәуекелдерге төзімділік деңгейін бекіту туралы:
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2017–2021 жылдарға арналған Даму жоспарының 2019 жылғы орындалуы бойынша есепті бекіту туралы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2019 жылғы Бюджетінің орындалуы жөніндегі есепті бекіту туралы;

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2017–2026 жылдарға арналған Даму стратегиясының 2019 жыл қорытындылары бойынша орындалуы туралы есепті бекіту туралы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2020–2024 жылдарға арналған Даму жоспарын бекіту туралы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның 2020 жылға арналған түзетілген Бюджетін бекіту туралы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның 2020–2024 жылдарға арналған түзетілген Даму жоспарын бекіту туралы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның 2020 жылға арналған Негізгі тәуекелдерді барынша азайту бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту туралы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Жалпы қаржыландыру шарттарын жаңа редакцияда бекіту туралы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның 2021 жылға арналған Бюджетін бекіту туралы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Тәуекелдер тізілімін және Тәуекелдер картасын бекіту туралы.

## Директорлар кеңесінің Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеті

**Директорлар кеңесінің Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет) Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің функцияларына біліктілік талаптары, үміткерлерді бағалау, сабақтастықты жоспарлау, қызметті бағалау, сыйақы жүйесі және басқа мәселелерді алдын ала қарау және олар бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстар беру кіреді.**

### Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамы:

- төрағасы – Оразбаев Руслан Сағадатұлы;
- мүшесі– Мадиев Сержан Нұрақанұлы.

**«ҚазАгро» холдингі» АҚ жұмыскерлері қатарынан сарапшылар:**

- Дәрібаев Айдын Кәпжасарұлы, Адами ресурстарды басқару департаментінің бас менеджері;
- Кәбайдаров Марат Нұрашұлы, ЕТҰ ДК сүйемелдеу департаментінің бас менеджері.

**2020 жылы Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің 11 отырысы өткізілді, 55 мәселе қаралды.**

**Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің отырыстарында мынадай негізгі мәселелер қаралды:**

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің еңбегіне ақы, сыйлықақы төлеуді және оларды әлеуметтік қамсыздандыру шарттары туралы ережеге толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Тәуекел менджменті департаменті жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу, сыйлықақы төлеу және оларды әлеуметтік қамсыздандыру шарттары туралы ережені бекіту туралы;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу туралы ережені жаңа редакцияда бекіту туралы;
- Ұйымдық құрылымды жаңа редакцияда бекіту туралы;
- Штаттық санды бекіту туралы;
- Басқарма мен Басқарма мүшелері жұмысының негізгі көрсеткіштерінің 2020 жылға арналған картасын бекіту туралы.

## Директорлар кеңесінің автоматтандыру мәселелері жөніндегі комитеті

**Директорлар кеңесінің Автоматтандыру мәселелері жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Автоматтандыру мәселелері жөніндегі комитет) функцияларына Компанияның кредиттік-лизингтік өнімдері мен процестерін автоматтандыру жобалары бойынша ішкі құжаттардың жобаларын қарау мен алдын ала мақұлдау, бизнес-процестерді автоматтандыру процесінде жұмыс топтарының (бар болған жағдайда) өзара әрекеттесуін үйлестіру, процестерді оңтайландыру мен автоматтандыру бойынша ұсыныстарды алдын ала қарау және келісу және бизнес-процестерді оңтайландыру мен автоматтандыру бойынша ұсыныстар жасап шығару кіреді.**

### Автоматтандыру мәселелері жөніндегі комитетінің құрамы:

- төрағасы – Дәрібаев Мұрат Аманкелдіұлы;
- мүшесі – Ізбастин Қаныш Теміртайұлы;
- мүшесі – Тасжүреков Ербол Қуанышұлы.

**«ҚазАгро» холдингі» АҚ жұмыскерлері қатарынан сарапшылар:**

- Алтынбеков Қайрат Төреқұлұлы, «ҚазАгро» холдингі» АҚ Басқарма Төрағасының кеңесшісі;
- Қайырденова Әсемгүл Ағыбайқызы, Жобаларды мониторингтеу департаментінің директоры;
- Жағабаева Назгүл Мұратқызы, АТ дамыту департаментінің директоры.

**2020 жылы Автоматтандыру мәселелері жөніндегі комитеттің 1 отырысы өткізілді, 1 мәселе қаралды:**

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ негізгі бизнес-процестерін автоматтандыру мен оңтайландыру мәселелері бойынша ағымдағы есепті қарау және «ҚазАгро» холдингі» АҚ 2020 жылдың екінші жартыжылдығына арналған Трансформациялау бағдарламасының шеңберінде қаржыландыру процестерін автоматтандыру жұмыстарының жоспарын бекіту туралы.

# ІРІКТЕУ ЖӘНЕ ТАҒАЙЫНДАУ

**Директорлар кеңесінің сандық құрамын Жалғыз акционер анықтайды. Үміткерлерді іздеуді және іріктеуді Компания да, сонымен қатар Жалғыз акционер өз бетінше де жүргізе алады.**

**Үміткерлерді іздеу, іріктеу және таңдап алу тәртібіне келесі кезеңдер кіреді:**

- директорларды іріктеп алу қажеттілігін анықтау;
- біліктілік талаптарына сәйкес келетін үміткерлерді іздеу;
- үміткерлердің біліктілік талаптарына сәйкес келуін алдын ала бағалау;
- Жалғыз акционердің үміткерлерді қарауы және таңдап алуы.

Тәуелсіз директорларды іріктеген кезде Компания Директорлар кеңесі туралы ереженің талаптарын басшылыққа алады, онда тәуелсіз директор лауазымына үміткерлерді іздеу және конкурстық негізде іріктеп алу, сонымен қатар Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің үміткерлердің біліктілігін алдын ала бағалауды жүргізу процедурасы анықталған.

www.kaf.kz

# ТӘУЕЛСІЗДІК

**Директорлар кеңесінің құрамында екі тәуелсіз директор бар, олар мынадай талаптарға сәйкес келеді:**

- «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 1-бабының 20-тармағына сай тәуелсіз директор мәртебесіне сәйкес келеді;
- Директорлар кеңесіне сайланғанға дейін өздерінің тәуелсіз директор мәртебесі туралы көпшілікке мәлімдеген;
- басқару (менеджмент) саласында жоғары білімі мен «магистр» дәрежесі / қосымша білімі бар;
- тиісті жұмыс тәжірибесі бар;
- корпоративтік басқарудың озық іс-тәжірибелерін енгізу, Компания қызметінің көрсеткіштерін жақсарту бойынша кейін Компанияның дамуына елеулі үлес қосатын практикалық жұмыс тәжірибесі бар;
- тәуелсіз директордың функциялық міндеттерімен, Директорлар кеңесінің комитеттеріне мүше болумен байланысты белгілі бір салаларда арнайы машықтары, жеткілікті түрде дамыған коммуникациялық машықтары бар, жұмыста ашықтық, объективтілік, конструктивтілік және кәсіби шеберлік қағидаттарын негізге алады;
- операциялар көлемі мен сипаты бойынша Компанияға ұқсас ұйымдарға тән негізгі мәселелер туралы жалпы ақпараты бар;
- берілген ақпаратты кешенді түрде талдауға және объективті бағалауға және заңдылық, әділдік және барлық акционерлерге тең қарау қағидаттары негізінде мәселе бойынша тәуелсіз ұстанымын қалыптастыруға қабілетті. Өз пікірін білдіреді және көпшіліктің пікірінен өзгеше болса да, оны ұстанады;
- іскерлік ортада және/немесе сала ортасында мінсіз беделге / оң жетістіктерге ие, жоғары этикалық нормаларды ұстанады;
- Директорлар кеңесінің жұмысына тек Директорлар кеңесінің отырыстары кезінде қатысу үшін ғана емес, сонымен бірге Директорлар кеңесінің отырыстарына берілген материалдарды тиісінше зерделеу үшін де жеткілікті уақыты бар;
- Басқа компаниялардың 4-тен асатын директорлар кеңесіне мүше болып табылмайды.

**Мына тұлғалар тәуелсіз директорлыққа үміткер бола алмайды:**

1. мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіпте банкрот болып танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін 1 жылдан аспайтын мерзімде бұрын басқа заңды тұлғаның директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері қызметтерін атқарған. Аталған талап мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіпте банкрот болып танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғаннан кейін 5 жыл ішінде қолданылады;
2. Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған соттылығы бар;
3. Компаниямен, акцияларға ие акционерлермен, Басқарма мүшелерімен Директорлар кеңесінде жұмыс жасаудан басқа қандай да бір қарым-қатынастармен байланысты тұлғалар;
4. бәсекелес ұйымның лауазымды тұлғасы немесе қызметкері болып табылатын тұлға.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІН ОҚЫТУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ДАМЫТУ

**Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері сыртқы және ішкі оқу бағдарламаларына, семинарлар мен тренингтерге, форумдарға және т.б. қатысып, құзыреттілік мәселелері мен шектес мәселелер бойынша өз біліктілігін арттыруға міндетті.**

Директорлар кеңесі көпшілік дауыспен Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің және оның комитеттерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттырудың анықталған қажеттілігі негізінде жалпы Директорлар кеңесі мүшелерінің немесе оның жекелеген мүшелерінің біліктілігін Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттырудың жылдық жоспарын бекіту жолымен немесе Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің сұрауы бойынша Қоғам есебінен арттыру туралы шешім қабылдайды.
2020 жылы жүргізілген Директорлар кеңесінің жұмысын бағалау жұмысының қорытындысы бойынша, Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру туралы шешім қабылданған жоқ.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

**Директорлар кеңесінің қызметін бағалау Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесінің негізгі жауапкершілік аяларының кешенді талдауын алу мақсатында жүргізіледі. Бағалау Директорлар кеңесі мен оның комитеттері қызметінің күшті және әлсіз жақтарын талдауға және анықтауға және жұмысқа түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, бағалау сыйақының тиімділігін және Директорлар кеңесі мүшелерін оқыту, олардың біліктілігін арттыру қажеттілігін анықтауға мүмкіндік береді.**

Бағалауды өз күштерімен, сондай-ақ консультанттарды, кәсіби қауымдастықтар мен корпоративтік басқару рейтингісін беретін ұйымдарды тарта отырып жүргізуге болады.

**Директорлар Кеңесінің қызметін бағалаудың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:**

1. жүйелілік (бағалауды жүйелі түрде жүргізіп отыру);
2. кешенділік (Директорлар кеңесін және оның комитеттерін, Директорлар кеңесінің Төрағасын, корпоративтік хатшысын және әрбір директорды жеке бағалау);
3. үздіксіз жақсарту (жетілдіру, Директорлар кеңесінің жұмысы нәтижесінде құндылықтың және қосылатын үлестің артуы);
4. шынайылық (шынайы жағдайды, оны директор қабылдаған түрінде көрсету);
5. құпиялылық (нәтижелер тек жалпыланған түрде ұсынылады).

2020 жылы Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 5 шешімімен Директорлар кеңесінің жұмысын сұхбат алу әдісімен бағалау жүргізілді. Директорлар кеңесінің жұмысын бағалау шеңберінде Директорлар кеңесінің қызметін регламенттейтін ішкі құжаттар талданды, Директорлар кеңесі отырыстарының жиілігі мен нысандарына талдау жүргізілді, Директорлар кеңесі мүшелерінен сұхбат алу жүргізілді. Жүргізілген бағалаудың қорытындылары бойынша, Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қызметі тиімді және заңнама талаптары мен Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес деп танылды. Директорлар кеңесінің құрамы Компания қызметінің ауқымына, күрделілігіне және ерекшеліктеріне сәйкес келеді, директорлардың саны Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті. Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігі мәселелерді қарау кезінде қажет болып табылатын кәсіби білім мен тәжірибеге қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Директорлар кеңесі Компания қызметінің барлық процестерін қамтыған, Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарына сай жоспарланған мәселелер толық көлемде қаралады. Директорлар Кеңесі мен оның комитеттерінің жұмысы диалог, мәселелерді жан-жақты талқылау және сындарлы шешімдер қабылдау форматында құрылды.

**Жүргізілген бағалаудың нәтижелері Директорлар кеңесінің отырысында қаралды және назарға алынды.**

# МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСТАРЫН БАСҚАРУ

**Компания оның органдары қабылдайтын шешімдердің тиімділігін Компания мен мүдделі тараптардың мүддесі үшін әділ, объективті және тәуелсіз шешім қабылдау процесін қамтамасыз ету есебінен арттыруға ұмтылады.**

ҚазАгроҚаржы Компаниядағы қақтығыстарды шешу тәртібі мен процедураларын, сондай-ақ Компания органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің осы мәселелер шеңберіндегі іс-әрекетін реттейтін Компанияның Корпоративтік қақтығыстарды және мүдделер қақтығысын реттеу қағидаларын басшылыққа алады.

Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысына қатысты, Компания олардың туындауын болдырмау және пайда болған жағдайда оларды басқару қағидатын ұстанады.

**Қатығыстардың алдын алу үшін Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері соның ішінде келесілерді атқаруға міндетті:**

- Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғы мен Компанияның ішкі құжаттарының талаптарын сақтау;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Компанияның қызметі туралы ақпаратты ашу;
- тәуекелдерді және Компанияның ішкі бақылау жүйесінің кемшіліктерін анықтауға қатысу;
- кәсіби этика қағиадаттарын және т.б. сақтауға ықпал ету.

Корпоративтік қақтығыстарды реттеу үшін Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері корпоративтік хатшыға өтініш беру арқылы қақтығыстың бар екендігі (пайда болуы) туралы дереу хабарлауы тиіс.

Корпоративтік хатшы алынған өтінішті құзыретіне сәйкес Директорлар кеңесіне немесе Басқармаға жолдайды.

Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша корпоративтік қақтығыстарды реттеуді жүзеге асырады.

Корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда, қатысушылар Жалғыз акционердің құқықтарын да, сонымен қатар Компанияның іскерлік беделін де тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында оларды келіссөздер жолымен шешу жолдарын іздестіреді.

Қажет болған жағдайда, Компания мен қақтығысқа қатысушы, соның ішінде Жалғыз акционер арасында корпоративтік қақтығысты реттеу туралы келісімге қол қойыла алады.

Жауап өтініш берген корпоративтік қақтығысқа қатысушыға өтініш тіркелген күннен бастап 30 күннен кешіктірілмей жіберілуі тиіс.

**2020 жылы Компанияда шешім қабылдаған кезде мүдделер қақтығысы туындаған жағдайлар тіркелген емес.**

# ПРОБЛЕМАЛАР ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТУ

**Директорлар кеңесіне аса маңызды мәселелер туралы хабарлау Директорлар кеңесі туралы ережеге, Қоғамның Жарғысына сәйкес қаржылық және қаржылық емес есеп беру жолымен жүзеге асырылады. Есепті жылы назар аудару талап етілетін барлық мәселелер ағымдағы отырыстардың шегінде қаралды.**

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ

**Тәуелсіз директорларға төленетін сыйақы тоқсан сайынғы, бекітілген болып табылады және Директорлар кеңесінің әр отырысына қатысқаны үшін төленеді. Сонымен қатар Комитеттің отырысына қатысқаны үшін тәуелсіз директорларға қосымша сыйақы қарастырылған. Сыйақы мөлшері Жалғыз акционердің шешімімен анықталады. Сыйақы Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына, нормативтік құқықтық актілерге және басқа құжаттарға сәйкес салықтар шегеріле отырып төленеді.**

Тәуелсіз директор есепті кезеңде (тоқсанда) Директорлар кеңесінің көзбе-көз және сырттай өткізілетін отырыстарының жартысынан азына қатысқан жағдайда, сыйақы төленбейді.

Директорлар кеңесінің мүшелері – Жалғыз акционердің өкілдеріне Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысқаны үшін сыйақы төлеу қаратырылмаған.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның 2 адамнан құралған Директорлар кеңесінің мүшелеріне (тәуелсіз директорларға) 2020 жылы сыйақы төлеуге келесі позициялар кіреді:

| | 2020 |
|---|---|
| Есептелген сыйақы (мың теңге) | 6 120 |
| Салықтар және әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар (мың теңге) | 588 |
| **Сыйақы жиыны (мың теңге)** | **6 708** |

# АТҚАРУШЫ ОРГАН

## Басқарманың құрамы

(2020 жылғы 31 желтоқанға)



### Қаныш Теміртайұлы Ізбастин

Басқарма Төрағасы

Туған жылы, күні 1981 жылғы 20 сәуір.
Азаматтығы – Қазақстан Республикасы.

**Басқарма құрамына сайлануы – 2015 жылы 10 қыркүйек, 2018 жылы 26 маусым.**

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларына иелік етуі – иелік етпейді
- Қазіргі уақытта қоса атқаратын жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріне мүшелігі – жоқ
- Компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі – иелік етпейді

**Білімі:**

- Ресей СІМ Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты, мамандығы: юриспруденция.
- Орталық Азия университеті, мамандығы: әлемдік экономика.

**Жұмыс тәжірибесі:**

- 2007 жылғы қаңтар – сәуір – «ҚДБ-Лизинг» АҚ басқарушы директоры
- 2007 жылғы сәуір - 2008 жылғы сәуір – «ҚДБ-Лизинг» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.
- 2008 жылғы сәуір - 2012 жылғы мамыр – «ҚДБ-Лизинг» АҚ Басқарма Төрағасы.
- 2012 жылғы мамыр - қараша – «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ Басқарма Төрағасы.
- 2013 жылғы қаңтар - 2015 жылғы қыркүйек – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарушы директоры.
- 2015 жылғы 3 қыркүйек - 2021 жылғы 26 наурыз – ҚазАгроҚаржы Басқарма Төрағасы.



## Назгүл Шолпанқұлқызы Қарнақова

**Басқарушы директор, Басқарма мүшесі**

Жүзеге асыратын функциялары: қаржы-экономикалық мәселелер, қарыз алу, бухгалтерлік есеп және есептілік мәселелері, жобаларды әкімшіліктендіру мәселелері саласындағы «ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметін үйлестіру.

Туған күні, жылы 1978 жылғы 27 желтоқсан.
Азаматтығы – Қазақстан Республикасы.

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларына иелік етуі – иелік етпейді
- Қазіргі уақытта қоса атқаратын жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріне мүшелігі – жоқ
- Компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі – иелік етпейді .

**Білімі:**

- М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, мамандығы: құрылыс кәсіпорындарындағы экономика және менеджмент, экономист-менеджер.

**Жұмыс тәжірибесі:**

- 2008 жылғы желтоқсан - 2012 жылғы сәуір – «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.
- 2012 жылғы сәуір - 2014 жылғы шілде – Қазақстан-Британия техникалық университетінің «ИНГИ&ИТ КБТУ» ЖШС қаржы директоры».
- 2014 жылғы шілде - 2018 жылғы сәуір – «Қазақстан-Британия техникалық университеті» АҚ қаржы-экономикалық департаментінің директоры
- 2018 жылғы сәуір - 2019 жылғы сәуір - «ҚазАгро» холдингі» АҚ Бюджеттік жоспарлау департаментінің директоры.
- 2019 жылғы сәуір - мамыр – «ҚазАгро» холдингі» АҚ қаржы жөніндегі басқарушы директоры
- 2019 жылғы мамыр - тамыз - «ҚазАгро» холдингі» АҚ басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.
- 2019 жылғы тамыздан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.



## Бахтияр Сұлтанбекұлы Оспанов

**Басқарушы директор, Басқарма мүшесі**

Жүзеге асыратын функциялары: құқықтық мәселелер мен кепілмен және лизингпен қамтамасыз ету мәселелері бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметін үйлестіру

Туған жылы, күні 1979 жылғы 27 желтоқсан.
Азаматтығы – Қазақстан Республикасы.

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларына иелік етуі – иелік етпейді
- Қазіргі уақытта қоса атқаратын жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріне мүшелігі – жоқ
- Компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі – иелік етпейді

**Білімі:**

- Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, мамандығы: құқықтану.
- Еуразия гуманитарлық университеті, мамандығы: қаржы және кредит.

**Жұмыс тәжірибесі:**

- 2001 жылғы шілде - 2010 жылғы наурыз – «Банк Центр Кредит» АҚ заңгері / аға заңгері / Заң департаментінің басшысы
- 2010 жылғы сәуір - 2012 жылғы қаңтар – «ҚДБ Лизинг» АҚ Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры.
- 2012 жығы ақпан - 2012 жылғы қыркүйек – «Credit Systems» ЖШС Басқарма Төрағасының Орынбасары
- 2012 жылғы қараша - 2013 жылғы желтоқсан – «Банк Центр Кредит» АҚ Проблемалы кредиттермен жұмыс басқармасының басшысы.
- 2014 жылғы қаңтар - 2015 жылғы желтоқсан – жеке компанияның атқарушы директоры
- 2016 жылғы қаңтар - 2018 жылғы желтоқсан – «ҚазАгроҚаржы» АҚ атқарушы директоры.
- 2018 жылғы желтоқсаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.



## Алмат Бүркітбайұлы Әшірбеков

**Басқарушы директор, Басқарма мүшесі**

Жүзеге асыратын функциялары: проблемалық жобалармен жұмыс, активтерді сараптау мәселелері бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметін тікелей үйлестіру.

Туған жылы, күні 1986 жылғы 10 қыркүйек.
Азаматтығы – Қазақстан Республикасы.

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларына иелік етуі – иелік етпейді
- Қазіргі уақытта қоса атқаратын жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріне мүшелігі – жоқ
- Компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі – иелік етпейді

**Білімі:**

- Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, мамандығы: қаржы, біліктілігі: қаржы бакалавры.
- «Синергия» Мәскеу қаржы-өнеркәсіптік университеті, біліктілігі: іскери әкімшіліктендіру шебері (MBA) – Стратегиялық менеджмент.

**Жұмыс тәжірибесі:**

- 2008 жылғы қыркүйек – 2012 жылғы тамыз – «ҚазАгроҚаржы» АҚ. Жұмыс барысында ол әр түрлі қызметтерді атқарды: Шағын және орта бизнесті несиелеу бөлімінің маманы, жетекші маманы, бас маманы, Корпоративтік бизнес бөлімінің бас маманы.
- 2012 жылғы қыркүйек – 2015 жылғы ақпан – «ҚазАгро» холдингі» АҚ Инвестициялық жобалар және кредиттік әдіснама департаментінің бас менеджері.
- 2015 жылғы ақпан – 2019 жылғы шілде – «ҚазАгроҚаржы» АҚ. Жұмыс барысында ол әр түрлі қызметтерді атқарды: Корпоративтік бизнес бөлімінің бастығы, Оңалту және проблемалы кредиттер бөлімінің бастығы, Жобалар мониторингі департаментінің директоры, Оңалту және проблемалы кредиттер департаментінің директоры.
- 2019 жылғы шілдеден бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.



## Айдар Гилимович Прашев

**Басқарушы директор, Басқарма мүшесі**

Жүзеге асыратын функциялары: кредиттік-лизингтік қызмет мәселелері бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметін үйлестіру.

Туған жылы, күні 1983 жылғы 29 қыркүйек.
Азаматтығы – Қазақстан Республикасы.

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларына иелік етуі – иелік етпейді
- Қазіргі уақытта қоса атқаратын жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріне мүшелігі – жоқ
- Компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі – иелік етпейді

**Білімі:**

- Экономика және статистика академиясы, Алматы қ., мамандығы: персоналды басқару, экономист.
- А.Жұбанов атындағы Ақтөбе аймақтық мемлекеттік университеті, мамандығы: менеджмент, экономика және бизнес магистрі.

**Жұмыс тәжірибесі:**

- 2006 жылғы қаңтар – 2007 жылғы ақпан – «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша кедендік бақылау департаменті» ММ кедендік бақылау инспекторы.
- 2007 жылғы ақпан – 2008 жылғы желтоқсан – «Казкоммерцбанк» АҚ банк жүйесінде жұмыс істеді.
- 2009 – 2019 жыл – «ҚазАгроҚаржы» АҚ филиалдарында Атырау облысы, Ақтөбе облысы және Қостанай облысы бойынша филиалдарының директоры лауазымдарын атқарды.
- 2020 жылғы желтоқсаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.

www.kaf.kz



## Бауыржан Сатыбалдыұлы Жолдасов

**Басқарушы директор, Басқарма мүшесі**

Жүзеге асыратын функциялары: бизнес-процестерді автоматтандыру мәселелері бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметін үйлестіру

**Туған жылы, күні 1976 жылғы 22 маусым.**
**Азаматтығы – Қазақстан Республикасы.**

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларына иелік етуі – иелік етпейді
- Қазіргі уақытта қоса атқаратын жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріне мүшелігі – жоқ
- Компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі – иелік етпейді.

**Білімі:**

- Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институты, «Халықаралық қатынастар», шетел тілін білетін (ағылшын) экономист.
- «Қайнар» университеті, мамандығы: құқықтану.

**Жұмыс тәжірибесі:**

- 2001 жылғы желтоқсаннан 2002 жылғы сәуірге дейін – Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің МЭ және МЭО кафедрасының оқытушысы, Алматы қаласы;
- 2002 жылғы сәуір - 2004 жылғы сәуір – «Қазақстанның Наурыз Банкі» ААҚ Жамбыл облыстық филиалының Кредиттеу секторының жетекші маманы.
- 2004 жылғы мамыр - 2005 жылғы наурыз – «Банк Центр Кредит» ААҚ Тараз филиалының бэк-кеңсе Кредиттік бөлімінің кіші кредиттік офицері, фронт-кеңсе Кредиттік бөлімінің кредиттік офицері, Бизнес-клиенттерді кредиттеу бөлімінің кредиттік офицері.
- 2005 жылғы сәуір - шілде – «Еуразиялық банк» АҚ № 10 филиалының Кредиттік бөлімінің бас маманы.
- 2005 жылғы қыркүйек - 2006 жыл қаңтар – Ахмет Ясауи атындағы Қазақ-түрік халықаралық университетінің «Қаржы» кафедрасының аға оқытушысы.
- 2006 жылғы ақпан - 2019 жылғы қыркүйек – «Қазақстанның Тұрғын үй жинақ банкі» АҚ Жамбыл филиалының Клиенттермен жұмыс істеу бөлімінің бас маманы, Кредиттеу секторының меңгерушісі, тәуекел менеджері, Банк өнімдері басқармасының бастығы, Өнімдер мен процестерді оңтайландыру департаменті директорының орынбасары.
- 2019 жылғы қыркүйек – 2020 жылғы май – «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ Өнімдер мен процестерді оңтайландыру департаментінің директоры.
- 2020 жылғы 27 мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.

# Басқарманың жұмысы

**Басқарма Компанияның ағымдағы қызметіне басшылық етеді және Даму стратегиясының, Даму жоспарының және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер қабылдаған шешімдердің іске асырылуы үшін жауапкершілікті көтереді.**

Басқарманың қызметі Компанияның Басқармасы туралы ережемен реттеледі.

2020 жыл ішінде Басқарманың 34 отырысы өткізілді, олардың барлығы көзбе-көз тәртіпте, отырыстар тұрақты түрде - айдың әр онкүндігінде өтті. Дәлелді себептермен келмеген жағдайларды қоспағанда, Басқарма мүшелерінің отырыстарға қатысу дәрежесі жоғары.

## Басқарма мүшелерінің Басқарма отырыстарына қатысуы

| Т.А.Ә. | Саны |
|---|---|
| Ізбастин Қ.Т. | 33/34 |
| Оспанов Б.С. | 22/34 |
| Қарнақова Н.Ш. | 33/34 |
| Әшірбеков А.Б. | 32/34 |
| Ахмеджанова З.Б.* | 27/34 |
| Жолдасов Б.С. | 17/34 |
| Прашев А.Ж. | 2/34 |

* Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № 12 шешімімен құрамнан шыққан.

**Басқарманың негізгі мақсаты – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Даму стратегиясын және Даму жоспарын тиімді іске асыру.**

**Басқарманың негізгі қағидаттары:**

- жариялылық және ашықтық;
- жауапкершілік және есеп берушілік;
- міндеттемелердің объективті бөлінуі;
- операцияларды тиісінше мақұлдау және бекіту;
- кешенділік және жүйелілік;
- үнемі даму және жетілу;
- елеулі кемшіліктерді және бақылаудың әлсіз тұстарын уақтылы айқындау және оларға уақтылы ден қою;
- Басқарма қызметі бағыттарының басымдыққа иелігі;
- технологиялылық;
- жұмыскерлердің құзыреттілігі;
- процедуралардың құжатталғандығы;
- ақпараттың шынайылығы және толықтығы

## Басқармамен өзара ықпалдастық



# ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 13 шешімімен бекітілді

Штаттық сан 353 бірлік

- Тәуекел менеджменті департаменті
- Директорлар кеңесі
- Қауіпсіздік департаменті
- Басқарма Төрағасы
- Басқарушы директор – Басқарма мүшесі
  - Кредиттік-лизингтік жобалар департаменті
  - Филиалдар желісі – 16 филиал
  - Жобалар мониторингі департаменті
- Басқарушы директор – Басқарма мүшесі
  - Жобаларды әкімшіліктендіру департаменті
  - Қаржы департаменті
  - Бухгалтерлік есеп және есептілік департаменті
  - Қарыз алу департаменті
- Басқарушы директор – Басқарма мүшесі
  - Оңалту және проблемалық жобалар департаменті
  - Активтерді сараптау департаменті

www.kaf.kz

**Ішкі аудит қызметі**

**Комплаенс қызметі**

**Корпоративтік хатшы**

Адам ресурстарын басқару департа-менті

Баспасөз хатшысы

**Басқарушы ди-ректор – Басқарма мүшесі**

**Басқарушы ди-ректор – Басқарма мүшесі**

**Басқарушы директор**

Құқық департаменті

Ақпараттық техно-логияларды дамыту департаменті

Корпоративтік даму департаменті

Кепілзатпен қамтамасыз ету департаменті

Әкімшілік департаменті

# ЖАСАЛУЫНДА МҮДДЕЛІЛІК БАР МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ 2020 ЖЫЛ БОЙЫНША ЕСЕП

| № р/т | Контрагенттің атауы | Мүдделілік белгісі | Мәміленің мазмұны |
|---|---|---|---|
| 1. | «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ | Жалғыз акционер | 2020 жылғы 20 наурызда 2018 жылғы 24 шілдедегі № 86 қарыз шартына № 2 қосымша келісімге қол қойылды. |
| 2. | «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ | Жалғыз акционер | 2020 жылғы 8 сәуірде № 22 қарыз шартына қол қойылды. |
| 3. | «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ | Жалғыз акционер | 2020 жылғы 24 маусымда 2013 жылғы 24 маусымдағы № 63 қарыз туралы негіздемелік келісімге №1 қосымша келісімге қол қойылды. |
| 4. | «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ | Үлестес тұлға | 2020 жылғы 7 тамызда 2019 жылғы 28 қарашадағы № 1595-ЦА-АБ кредиттік желі ашу туралы негіздемелік келісімге №1 қосымша келісімге қол қойылды. |
| 5. | «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ | Жалғыз акционер | 2020 жылғы 7 желтоқсанда 2020 жылғы 08 сәуірдегі № 22 қарыз шартына №1 қосымша келісімге қол қойылды. |

# БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ

**Басшы жұмыскерлерге сыйақы төлеу саясаты және оның мөлшері Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің еңбегіне ақы, сыйлықақы төлеу және оларды әлеуметтік қамсыздандыру шарттары туралы ережемен регламенттеледі.**

Есепті жылдағы жұмыс нәтижелері бойынша сыйақы төлеу Директорлар кеңесінің шешімімен, есепті жыл ішінде таза шоғырландырылған пайда бар болған жағдайда, қаржылық-шаруашылық қызмет нәтижелері Компанияның есепті жыл ішіндегі аудиттелген қаржылық есептілігі негізінде белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін, стратегиялық және жекелеген ҚТК-не жету нәтижелері мен қызметті бағалау нәтижелеріне байланысты жүзеге асырылады.

Есепті жылы Басқарма мүшелеріне тәртіптік жаза қолдану жағдайлары болған емес.

**Басқарма мүшелеріне жалақы мен сыйлықақы түріндегі 2020 жылғы сыйақы мөлшері 122 294 мың теңге құрады, соның ішінде салықтар және әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар – 10 393 мың теңге.**

# АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

**Өткен жылдың соңында Компанияның номиналы 1 000 теңге 82 837 204 жай акциясы болды. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның сатылып алынған акциялары немесе оның еншілес ұйымдарына тиесілі акциялары жоқ.**

Есепті кезеңде акцияларды орналастыру, соның ішінде бастапқы орналастыру жүргізілген емес. Орналастырылған акциялар санының 5 және одан да көп пайызына иелік ететін акционерлердің құрамында өзгерістер болған жоқ.

| | |
|---|---|
| Жарияланған жай акциялардың саны: | **82 837 204 акция** |
| Орналастырылған жай акциялардың саны: | **82 837 204 акция** |
| Бір жай акцияның номиналды құны: | **1 000 теңге** |
| Бір акцияны орналастыру бағасы: | **1 000 теңге** |
| Эмитенттің акцияларын төлеу тәсілдері: | **эмитенттің акциясы ақшамен төленді** |
| Эмитенттің акцияларын орналастырудан тартылған ақша қаражатының сомасы: | **82 837 204 000 теңге** |

# ДИВИДЕНДТЕР

**Дивидендтік саясаттың қағидаттары Дивидендтік саясат туралы ережемен анықталған.**

**Дивидендтік саясат келесі қағидаттарға негізделген:**

1. Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасының заңнамасымен, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Жарғысымен, оның ішкі құжаттарымен және корпоративтік басқарудың ең үздік іс-тәжірибесімен көзделген құқықтарын қатаң сақтау;
2. дивидендтік төлемдердің мөлшерін анықтаған кездегі «ҚазАгроҚаржы» АҚ және Жалғыз акционер мүдделерінің теңгерімі;
3. Жалғыз акционердің мүдделерін ескеру және оның активтерін барынша көбейту;
4. дивидендтер төлеу туралы шешімдер қабылдаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасымен және «ҚазАгроҚаржы» АҚ Жарғысымен белгіленген шектеулерді сақтау;
5. «ҚазАгроҚаржы» АҚ дивидендтік саясатын қалыптастырудың негізгі қағидаттары мен тәсілдеріне сәйкес орта мерзімді және ұзақ мерзімді дивидендтік саясат әзірлеу;
6. «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқармасының жоспарланған таза табыс пен дивидендтерге қол жеткізетін уәждемесін қамтамасыз ету.

## Төленген дивидендтер

| Атауы | Өлшем бірлігі | 2018 (2017 жыл үшін) | 2019 (2018 жыл үшін) | 2020 (2019 жыл үшін) |
|---|---|---|---|---|
| Таза кіріс (залал)* | мың теңге | 3 572 220 | 6 728 372 | 9 210 964 |
| Жыл ішінде жарияланған дивидендтер | мың теңге | 3 572 220 | 6 728 372 | 9 210 964 |
| Жыл ішінде төленген дивидендтер | мың теңге | 3 572 220 | 6 728 372 | 9 210 964 |
| Бір акцияға шаққандағы пайда ** | теңге | 43,12 | 81,22 | 111,19 |
| Акцияның теңгерімдік құны *** | теңге | 1 234,41 | 1 277,14 | 1 311.95 |

* Дивидендтер төлеу жүзеге асырылған жыл ішіндегі таза кіріс.

** Дивидендтер төлеу жүзеге асырылған жыл ішіндегі пайда.

*** Дивидендтер төлеу жүзеге асырылған жыл ішіндегі теңгерімдік құн.

www.kaf.kz

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

**Өз қызметінде Компания басшылығы және оның жұмыскерлері қызметтің айқындығы мен ашықтығы сияқты негіз құраушы қағидаттарын ұстануда. Компания өз жұмысында барынша жариялылықты қамтамасыз етуге ұмтылады. Бірінші кезекте бұл жұмыс құқыққа қайшы іс-әрекеттерді болдырмауды, сонымен қатар сыбайлас жемқорлық көріністерін айқындауды және оның алдын алуды қамтамасыз етуді көздейді**

Компанияда және оның филиалдарында Компанияның және оның жұмыскерлерінің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен) немесе терроризмді қаржыландырумен байланысты операцияларды жүзеге асыруын болдырмау мақсатарында ішкі бақылау жүйесі құрылған. Осылайша, Компания құрылымына комплаенс жүйесі енгізілген, ол Қазақстан Республикасы заңнамасының, ішкі және сыртқы қағидалар мен процедуралардың, бизнес жүргізудің және корпоративтік басқару жүйесінің негізгі моралдық-этикалық қағидаттарының сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді.

## Компанияның есепті жыл ішіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қызметі.

**Қазақстан Республикасының «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес, Компания сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шараларды, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу шаралары және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды азайтудың басқа да шараларын келесі жолмен іске асыруда:**

- шешім қабылдау процедураларының есептілігін, бақылауда болуын және ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық механизмдерді белгілеу;
- адал бәсекелестік қағидаттарын сақтау;
- мүдделер қақтығысының алдын алу;
- іскерлік этика нормаларын қабылдау және ұстану;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру шараларын қабылдау;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша мемлекеттік органдармен және басқа да ұйымдармен өзара іс-қимыл.

**Осы мақсаттар үшін Компанияда келесі ішкі құжаттар бекітілді:**

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар;
- Корпоративтік этика кодексі;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша «жедел желі» ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық;
- Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу ережелері.

Заң талаптарына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы құрылды. 2020 жылы ішкі талдау кредиттік және лизингтік қызметті, активтерді сараптауды, кепілдік қамтамасыз етуді, оңалту және проблемалық жобалармен жұмысты, сонымен қатар адам ресурстарын басқаруды қамтамасыз ететін бірнеше құрылымдық бөлімшелерді қамтыды.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:**

- ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Ішкі құжаттарды талдау барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін нормалар анықталған емес. Алайда, дискрециялық өкілеттік-

тер тудыратын, яғни Компания қызметкерлеріне өз қалауы бойынша әрекет етуіне мүмкіндік беретін нормалар айқындалды. Мұндай нормалар теріс пайдаланушылықтарға негіз бола алады. Негізінен, олар Компанияның тиісінше қызмет атқаруына әсер етпейді және оларды қосалқы нормаларға жатқызуға болады. Дегенмен де, барлық анықталған кемшіліктер бойынша оларды жою жөнінде тиісті ұсыныстар берілді. Талдау нәтижелері бойынша талдамалы есептер жасалды және айқындалған ескертулерді жою бойынша ұсыныстар берілді.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қатысты кадрларды іріктеу тәртібі Компанияның Персоналды басқару қағидаларында және Лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарында регламенттелгендігін және соларға сәйкес жүзеге асырылатынын атап өткен жөн.

Есеп беру кезеңінде қызметкерлер жұмыстан тек өз бастамасымен шығарылды.

Теріс себептермен жұмыстан шығарылған, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық, қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікке тартылған адамдар болған емес. Жақын туыстары, жұбайлары мен жекжаттары атқаратын лауазымға тікелей бағынатын бос лауазымдарды иелену фактілері анықталған жоқ.

Компания Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің 2020 жылғы 19 мамырда бекітілген Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және ауыл шаруашылығы саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша 2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес іс-шараларды іске асырды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен Атамекен ҰКП арасындағы Ынтымақтастық туралы келісімді іске асыру бойынша Жол картасын іске асыру шеңберінде (Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен және «ҚазАгро» холдингі» АҚ-мен келісу бойынша) «ҚазАгро» холдингі» АҚ еншілес ұйымдарының кредит беруін, өтінімдерді беру мен олардың өту процестерін автоматтандыруды сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтеуге қатысты.

2019 жылғы 29 қарашадағы № 133 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қосымша шаралары туралы» бұйрыққа сәйкес, Компания қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны туралы хабар алынған жағдайда, Компанияның құрылымдық бөлімшелері басшыларының әрекет ету тәртібі анықталды, уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберу үшін «ҚазАгро» холдингі» АҚ-ның комплаенс-менеджеріне ақпарат уақтылы беріліп отырды.

**Компания есепті жылы Басқарма Төрағасының 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 162 бұйрығымен бекітілген Тәуекел мәдениетін арттырудың 2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарын іске асырды. Соның ішінде Компания келесі іс-шараларды жүргізді:**

- тоқсан сайынғы негізде Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен филиалдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша дәрістер өткізіледі. 2020 жылы Компанияның барлық қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттармен, сол сияқты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларымен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және Компанияның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының талаптарын орындамағаны үшін жауапкершілікпен таныстырылды;
- орталық аппараттың кеңсе ғимараттарында ақпараттық қауіпсіздік және кіруді бақылау бойынша оқыту жүргізілді;
- Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен филиалдары өтінімдерді өтініш беруші мен оның үлестес компанияларының қауіпсіздігіне қатысты талдау жүргізуге жіберген кезде анықталған кемшіліктерге шолу жүргізілді.

Компанияның комплаенс қызметі Компания қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен басқа да құқық бұзушылық фактілерін анықтау мақсатында клиенттерге сауалнама жүргізді. Сауалнама барысында қазақ және орыс тілдерінде алдын ала әзірленген қоңырау скрипті қолданылды. Респонденттерден Компания филиалдары қызметкерлерінің әрекеттерінде кездескен

бұзушылықтарды өз беттерінше атау ұсынылды, сонымен қатар нақты сұрақтар берілді. Сауалнама нәтижелері бойынша Компания қызметкерлері жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері анықталған жоқ.

Тәуекелдерді азайту және Компанияның мүдделерін қорғау мақсатында жобаларды қаржыландыруға өтінім берген кәсіпорындардың басшылары мен құрылтайшыларының соттылығы жүйелі түрде тексеріліп отырды. Қарыз алушылар мен лизинг нысаналарын жеткізушілер туралы теріс ақпараттың бар-жоқтығы, олардың қызметінің тұрақтылығы, құрылтайшылық және қаржылық құжаттардың заңдылығы тексерілді.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шеңберінде жергілікті ресурстар мен байланыс арналарын бақылау, берілетін деректерді талдау, зиянды файлдардың кеңейтілу түрлерін айқындау, жіберілген деректерді мұрағаттау, Компания қызметкерлерінің жеке деректерін қорғау, ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын мониторингтеу, Интернет-ресурстарда пайдаланушылардың белсенділігі туралы есептерді құру бойынша іс-шаралар жүзеге асырылды. Бұл бағыт бойынша жарты жылда бір рет Басқарма мен Директорлар Кеңесінің қарауына тиісті есеп ұсынылды.

Компанияның Орталық аппараты мен филиалдарында Комплаенс қызметі туралы ақпарат орналастыру, жедел желі және «Азаматтардың өтініштері үшін» жәшігін орнату жолымен халықпен, қарыз алушылармен және лизинг алушылармен кері байланыс ұйымдастырылды. Парақорлық фактілері мен оның алдын алу шаралары туралы қызметкерлер мен басқа адамдарға дереу хабарлау механизмі құрылды. Кері байланыс көмегімен Компания қызметкерлерінің Компания мүдделеріне зиян тигізуі немесе беделіне нұқсан келтіруі мүмкін орынсыз мінез-құлқы жөнінде белгілі болған фактілер туралы басшылыққа хабарлауға болады.

Мұндай фактілерді жедел желі телефондары бойынша хабарлауға немесе Компания сайтында көрсетілген электрондық поштаға жолдауға болады, бұл тиімді түрде жауап беруге және қарсы шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

## Компанияның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы қызметі.

Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес Комплаенс қызметі қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚІҚ) мақсаттарында ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыруға, бақылауға және мониторинг жүргізуге жауапты.

Бұл бағытта комплаенс тәуекелдерін барынша азайту мақсатында клиенттерді тиісті түрде тексеру мен тәуекелдерді бағалауды автоматтандыруға ерекше назар аударылады. Ағымдағы жылы ААЖ жаңарту жұмыстары КЖ/ТҚҚІҚ бойынша процестерді автоматтандыру тұрғысынан жалғастырылатын болады.

Компанияда Комплаенс қызметінің КЖ/ТҚҚІҚ ішкі бақылауды тиісінше іске асыруы үшін Басқарма Төрағасының 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 238 бұйрығымен КЖ/ТҚҚІҚ бойынша ішкі бақылаушылардың тізімі өзектендірілді және бекітілді.

КЖ/ТҚҚІҚ бойынша ішкі бақылауды үздіксіз жүзеге асыру үшін бұйрыққа, сонымен қатар ішкі бақылаушылар уақытша болмаған кезде оларды алмастыратын адамдар да енгізілді. Бұл қызметкерлермен кері байланыс орнатылды, оларға кеңес беру, үйлестіру жұмыстары жүзеге асырылады. КЖ/ТҚҚІҚ мақсаттарына арналған ішкі бақылау қағидаларын орындау үшін Комплаенс қызметі кіріспе және негізгі курстар түріндегі оқу материалы мен оқыту нәтижелері бойынша білімді тексеруге арналған тест тапсырмаларын дайындады.

Кіріспе курста қылмыстық кірістер, оларды заңдастыру, бұл әрекетке қарсы тұру жүйесі мен әдістері туралы, халықаралық ұйымдар мен КЖ/ТҚҚІҚ жүйесін нормативтік реттеу туралы, қаржылық мониторингтің негіздері туралы негізгі білім бар, сондай-ақ заң бұзушылықтар мен оларды жасағаны үшін жауапкершілік мысалдары берілген.

Негізгі курс – әдістемелік нұсқаулық болып табылады, оған клиенттерді тексеру, тәуекелдерді бағалау әдістері, қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату мен терроризмді қаржыландыру типологиясы, күдікті операциялардың критерийлері, лауазымды тұлғалар мен құрылымдық бөлімшелердің іс-қимыл тәртібі және т.б. кіреді.

Ынтымақтастық шеңберінде дайындалған оқу материалы Халықаралық қаржы мониторингі оқу-әдістемелік орталығына талдауға жіберілді (Мәскеу қ.).

**Анықтама үшін:** Халықаралық қаржы мониторингі оқу-әдістемелік орталығы (ХҚМОӘО) 2005 жылы Ресей Федерациясы Үкіметінің өкімімен құрылған. Орталық қызметінің бағыты КЖ/ТҚҚІҚ мәселесі бойынша оқу-әдістемелік іс-шараларды, соның ішінде қосымша кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыру жолымен ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ КЖ/ТҚҚІҚ саласындағы зерттеулер, бағалау және сараптама ұйымдастыру мен жүргізу болып табылады.

Талдау нәтижесінде ҚазАгроҚаржының КЖ/ТҚҚІҚ бойынша бұл оқу материалы КЖ/ТҚҚІҚ мақсаттары үшін жүзеге асырылатын шаралардың тиімділігін арттыруға елеулі үлес қосатын және бастапқы қаржылық мониторинг субъектісінің қызметінің негізгі аспектілерін қамтитын оқу материалы ретінде аталған орталықтан оң сараптамалық пікір алды.

2020 жылы Компания қызметкерлерін оқыту бағдарламасының толық циклі бойынша қашықтықтан оқыту жүргізілді . Оқытумен барлығы 214 адам қамтылды. Тестілеу нәтижесінде барлық қызметкерлер шекті балл жинады.

Болашақта бұл материал бойынша оқыту жаңа қызметкер қабылданған кезде немесе жұмыскердің ішкі ауыстырылуы кезінде, егер ол бұрын оқытудан өтпесе, сонымен қатар қажет болған жағдайда қосымша курстар бойынша жүргізілетін болады.

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсаттарына арналған ішкі бақылау қағидалары өзектендірілді. Қағидалар жаңа редакцияда әзірленді және оларды Директорлар кеңесі бекітті. Құжаттың жаңа редакциясының әзірленуі ұлттық заңнамаға енгізілген елеулі өзгерістерге, сондай -ақ ішкі бақылау механизмін оңтайландыруға байланысты болды. Бұл редакцияға сәйкес үш деңгейлі қорғау жүйесі сақталған, бірақ қатыстырылған бөлімшелер мен қызметкерлердің функционалы өзгертілген.

Мәселен, Комплаенс қызметінің рөлі күшейтілді, енді ол клиенттердің операцияларын шектік, күдікті деп тану туралы, клиенттердің операцияларын күрделі, әдеттен тыс көлемді және КЖ/ТҚ типологиясына, схемаларына және әдістеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар басқа да ерекше операцияларға жатқызу туралы шешімдерді өз бетінше қабылдайды. Бұрынғыдай, клиенттердің операцияларын тоқтата тұру немесе жүзеге асырудан бас тарту, клиенттермен іскерлік қарым-қатынас орнату, оны жалғастыру немесе тоқтату туралы шешімдерді Компанияның атқарушы органының басшысы қабылдайды. «Фронт-кеңсе» және «мидл-кеңсе» ұғымдары енгізілді, олардың міндеттемелерінің аясы айқындалды. Күдікті операциялардың тізімі өзектендірілді. Осы бағыттағы жұмысты жетілдіруді көздейтін басқа да өзгерістер қарастырылды.

**2020 жылы Ішкі аудит қызметі қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) немесе терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсаттарында ішкі бақылау жүйесінің 2019 жылғы 1 қазан - 2020 жылғы 1 қазан аралығындағы жұмысының тиімділігіне аудит жүргізді. Аудит нәтижелері бойынша Компанияның ішкі бақылау жүйесіне аудиторлық топ «орташа» рейтингін берді.**

Осылайша, Компанияда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге, «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның қызметіне халықтың сенімін арттыруға бағытталған ауқымды шаралар қабылдануда. 2020 жылы Компанияда сыбайлас жемқорлық фактілері айқындалған емес.

# КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА

**ҚазАгроҚаржы Корпоративтік этика кодексін басшылыққа алады, оған сәйкес Компанияның әр жұмыскері өз саласының кәсіби шебері ғана емес, сол сияқты бірыңғай корпоративтік мәдениеттің бір бөлігі де болып табылады.**

Кодекс Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, әлемде мойындалған іскерлік мінез-құлық стандарттары ескеріле отырып, Жарғының, Корпоративтік басқару кодексінің және басқа де ішкі құжаттардың негізінде әзірленген. Онда іскерлік этика мен корпоративтік құндылықтарды Компанияның пайымдауы мен түсінуі көрініс тапқан.

**Корпоративтік этика кодексінің нормалары атқаратын лауазымдарына қарамастан Компанияның барлық жұмыскерлері үшін бірыңғай болып табылады.**

## Негізгі мақсаттар:

- Компанияның корпоративтік құндылықтарын анықтау және бекіту;
- Мінез-құлық қағидаттарын, іскерлік этика қағидалары мен нормаларын регламенттеу, оны қызметкерлер арасында одан әрі ілгерілету;
- кәсіби қызметтің жоғары сапасына қол жеткізу және Компания миссиясын орындау үшін атқаратын лауазымына қарамастан, Компанияның барлық қызметкерлерінің іскерлік әдеп нормаларын түсінуі және орындауы.

**Негізгі құндылықтар**

**Кәсібилік**

- Корпоративтік рух
- Жеке тұлғаның құндылықтары мен абыройын құрметтеу
- Іске берілгендік
- Жауапкершілік
- Отаншылдық
- Тәртіп

**Компания қызметкерлері өз міндеттерін орындау кезінде Компанияның барлық қызметкерлері үшін бірдей болатын келесі корпоративтік этикалық қағидаларды басшылыққа алады:**

1. **заңдылық –** халықаралық құқық нормаларын, Қазақстан Республикасының заңнамасын, Кодекстің ережелерін және Компанияның өзге де ішкі құжаттарын мүлтіксіз ұстану;
2. **адалдық –** Компания әлеуметтік қоғамның адамгершілік қағидаттарын, этикалық нормалар мен қағидаларды, сонымен қатар іскерлік айналым әдет-ғұрыптарын мүлтіксіз ұстанады, міндеттемелерін уақтылы орындайды және ұжымды және өз беделін биік ұстайды;
3. **субординация немесе орындылық және әділдік –** Компания қызметкерлерінің арасындағы қарым-қатынас тік субординацияны ескере отырып, қызметкерлердің өз міндеттерін орындау процесінде бір қызметкердің екінші қызметкерге тікелей бағынуы негізінде құрылады. Компанияның барлық жұмыскерлері атқаратын лауазымдарына қарамастан, өз іс-әрекеттерінде орындылық және әділдік қағидаттарын басшылыққа алулары тиіс;
4. **объективтілік –** бұл қағидат Компания жұмыскелерінің бірін қалдырмай барлығы үшін өз функцияларын және лауазымдық міндеттерін сырттан қандай да бір қысым көрсетілмей, құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірместен жүзеге асыру, сондай-ақ басшылық тарапынан өзіне объективті және әділ қатынасты қамтамасыз ету мүмкіндігін белгілейді;
5. **ар-ұждан –** барлық кәсіби және іскерлік қарым-қатынастардағы шынайылық және адалдық;
6. **құрмет –** Жалғыз акционерге, әріптестер мен қызметтестерге, азаматтардың құқықтары мен заңды мүделеріне тиісінше көңіл бөлу;
7. **ынтымақтастық және нәтижелілік –** стратегиялық және күнделікті міндеттерді шешу үшін күш-жігерді біріктіру, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін тату командада жұмыс істеу;
8. **құпиялылық –** Компания мен серіктестерінің құпия ақпаратына жауапкершілікпен қарау, оны қорғау және рұқсатсыз таратудың алдын алу бойынша шаралар қабылдау.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметі Компания мен жұмыскерлердің, басшылық пен бағынышты жұмыскерлердің, жұмыскерлердің бір-бірінің арасындағы өзара міндеттемелері негізінде құрылған. Өзара міндеттемелерді ұқыпты орындау – сындарлы жұмыстың қажетті шарты болып табылады.

Компания өз қызметкерлерімен қарым-қатынасты ұзақ мерзімді ынтымақтастық пен өзара сыйластық қағидаттары негізінде орнатады.

Серіктестермен қарым-қатынас адалдық пен өзара сыйластық, сот талқылауларына қарағанда келіссөздер басымдығы қағидаттарына негізделген.

Компания қызметкерлері іскерлік серіктестерге жасырын артықшылықтар мен басымдықтар бермейді.

Бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынаста Компания заң талаптарын басшылыққа алады және күмәнді немесе бұрмаланған ақпаратты таратуға жол бермейді.

**Қақтығыстар туындаған жағдайда, олар Компанияның ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген нормаларға сәйкес шешіледі.**

# ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

**Ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) – бұл Компанияның қаржылық-шаруашылық қызметін ішкі бақылауды қамтамасыз ету үшін Басқарма, Директорлар кеңесі анықтайтын және Компанияның өз мақсаттарына қол жеткізуі үшін және қызметін жүзеге асыруы кезінде тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған ұйымдастыру саясатының, процедуралардың, мінез-құлық пен іс-әрекет нормаларының, ішкі бақылау әдістері мен механизмдерінің жиынтығы.**

Компанияда Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 6 қыркүйектегі № 9 шешімімен бекітілген ҚазАгроҚаржы ішкі бақылау жүйесі туралы саясат қолданылады. Саясат ІБЖ ұғымдарын, мақсаттары мен міндеттерін, оның жұмыс істеу қағидаттарын, ішкі бақылау рәсімдерінің негізгі салалары мен негізгі компоненттерін, сондай-ақ ішкі бақылау субъектілерінің Компанияның ішкі бақылау жүйесінің рәсімдерін орындау және бағалау бойынша құзыреттері мен жауапкершіліктерін анықтайды.

Сонымен қатар, Компанияда ІБЖ тиімді жұмысын қамтамасыз ету тәртібін анықтау мақсатында, Басқарманың 2019 жылғы 5 тамыздағы № 24 шешімімен Компанияның ішкі бақылау жүйесі туралы саясатты іске асыру қағидалары бекітілген.

Ішкі бақылау жүйесіне қатысушыларының құзыреті олардың ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, бекіту, қолдану және оның тиімділігін бағалау рәсімдеріндегі рөліне байланысты шектеледі.

Ішкі бақылау жүйесінің жұмысын қамтамасыз ету бизнес-процестердің барлық иелеріне жүктеледі, алайда, ең алдымен, жауапкершілікті Компанияның ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты құрылымдық бөлімшенің басшылары мен қызметкерлері көтереді, оларға тиімді ішкі бақылауды күнделікті жүргізу үшін тиісті міндеттер белгіленіп беріледі.

Директорлар кеңесі мен Басқарма ішкі бақылау жүйесіне қатысушылардың бірі бола отырып, Компания ішінде және үшінші тұлғалармен тік және көлденең байланысты қамтамасыз ететін коммуникацияның тиімді арналары мен құралдарын ұйымдастыруды қамтитын ақпараттық қолдау және ақпаратпен алмасу жүйесін қалыптастыру және қолдау үшін өз құзыреті шегінде жауапты болады.

Ақпарат және оны беру – бұл қажетті және тиісті ақпаратты сәйкестендіру, құжаттау және лауазымды тұлғалардың назарына уақытылы жеткізу процесі болып табылады, сонымен қатар Компанияда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесінің бар болуын көздейді.

**Ішкі бақылауды жүзеге асыру мақсаттарында Компанияда үш шепті қорғау құрылған:**

- бірінші қорғау шебі, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінде Басқарма Төрағасының бұйрығымен Қоғам қызметкерлерінің ішінен ішкі бақылаушылар тағайындалады;
- екінші қорғау шебі, Компанияның бақылау функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелері;
- үшінші қорғау шебі, Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау арқылы Ішкі аудит қызметі қамтамасыз етеді.

## Ішкі бақылау жүйесі

ҚОРҒАНЫС ШЕГІЛЕР

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| Барлық құрылымдық бөлімшелер | Бақылау құрылымдық бөлімшелері | Ішкі аудит қызметі |
| Ішкі бақылаушылар | Тәуекелдерді бақылау | ІБҚ тиімділігін тәуелсіз және объективті бағалау |
| Операцияларды тексеру | Заңгерлік блок | |
| ІБ бойынша басшыға жәрдем | Экономикалық қауіпсіздік | |
| 2-ші және 3-ші қорға-ныс шектерімен өзара әрекеттесу | Комплаенс бақылаушы | |
| Жұмыскерлерді оқыту мәселелері | Персоналмен жұмыс | |
| Бұзушылықтар туралы ақпарат беру | Филиалдардың жұмысын бақылау | |

Сонымен, Компанияның ішкі бақылау жүйесі корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады, Компанияны басқарудың барлық деңгейлерін, барлық ішкі процестер мен операцияларды қамтиды.

Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін «ҚазАгроҚаржы» АҚ ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша 2019–2021 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді. Жоспар бес компоненттен тұратын іс -шараларды қамтиды: бақылау ортасы, тәуекелдерді бағалау, бақылау процедуралары, ақпарат және коммуникациялық арналар, мониторинг.

**2020 жылы осы жоспарды іске асыру шеңберінде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылды:**

- ішкі бақылау жүйесінің корпоративтік мәдениеттегі және жұмыскерлердің санасындағы рөлін күшейту мақсатында, сол сияқты қызметкерлердің ішкі бақылау жүйесі туралы білім деңгейін көтеру мақсатында тоқсан сайынғы негізде Компания қызметкерлері үшін ІБЖ мәселелері бойынша оқыту тренингтері өткізілді;
- басқарушылық есеп берудің жекелеген түрлері автоматтандырылды;
- ІБЖ-нің коммуникация арналарына олардың тиімділігі тұрғысынан талдау жүргізілді;
- ІБЖ ағымдағы мониторингі жүргізілді, тиісті есепті Директорлар кеңесі қарады және бекітті.

Болашақта компания жүйені дамытуды жалғастырады және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

# ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

**Ішкі аудит қызметінің (ІАҚ) жұмысы Ішкі аудит қызметі туралы ережеге және Этика кодексіне, сапа стандарттары мен Ішкі аудиторлардың халықаралық институтымен белгіленген ішкі аудиторлардың қызметі стандарттарына негізделетін Ішкі аудитті ұйымдастыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.**

ІАҚ миссиясы Директорлар кеңесі мен Басқармаға олардың Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу бойынша міндеттерін орындауға жәрдемдесу болып табылады.

ІАҚ мақсаты Директорлар кеңесіне Компанияда тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен кеңестер беру болып табылады.

Жылдық тәуекелге бағдарланған аудит жоспарларын Директорлар кеңесі қарайды және бекітіді. 2020 жыл ішінде ІАҚ 12 аудиторлық тапсырманы орындады. Тексерулер Компанияның орталық аппаратының 10 құрылымдық бөлімшесі мен 1 филиалын қамтыды (кредиттік және лизингтік қызметтің аудиті, проблемалық қарыздармен жұмыс және т.б.).

Жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша ІАҚ тиісті ұсыныстар берді.

ІАҚ ұсыныстардың орындалуын бақылайды және Ішкі аудит комитеті мен Директорлар кеңесіне қызмет барысы туралы баяндап отырады.

ІАҚ басшысы үнемі Ішкі аудит жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесі алдында жүргізілген ішкі аудит нәтижелері туралы есеп береді.

Ішкі аудит жөніндегі комитет ІАҚ басшысымен ішкі аудиторлық тексерістердің тиімділігін талқылайды.

Компанияда ІАҚ қамтамасыз ету және оның сапасын арттыру бағдарламасы қолданыста, оған сәйкес ішкі аудиторлар кәсіби біліктіліктерін үнемі үздіксіз дамытып отырады. 2020 жылы ІАҚ мамандары DipIFR – Diploma in International Financial Reporting – (Халықаралық қаржылық есептілік бойынша диплом, Британияның сертификатталған машықты бухгалтерлер қауымдастығы (АССА) құрған) бағдарламасы бойынша оқыды.

Компанияның ішкі құжаттарында ІАҚ қызметін бағалау көзделген, ол ІАҚ қызметін ішкі және сыртқы бағалауды қамтиды. ІАҚ мен оның қызметкерлерінің қызметін ішкі бағалау тоқсан сайын және жыл сайын кезеңділікпен жүргізіледі.

ІАҚ қызметін сыртқы бағалауды (тәуелсіз бағалауды) тәуелсіз сыртқы сарапшы кемінде бес жылда бір рет жүргізеді немесе сарапшы немесе тәуелсіз сыртқы растаумен өзін-өзі бағалау түрінде жүргізіледі.

Атап айтқанда, 2019 жылдың төртінші тоқсанында «Crowe Audit KZ» ЖШС компаниясы ІАҚ қызметінің сапасын сыртқы тәуелсіз бағалауды жүргізді, оның нәтижелері бойынша Ішкі аудит қызметінің жұмысы ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес келетіні және ІАҚ қызметкерлері білікті, қызметтік міндеттерін орындау үшін жеткілікті кәсіби білім мен машықтары бар мамандар болып анықталды.

# СЫРТҚЫ АУДИТ

**«BDO Kazakhstan» ЖШС ҚазАгроҚаржының 2020 жылғы қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйым ретінде белгіленді. Есепті жылы бұл ұйым қаржылық есептілік аудтімен байланысты емес қызметтер көрсетпеген.**

Аудиттің қорытындылары бойынша, аудитордың пікірі «Сөзсіз оң». Қаржылық есептілік Компанияның 2020 жылғы 31 желтоқандағы жағдай бойынша қаржылық ахуалын барлық елеулі аспектілерінде, сонымен қатар оның жыл ішіндегі қаржылық көрсеткіштері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес (ХҚЕС) шынайы көрсетеді.

Сыртқы аудитор мен аудиторлық ұйымның негізгі персоналын тағайындау мен ротациялауға қатысты, аудиторлық ұйымның қаржылық есептілік аудитімен байланысты емес қызметтерін мақұлдау бойынша Компания Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы шешімімен бекітілген және Компанияның **www.kaf.kz** корпоративтік сайтында жарияланған Компанияның сыртқы аудит саясатын басшылыққа алады.

## Вознаграждение аудитора, тыс. теңге

| Қызметтер | 2018 | 2019 | 2020 |
|---|---|---|---|
| Жылдық аудит | 25 227 | 30 240 | 29 008 |
| Жарты жылдық шолу | 10 612 | 12 736 | – |
| Жұмыскерлерді оқыту қызметтері | 1 555 | 899 | – |
| Сыйақының жалпы көлеміндегі аудиторлық емес қызметтердің үлесі (%) | 4,16 | 2,05 | – |
| **Жиыны** | **37 394** | **43 875** | **29 008** |

04

# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

**«ҚАЗАҚСТАН АГРО ИННОВАЦИЯЛЫҚ КОРПОРАЦИЯСЫ» ЖШС**

Ауыл шаруашылығы, мамандандырылған және коммуналдық техника құрастыруды және жеткізуді жүзеге асыратын компания. Кәсіпорынның өндірістік қуаттарында «УКХ Бобруйскагромаш» ААҚ зауытының, «Ростсельмаш» комбайн зауыты» ЖШҚ, «Рубцовский зауыты» ЖАҚ, «Минск трактор зауыты» ААҚ техникаларының кең ауқымы шығарылады.

**ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН**

Барлығы өндірілді

**5 000 БІРЛІК ТЕХНИКА**

www.kaf.kz



**Орналасқан жері**



## КӨКШЕТАУ

**Техника түрі**

- «Amity» маркалы сепкіштер
- «Акрос», «Torum 750» маркалы комбайндар «Buhler
- Versatile 2375», «Беларус» маркалы тракторлар
- 2016 жылдан бергі тіркемелі және аспалы техника

**ҚазАгроФинанс арқылы сатылды**

**1 324** БІРЛІК ТЕХНИКА

**Сомасына сатылды**

**16,5** МЛРД ₸

Шығарылған көлемнің 26,5%-ы

# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

**ҚазАгроҚаржыда тәуекелдерді айқын сәйкестендіруді, тиімді басқаруды және үнемі мониторингтеуді қамтамасыз етуге арналған және теріс факторлардың Компания қызметіне әсер етуін шектеу жолымен қызметтің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған тәуекелдерді басқарудың нысандандырылған, нақтыланып әзірленген жүйесі жұмыс істейді.**

Тәуекелдерді басқару «ҚазАгроҚаржы» АҚ-да үнемі жүргізілетін үздіксіз процесс болып табылады және Компанияның алқалы органдарын, уәкілетті органдарын, құрылымдық бөлімшелерін және жұмыскерлерін тарта отырып, барлық деңгейлерде жүзеге асырылады.

**Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі қағидаттары:**

- акционерлік капиталдың құнын құру және қорғау;
- жүйелілік, құрылымдылық және уақтылық;
- хабардарлық;
- белгісіздікпен жұмыс;
- бейімделгендік;
- ашықтық және кешенділік;
- жауап беру және қайталанушылық;
- үнемі жетілдіру.

- Директорлар кеңесі
- Басқарма
- Тәуекел менеджменті
- Құрылымдық бөлімшелер
- Ішкі аудит қызметі

www.kaf.kz

## Тәуекелдерді басқарудың ұйымдық құрылымы графикалық түрде

**Аудит комитеті**

Тәуекелдерді басқару жүйесінің қолданылуын қамтамасыз ету, тәуекел тәбеті мен тәуекелге төзімділік деңгейлерін белгілеу

**Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдер жөніндегі комитет**

**Тәуекелдер жөніндегі комитет**

Тәуекелдерді басқару регламентін, әдістемелерін, қағидаларын, әзірлеу, тәуекел тәбеті мен тәуекелге төзімділік лимиттерін және бекітілген деңгейлерін сақтау арқылы басқару саясатын іске асыру

**Кредит комитеті**

Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, тәуекелдерді басқару, бақылау, мониторингтеу бойынша шаралар қабылдау, тәуекел тәбеті мен тәуекелге төзімділіктің бекітілген деңгейлерінің сақталуын бақылау

Өз құзыретінің шегінде тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, тәуекел тәбеті мен тәуекелге төзімділіктің деңгейлерін сақтау бойынша іс-шараларды іске асыру

Тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесін тиімділігін бақылау және бағалау

**Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дамыту үшін қорғаудың үш шебі енгізілген.**

Қоғамның стратегиялық мақсаттары

Сыртқы реттуіштер

Мақсат иелері

Директорлар кеңесі

Басқарма

Ішкі аудит қызметі

| | | |
|---|---|---|
| Тәуекелдер мен тәуекел факторларының иелері, Тәуекелдедің авторлары, Қоғамның басшылары/қызметкерлері/тәуекелді үйлестірушілер | Тәуекел менеджерлері, ТМД қызметкерлері/ІБҚ қызметкерлері | Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері |
| 1 қорғау шебі | 2 қорғау шебі | 3 қорғау шебі |
| Бизнес-талаптарды сақтау/тұрақтылық | Тәуекелдерді басқару | Ішкі аудит |
| Реттеуші талаптарды сақтау | Ішкі бақылау | |

www.kaf.kz

## Бірінші қорғау шебі

операциялық басқару және тәуекелдерді басқару деңгейінде болып табылады. Құрылымдық бөлімшелер мен филиалдардың басшыларынан, тәуекелдерді үйлестірушілерден тұрады: негізгі жауапкершілік – тәуекелдерді сәйкестендіру, тәуекелді бағалауға қатысу, тәуекелдерді барынша азайту. Құрылымдық бөлімшелер мен филиалдардың басшылары тәуекел-факторлар мен тәуекел факторларының иелері болып табылады.

## Екінші қорғау шебі

Компанияның стратегиялық мақсаттарына жету жағынан тәуекелдерді бақылау және бақылау функцияларымен анықталады. Тәуекелдерді басқару бойынша құрылымдық бөлімше атқарады: негізгі жауапкершілік – тәуекелдерді басқару, СТДК тиімділігін қадағалап отыру, құқықтық / әкімшілік қағидалар мен регламенттерді сақтау, стратегиялық мақсаттарға жетуге кедергі келтіретін мәселелер мен бұзушылық фактілерін зерттеу.Директорлар кеңесі мен Басқарма мақсат иелері болып табылады.

## Үшінші қорғау шебі –

тәуекелдерді басқарудың әзірленген әдістері мен процестерінің тиімділігін бағалау функциясы. ІАҚ атқарады: негізгі жауапкершілік –бірінші және екінші қорғау шебінің тиімділігін қоса, Директорлар кеңесі мен Басқармаға тәуекелдерді басқару тиімділігінің көрсеткіштерін растау.

**Қорғаудың әр деңгейінде тәуекелдерді тиімді басқару мүмкіндігі үшін Компанияның әр қызметкерінің үш деңгейлік модельге қосылатын негізгі рөлдік функциялары анықталды. Мынадай рөлдер анықталды:**

- мақсаттар иесі – бақылау ортасын қалыптастыруға, тәуекелдерді басқару жүйесінің Компанияның даму мақсаттарына сәйкес тиімді жұмыс істеуі үшін жағдай қамтамасыз етуге жауапты Компанияның бірінші басшысы;
- тәуекел иелері – қызметтің қандай да бір бағытын немесе қандай да бір бизнес-процестердің жиынтығына жетекшілік ететін және мақсаттарға жетуге бағытталған топ-менеджерлер (басқарушы директорлар);
- тәуекел факторларының иелері – тәуекел факторының ықтималдығын және нәтижесінде тәуекелдің өзінің орын алу ықтималдылығын төмендету бойынша іс-шараларды тікелей жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелердің (және/немесе филиалдардың) басшылары;
- тәуекел үйлестірушілері – құрылымдық бөлімшелер ұшыраған сәйкестендірілген тәуекелдер туралы ақпарат жинауды жүзеге асыратын Компания (және/немесе филиал) жұмыскерлері.

## «ҚазАгроҚаржы» АҚ тәуекелдерін басқаруды ұйымдастыру архитектурасы




«ҚазАгроҚаржы» АҚ тәуекелдерді басқару жүйесі – бірыңғай процеске біріктірілген өзара байланысты компоненттердің жиынтығы, оның шеңберінде Директорлар кеңесі, Басқарма және Компания жұмыскерлері әрқайсысы өз деңгейінде «ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметіне әсер етуі мүмкін ықтимал теріс оқиғалар мен мүмкіндіктерді айқындауға, сонымен қатар осы оқиғаларды негізгі мүдделі тараптар үшін қолайлы тәуекел деңгейінің шеңберінде басқаруға қатысады.

**Компанияда тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жүйелік дамыту мен жетілдіруді жүзеге асыру мақсатында ҚазАгроҚаржының тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдіру бойынша 2019–2025 жылдарға арналған іс -шаралар жоспары әзірленді және бекітілді. 2020 жылы бұл жоспарды жүзеге асыру мақсатында мынадай іс -шаралар жүргізілді:**

- Банктердің тікелей және шартты міндеттемелері бойынша лимиттерді белгілеу әдістемесі, Негізгі және қосалқы бизнес-процестер бойынша тәуекелдер мен бақылау матрицасы, Тәуекелдерді басқару регламенті, кредит комитеттерінің қызметін реттейтін ережелер сияқты бірқатар ішкі құжаттар өзектендірілді;
- тоқсан сайын тәуекел тәбетінің өзгеруіне ықпал ететін тәуекел факторларын бақылау жүргізіледі және қабылданған тәуекелдер туралы есеп Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылады;
- тәуекелдерді басқару бойынша жұмыс, соның ішінде 2015 - 2019 жылдардағы кезең ішінде алынған машиналар мен жабдықтарды талдау, филиалдың рейтингісін анықтау мақсатында филиалдардың қарыз портфелін талдау, Компанияның лизинг нысаналары мен кепілдерін сақтандыруды мониторингтеу және бақылау тұрақты түрде жүзеге асырылады;
- тәуекелдердің туындау ықтималдығын ерте анықтау және қызмет көрсеткіштерін орындау мақсаттарында негізгі тәуекел индикаторлары мерзімді түрде қадағаланып отырады.
- Директорлар кеңесі тоқсан сайын тәуекелдер картасы мен тізілімін, сонымен қатар Тәуекелдерді барынша азайту жоспары, Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспары шеңберіндегі іс-шаралардың орындалуын қарайды;
- тәуекел мәдениетін жоғарылату мақсатында Компания қызметкерлерін олардың тәуекел менеджментіне қатысты біліктілігін арттыруға оқыту бойынша іс-шаралар жүргізілді;
- тәуекел менеджменті бөлімшесінің қызметкерлерін сертификаттау жүргізілді, олар ISO (ағылш. International Organization for Standardization) стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның сертификатын алды.



# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ

**ҚазАгроҚаржыда тәуекелдерді үнемі сәйкестендіру, оларды бағалау және тәуекелдерді басқару шараларын әзірлеу жүзеге асырылады. Компания өз қызметін бизнеспен байланысты және стратегиялық тәуекелдер, кредиттік тәуекелдер, қаржылық тәуекелдер, операциялық тәуекелдер және құқықтық тәуекелдер санаттары бойынша бөлінген тәуекелдердің кең ауқымын ескере отырып жүргізеді.**

## ҚазАгроҚаржы 2020 жылы ұшырауы мүмкін болған негізгі тәуекелдер

- **NPL деңгейін жоғарылатуға қатысты**
  Компания ағымдағы мерзімі өткен қарызбен жұмысты, жобаларды уақытында проблемалық деп тану және оларды қарызды өндіріп алумен айналысатын бөлімшелерге процедуралар мен белгіленген мерзімдерге сәйкес беру жұмысымен қоса, проблемалық жобалар бойынша іс-шараларды тұрақты түрде жүргізеді. Адал қарыз алушыларды тарту арқылы кредиттік портфельді ұлғайту бойынша жұмыс жүргізілуде. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша NPL деңгейі 13,51% құрады. 2020 жылға арналған тәуекел тәбеті 15,5% деңгейінде бекітілген.

- **Беделдік тәуекелге қатысты**
  Компания ұжымда беделдік тәуекелді талқылау және қызметкерлерді (оның ішінде жаңадан қабылданғандарды) Компанияның мінез-құлық пен этикаға қатысты ішкі құжаттарымен таныстыру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізеді. Компанияда электрондық және баспа БАҚ-н, сондай-ақ Интернет желісін мониторингтеу және жылдық контент-талдауды дайындау жүргізіледі. «Қазнеттегі еске салударды талдау» есебіне сәйкес, Қазақстан тұрғындары ҚазАгроҚаржы туралы негізінен жағымды пікірде. Сондай-ақ, Қоғам қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық қылмыстарының алдын алу шаралары (оқыту, дәрістер және т.б.) жүргізіледі.

  Қазіргі уақытта Комплаенс қызметі клиенттердің өтініштерін (шағымдарын) талдау және олардың себептерін анықтау бойынша тұрақты түрде жұмыс жүргізуде. Бұл жұмыс тәуекелдерді неғұрлым тиімді бағалауға және жеңілдетуге ықпал етеді.

- **Кепіл мен лизинг нысаналарын жоғалту қаупіне қатысты**
  Лизинг нысаналарын жеткізушілермен жүргізілген жұмыс шеңберінде лизинг нысаналарының уақтылы жеткізілмеу тәуекелдерінің іске асуын болдырмау үшін, өнім берушілердің сенімділігін оларды іріктеу сатысында бағалау тұрақты негізде жүргізіледі, келешекте өнім берушілерді міндеттемелерді орындау мерзімдерінің басталғаны туралы алдын ала хабардар ету бойынша жұмыс жоспарлануда.

- **HR-тәуекелдерге қатысты (кадрлардың тұрақтамауы, Компанияның ішкі құжаттарының сақталмауы / қызметкерлердің біліксіздігі)**
  Компанияда жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлердің біліктілігін арттыру бойынша іс-шаралар тұрақты негізде жүргізіледі. Тиімді дәйекті бизнес-үдерісті құру мақсатында жыл сайын бизнес-процестрді жетілдіру (автоматтандыру) өтеді. Күтпеген мән-жайлар туындаған жағдайда кадрлардың ауыстырылуын қамтамасыз ету жүзеге асырылады (кадрлық резерв). Тәуекел мәдениетін арттыру бойынша жыл сайын бекітілетін іс-шаралар жоспары аясында жылына бір рет кредиттік және лизингтік қызметпен айналысатын қызметкерлерді Компанияның ішкі құжаттарын білу дәрежесін тестілеу жүргізіледі.

- **Компания қызметіне пандемияның әсеріне қатысты**
  Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты (Covid-19/КВИ), 2020 жылғы 16 наурыздан бастап 2020 жылғы 11 мамырға дейінгі кезеңде Қазақстан

www.kaf.kz

Республикасының барлық аймақтарында ТЖ режимі енгізілді. Өмір мен денсаулықты қорғау, жұмыскерлер арасында КВИ таралуын болдырмау, сонымен қатар процестердің үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсаттарында Басқарма Бизнестің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарын әзірлеп, бекітті, оған сәйкес Компания қызметкерлерінің көпшілігі қашықтан жұмыс істеу режиміне ауыстырылды, қызметтік іссапарлар шектелді. Бұл жоспар Компанияның өзіне жүктелген функциялар мен міндеттерді іркіліссіз жүзеге асыруына мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасындағы төтенше жағдай режимі кезеңінде Компания қаралып отырған кезеңде қызметі уақытша тоқтатылған клиенттерге қысқа мерзімді техникалық қайта құрылымдауды (төлемдердің мерзімдерін шегеруді) ұсынды.

- **IT-тәуекелдерге қатысты**

  Компанияда деректердің сыртқы резервтік көшірмесі жасалады. Деректерді өңдеу орталығы (ДӨО) - бұл деректерді сақтаудың ортақ желісіне қосылған қолда бар серверлердің аумақтық бөлінген кластерлік (қайталанатын) конфигурациясы болып табылады. Алшақтатылған кластердің тораптары резервтік алаңда орналастырылып, бірыңғай жүйе құрады. Бұл ДӨО жоғалған жағдайда да сервистерге үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, Компанияда Ақпараттық жүйелердің үздіксіздігі бойынша жоспар әзірленген. Қазіргі уақытта Директорлар кеңесінің жанында Автоматтандыру мәселелері жөніндегі комитет құрылған.

- **Акционердің ауысуына қатысты**

  Мемлекет Басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауында «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ-н «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-на қосу жолымен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-н қайта ұйымдастыру бойынша іс-шара жоспарланған. Холдингтерді трансформациялау процесі тиісті жол картасының шеңберінде жүзеге асырылады. «ҚазАгро» холдингі» АҚ-н трансформациялаудың әсерін барынша азайту шараларын әзірлеу мақсатында Компанияда жұмыс топтарында қайта ұйымдастырудың «ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметіне әсерін бағалау бойынша талқылау жүргізілді.

- **Тәуекелдерді басқару бойынша басқа мәселелер**

  Тәуекелдерді басқару бойынша жұмыс тұрақты түрде жүргізіледі, соның ішінде 2015-2019 жылдардағы кезең ішінде алынған техника мен жабдықтарды талдау, филиалдың рейтингісін анықтау мақсатында филиалдардың қарыз портфелін талдау, Компанияның лизинг нысаналары мен кепілдерін сақтандыруды мониторингтеу және бақылау тұрақты түрде жүзеге асырылады.

  Банктердің тікелей және шартты міндеттемелері бойынша лимиттерді белгілеу әдістемесі, Негізгі және қосалқы бизнес-процестер бойынша тәуекелдер мен бақылау матрицасы, кредит комитеттерінің қызметін реттейтін ережелер сияқты бірқатар ішкі құжаттар өзектендірілді.

  Тәуекелдердің туындау ықтималдығын ерте анықтау және қызмет көрсеткіштерін орындау мақсаттарында негізгі тәуекел индикаторлары мерзімді түрде қадағаланып отырады. Директорлар кеңесі тоқсан сайын тәуекелдер картасы мен тізілімін, сонымен қатар Тәуекелдерді барынша азайту жоспары, Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспары шеңберіндегі іс-шаралардың орындалуын қарайды. Компанияда Тәуекел мәдениетін жоғарылату бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес оқыту, тәуекел менеджменті машықтарын жетілдіру іс-шаралары өткізіледі.

**Алдағы уақытта Компания тәуекелдерін басқару бойынша іс-шараларды жүзеге асыру жұмысы жалғастырылатын болады.**

05

# МАРКЕТИНГТІК ҚЫЗМЕТ

**«СЕМАЗ» ЖШС**

Қазақстанда ауыл шаруашылығы және жүк техникасын шығарып отырған ірі өндіруші. Зауыт серіктестерінің қатарында әлемнің жетекші концерндері бар: «Минск трактор зауыты», «УралАЗ», «ГАЗ», «Shaanxi», «FOTON».

**ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН**

Барлығы өндірілді

**9 400** БІРЛІК ТЕХНИКА

www.kaf.kz



**Орналасқан жері**

**СЕМЕЙ**



**Техника түрі**

- «Беларус» маркалы тракторлар
- ауыл шаруашылығы мақсатындағы 2009 жылдан бергі жүк машиналары

**ҚазАгроФинанс арқылы сатылды**

**5 644** БІРЛІК ТЕХНИКА

**Сомасына сатылды**

**29,8** МЛРД ₸

Шығарылған көлемнің 60%-ы

# АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

**Ақпаратты ашып көрсету Компанияның мүдделі тараптармен өзара ықпалдасуының маңызды құралдарының бірі болып табылады, ол барлық стейкхолдерлермен ұзақ мерзімді, ашық және сенімді қарым-қатынастың қалыптасуына ықпал етеді, сонымен қатар Компанияның инвестициялық тартымдылығын арттырады.**

ҚазАгроҚаржы әр түрлі мүдделі тараптар үшін ақпараттың жоғары сапалы түрде ашылуын қамтамасыз етуге және ашықтық деңгейін арттыруға ұмтылады.

Мүдделі тараптардың мүдделерін қанағаттандыру үшін Компания Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ақпаратты, сондай-ақ қаржылық жағдайды, қызмет нәтижелерін, меншік және басқару құрылымын қоса алғанда, қызмет туралы ақпаратты уақытылы және анық ашады.

Компанияда ақпаратты ашып көрсетудің мақсаттары мен қағидаттарын, нысандары мен тәсілдерін, ақпаратты ашуға жауапты тұлғалар тобын (органдарды), мүдделі тұлғаларға ашуға жататын жалпыға қолжетімді ақпарат тізбесін, сондай-ақ коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат тізбесін айқындайтын Компания қызметі туралы ақпаратты ашу саясаты бекітілген және қолданылады (2021 жылғы наурызда бұл Саясат жаңа редакцияда бекітілді).

**Компанияның ақпаратты ашу қағидаттары:**

1. **ақпаратты ашудың жүйелілігі және уақтылығы қағидаты –** заңнамада және ішкі құжаттарда көзделген ақпаратты ұсыну мерзімдері мен жүйелілігін сақтауға қатысты Компанияның жауапкершілігі. Компания мүдделі тараптарға тұрақты түрде ақпарат берудің маңыздылығын олардың Компанияның қызметін тұтастай түсінуі үшін қажетті шарт ретінде түсінеді. Ақпарат оқиғаның басталу фактісіне сәйкес оның маңыздылық дәрежесі бойынша және оның жария түрде уақтылы ашылуы ескеріле отырып ұсынылады.

2. **Ақпараттың ашықтығы және қолжетімділігі қағидаты –** Компанияның еркін қол жеткізуге болатын, ауыртпалық түсірмейтін және шығыны аз ақпарат тарату арналарын таңдауы, сондай-ақ коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратқа қатысты құпиялылық режимінің сақталуын ескере отырып, Компанияның өз қызметі туралы ақпараттың барынша ашықтығын қамтамасыз ету ниеті;

3. **анықтық және толықтық қағидаты –** Компанияның мүдделі тараптарға шындыққа сәйкес келетін және ашылатын фактіні немесе оқиғаны толық көлемде түсіну үшін жеткілікті ақпарат ұсынудағы жауапкершілігі. Компания ұсынылатын ақпараттың үшінші тұлғалар тарапынан бұрмаланбауын қадағалап отырады және мұндай факт анықталған жағдайда, бұрмалаулар мен қателіктерді жою бойынша шаралар қабылдайды.

Егер мұндай ақпарат құпия болып табылмаса және мүдделі тараптардың инвестициялық және басқа да шешімдер қабылдауына әсер ете алатын болса, Компания өзі туралы теріс ақпаратты ашудан тартынбайды.

Компания заңнамаға сәйкес ашылуы міндетті ақпараттан басқа, өзінің ағымдағы және жоспарланған қызметі туралы ақпаратты, сондай-ақ компанияның барлық мүдделі тараптарының толық түсінуі үшін өзге де ақпаратты ұсынады.

4. **теңгерімділік қағидаты –** мүдделі тараптардың ақпарат алу құқықтарын барынша іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында, бірақ коммерциялық, қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратқа қолжетімділікті шектеу бөлігінде Компанияның, оның Жалғыз акционерінің мүдделерін қатаң сақтау шартымен Компанияның бір жағынан ашықтықтың және екінші жағынан құпиялылықтың ақылға қонымды теңгерімін қамтамасыз етуі.

   Қызмет туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаты Компанияның Корпоративтік басқару кодексінде де бекітілген. Компания Жалғыз акционердің негізделген шешімдер қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, сондай-ақ мүдделі тараптардың назарына өзінің қызметі туралы ақпаратты жеткізу мақсатында, Жалғыз акционердің және мүдделі тараптардың алдында компания туралы, оның ішінде оның қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, қызметінің нәтижелері, меншік және басқару құрылымы туралы дәйекті ақпараттың уақтылы ашылуын қамтамасыз етеді.

**Ақпаратты ашудың негізгі арналары:**

- Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсы;
- Қазақстан қор биржасының интернет-ресурсы;
- Компанияның корпоративтік сайты;
- Facebook, Instagram, Twitter әлеуметтік желілері.

**Есепті кезең ішінде корпоративтік интернет-ресурстарында ақпарат орналастыру бойынша бұзушылықтар тіркелген емес.**

## Проблемалар туралы шағым беру және ақпараттандыру механизмі

**Компания өз қызметін жүргізуде ашықтық қағидатын ұстанады және кері байланыс алу үшін ашық. Компанияның бұл бағыттағы қызметі басым бағыттардың бірі болып табылады.**

Экономикалық және ақпараттық қауіпсіздікті және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды қамтамасыз ету мақсатында Компанияда халықпен, қарыз алушылармен және лизинг алушылармен кері байланыс ұйымдастырылған.

Өтініш жасау – бұл Компания қызметінің осал тұстары айқындалатын индикатор; бұл бұзушылықтарды және оларға ықпал ететін себептерді жою бойынша дереу шаралар қабылдау сигналы.

### Өтініштерді және өтініштермен байланысты сұрауларды өңдеу тәртібі

Жауапты құрылымдық бөлімше (өтініш филиалға түскен жағдайда – филиалдың кеңсесі) | Басқарушы директор (өтініш филиалға түскен жағдайда – филиалдың басшысы) | Комплаенс қызметі



**Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін тиісінше қарау үшін 2020 жылы өтініштермен жұмыс істеудің қолданыстағы тәртібіне бірқатар өзгерістер енгізілді, атап айтқанда:**

- өтініштерді қабылдау, тіркеу, қарау регламенттері белгіленді;
- электрондық есепке алу жүйесінде өтініштерді жеке есепке алу енгізілді;
- іс-әрекетіне шағым жасалып отырған немесе өтініштің объективті қаралуына мүдделі емес тұлғаның өтінішті қарауына жол бермеу мақсатында, орындаушыны анықтау тәртібі регламенттелді;
- өтініштері қарау мерзімі белгіленді;
- комплаенс қызметінің Компания қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық, алаяқтық, өзге де өкілеттіктерді теріс пайдалану фактілері бойынша өтініштерді ерекше қарауы бекітілді;
- Компания қызметін жетілдіру және шағым жасалуына әкелетін себептерді жою бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында өтініштерді, ондағы сыни ескертулерді талдау мен қорыту міндеті қарастырылды;
- өтініштерді өңдеу тәртіп-схемасы әзірленді.

www.kaf.kz

**Құрылымдық бөлімше (өтініш филиалға түскен жағдайда – филиалдың жұмыскері)**

**Іс-әрекетіне шағым жасалған жұмыскер, бөлімше (филиал)**

**Адресат (өтініш беруші, мем. орган немесе ұйым)**



Басқарма бекіткен Құжаттау қағидаларына тиісті өзгерістер енгізілді. Қазіргі уақытта Құжаттау қағидаларының жаңа редакциясында бекітілген өзгерістерді тиімді қолдануға бағытталған IT-шешімдерді енгізу бойынша іс-шаралар жүзеге асырылуда.

Жұмысты жетілдіру мен жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын туғызатын себептерді жою мақсатында Комплаенс қызметі өтініштерде қамтылған сыни ескертпелерді талдауды және қорытуды жүзеге асырды. Талдау қорытындысы бойынша Компания қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық, алаяқтық, өкілеттіктерді теріс пайдалану фактілері бойынша өтініштер түскен емес.

Компанияның және (немесе) оның қызметкерлерінің қызметінде бұзушылықтар, бизнес-процестердегі кемшіліктер анықталған жағдайда жедел шаралар қолдану қажет болған кезде, Комплаенс қызметі анықталған бұзушылықтардың себептерін жою бойынша ұсынымдармен қоса қорытынды дайындайды.

Компанияда жедел желі енгізілді және Орталық аппарат пен Компания филиалдарында «Азаматтардың өтініштері үшін» пошта жәшіктері орнатылды. Бұдан басқа, Компанияның корпоративтік сайтында «Кері қоңырау» функциясы іске қосылды, оны клиенттер белсенді түрде пайдаланады.

**Компания мен оның қызметкерлерінің қызметіндегі комплаенс-тәуекелдерді анықтау құралы ретінде Компанияда бастамашылық ақпараттандыру желісінің тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін (оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг) мынадай іс-шаралар жүргізілді:**

1. жедел желі үшін бөлек телефон нөмірі бөлінді: +7 (7172) 580-411. Жедел желіге қоңырау соғу ішкі нөмірді теріп, оператордың жауабын күтусіз жүзеге асырылады, қоңыраудың автоматты түрде жауапты тұлғаларға келесі ретпен қосылуы орнатылған::
   - **Қауіпсіздік департаменті**
   - **Комплаенс қызметінің басшысы**
   - **Комплаенс қызметінің менеджері**
2. жедел желінің электрондық поштасына хабарламалар жеткізу орнатылған: **hotline@kaf.kz.** Хабарламалар бір мезгілде Қауіпсіздік департаментінің жауапты жұмыскерінің, Комплаенс қызметінің басшысы мен менеджерінің корпоративтік поштасына түседі;
3. корпоративтік сайтта КЖ/ТҚҚІҚ рәсімдері бойынша комплаенс қызметінің жұмысы туралы, бастамашылық ақпараттандыру, ақпараттың құпиялылығы арналары туралы мәліметтер жаңартылды;
4. корпоративтік сайтта Комплаенс қызметінің электрондық поштасына хабарламалар жіберуге арналған нысан орнатылды.

**Аталған іс-шаралар бастамашылық ақпараттандыру арналарының барлығы бойынша өтініштерді Комплаенс қызметінің бақылап отыруы арқылы құқық бұзушылықтарды уақтылы айқындауға және олардың алдын алуға бағытталған.**

# БРЕНДИНГ ЖӘНЕ PR САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ

**2020 жылы оң имиджді нығайту және қаржыландыру мүмкіндіктері туралы клиенттерді хабардар ету үшін, Компания бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде кең ақпараттық науқан жүргізді.**

Жыл бойы Компанияның коммуникациялық стратегиясы аясында Facebook, Instagram, Twitter желілеріндегі ресми беттерде ақпараттық хабарламалар орналастырылды. Республикалық интернет-порталдарда және облыстық басылымдарда Компания қызметі туралы материалдар мен мақалалар жарияланды.

Бұқаралық ақпарат құралдарында ҚазАгроҚаржының ауыл шаруашылығы техникасын қаржыландыруы туралы ақпарат жарияланды, кейбір облыстық газеттерде егіс науқанына дайындық туралы Компания қызметі тұрғысынан дайындалған материалдар жарияланды. Бұдан басқа, елдегі төтенше жағдай кезеңінде қарыз алушыларды қолдауға, сондай-ақ Түркістан облысының Мақтаарал ауданындағы су тасқынынан зардап шеккен фермерлерді қолдауға бағытталған шаралар кешені туралы жарияланымдар орналастырылды.

Компанияның корпоративтік сайтында ҚазАгроҚаржының өз клиенттеріне қолдау көрсетуге дайын екендігі туралы және Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты, 2020 жылғы 16 наурыз - 15 маусым аралығы кезеңінде төленуге тиіс төлемдердің мерзімін тұрақсыздық айыбын есептеусіз шегеруді ұсыну мәселесін қарау туралы жадынамасы орналастырылды. Компанияның сайтында «Кері қоңырау» функциясы белсенді түрде пайдаланылады, ол клиенттердің өздерін қызықтыратын сұрақтар бойынша хабарласып, жедел жауап және кеңес алуларына мүмкіндік береді.

Компания Басқарушы директор – Басқарма мүшесі тұлғасында Қазақ радиосында «Аграрлы Қазақстан» хабарының тікелей эфиріне қатысты. Сонымен қатар, Компания Қызылорда қаласындағы ауданы 2 гектар құрайтын жылыжай кешенінің, сол сияқты Қарағанды облысының Осакаровка ауданындағы жылыжай кешенінің пайдалануға берілуіне орай баспасөз турын ұйымдастырды.

2020 жылы ҚазАгроҚаржы «Agritek/Farmtek-2020» 15-ші Халықаралық ауыл шаруашылығы көрмесі және «Агро Қостанай – 2020» сияқты мамандандырылған ауыл шаруашылығы көрмелеріне қатысты.

БАҚ-да (республикалық және облыстық газеттер мен теледидар) және әлеуметтік желілерде (Facebook, Instagram, Twitter) ҚазАгроҚаржы қызметі туралы 194 рет аталып өтті, олардың басым бөлігі бейтарап немесе позитивті сипатта болды.

06

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ

## «ҚОСТАНАЙ ТРАКТОР ЗАУЫТЫ» ЖШС

«Кировец» маркалы техниканың Қазақстан Республикасындағы ресми өндірушісі. КТЗ Қазақстан Республикасында өзінің энергияны көп қажет ететін, бесінші және одан жоғары тартымдылық класындағы тракторларының өндірісін ұйымдастырады.

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН

Барлығы өндірілді

**120** БІРЛІК ТЕХНИКА



Орналасқан жері

**ҚОСТАНАЙ**



Техника түрі

- 2020 жылдан бергі «Кировец» маркалы трактор

ҚазАгроФинанс арқылы сатылды

**72** БІРЛІК ТЕХНИКА

Сомасына сатылды

**3,5** МЛРД ₸

Шығарылған көлемнің 60%-ы

# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ

## мәселелері жөнінде хабарламасы

Әлемде тұрақты даму мәселелері барған сайын кеңінен таралып, назарға ілігуде. Ресурстарды, тәуекелдерді және экономикаға, қоғамға және экологияға әсер етудің барлық түрлерін басқаруға бизнестің жаңа тәсілдерін қалыптастыру көптеген компаниялардың Даму стратегиясын анықтаудағы негізгі міндеттерге айналады.

ҚазАгроҚаржы орнықты даму мақсаттарының маңыздылығын сезінеді және мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтау жолымен орнықты даму қағидаттарын тиімді іске асыруға ұмтылады.

Компанияның тұрақты даму саласындағы қызметі үздік халықаралық стандарттарды сақтауға бағытталған. Бұған мүдделі тараптардың мүдделерін ескере отырып, шешімдер қабылдау жолымен, сондай-ақ стейкхолдерлермен ұзақ мерзімді ынтымақтастыққа бағытталған диалог құру жолымен қол жеткізіледі.

Біз Компанияның негізгі сипаттамаларын сақтаймыз: көрсетілетін қаржылық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету, клиенттерге, олардың қажеттіліктері мен қауіпсіздігіне мұқият қарау, біздің көрсететін қызметтеріміз бен сервистеріміздің сапасы туралы қамқорлық. Компания персоналдың жоғары деңгейде әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді, үнемі оқыту және біліктілікті арттыру жүйесіне қолдау көрсетеді және оны дамытып отырады. Сондай-ақ халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетіледі.

Мүдделі тараптармен жауапты, ойластырылған және ұтымды өзара іс-қимыл жасау тәсілі компанияның тұрақты дамуына ықпал ететін болады.

Компания қоршаған орта факторлары мен олардың салдарына жауапкершілікпен ден қояды. Есепті жылы Компания COVID-19 коронавирус пандемиясы салдарынан елдегі төтенше жағдай кезінде зардап шеккен клиенттерді қолдаудың бірқатар пандемиядан кейінгі шараларын қабылдады. Клиенттердің өтінімдерін қарау тәртібі оңтайландырылды, төлем мерзімдері кейінге шегерілді, қаржыландыру шарттары жақсартылды. Сонымен қатар, жұмыскерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Компания санитарлық-эпидемияға қарсы (профилакикалық) шараларды қабылдады, жұмыскерлердің 80%-ы жұмысқа қажетті компьютерлік техника беріліп, қашықтан жұмыс істеу форматына ауыстырылды.

ESG-факторларын басқарудың кешенді және жүйелі тәсілі алдағы уақытта жауапты басқару және инвестициялау тәжірибесін дамытуға, әлемдік нарықта табысты және тартымды компанияға айналуға мүмкіндік береді

**ҚАНЫШ ТЕМІРТАЙҰЛЫ ІЗБАСТИН**

**«ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасы**

www.kaf.kz

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

**«ҚазАгроҚаржы» АҚ өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға ықпалының маңыздылығын сезінеді және мүдделі тараптардың мүдделері теңгерімін сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты дамуды қамтамасыз етуге ұмтылады.**

Тұрақты даму саласындағы міндеттерді шеше отырып, Компания өзінің миссиясына, ҚазАгроҚаржы Даму стратегиясының ережелеріне сүйенеді, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттармен бекітілген халықаралық мінез-құлық нормалары мен қағидаттарын пайдаланады.

Тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттарды пайдалануды Компания өз қызметінің халықаралық іс-тәжірибеге сәйкестігін қамтамасыз етудің және тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің қажетті шарты ретінде қарастырады.

**Тұрақты даму Компанияда үш құрамдас санаттан тұрады: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік, олардың аспектілерін GRI Standards ескереді.**

**Тұрақты дамудың экономикалық құрамдасы келесі мақсаттарды қамтиды:**

1. АӨК-ді техникалық жарақтандыруға жәрдемдесу;
2. қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету;
3. Жалғыз акционер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз ету;
4. процестердің тиімділігін арттыру;
5. ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының лизингіне инвестициялардың өсуі;
6. қаржыландырылған инвестициялық жобалар бойынша еңбек өнімділігін арттыру.

**Тұрақты дамудың экологиялық құрамдасы келесі мақсаттарды қамтиды:**

1. биологиялық және физикалық табиғат жүйелеріне әсерді барынша азайту;
2. органикалық ресурстарды оңтайлы пайдалану;
3. экологиялық, энергия және материал үнемдегіш технологияларды қолдану;
4. экологиялық жағынан қолайлы өнімдер шығару, қалдықтарды барынша азайту, өңдеу және жою.

**Тұрақты дамудың әлеуметтік құрамдасы әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына бағытталған және соның ішінде келесі мақсаттарды қамтиды:**еңбектің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жұмыскерлердің денсаулығын сақтау;

1. әділ сыйақы және жұмыскерлердің құқықтарын құрметтеу;
2. персоналдың жеке дамыту;
3. персонал үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру;
4. жаңа жұмыс орындарын құру;
5. демеушілік және қайырымдылық;
6. экологиялық және білім беру акцияларын өткізу.

Компания осы үш аспект бойынша өз қызметіне талдау жүргізеді, сондай-ақ өз қызметі нәтижелерінің мүдделі тараптарға жағымсыз әсеріне жол бермеуге немесе оны төмендетуге ұмтылады.

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі және Басқарма тұрақты даму облысында тиісті жүйе құрып, оның енгізілуін қамтамасыз етуі қажет. Барлық жұмыскерлер мен барлық деңгейлердегі лауазымды тұлғалар Компанияның тұрақты дамуына өз үлестерін қосады.

Мүдделі тұлғалар үшін өз қызметінің айқындығы мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында Компания тұрақты даму саласындағы қызметі туралы ақпаратты жыл сайын жылдық есепте жариялап отырады.

Компания тұрақты дамудың барлық құрамдас бөліктерінің теңгерімді дамуын ұстануды жалғастыратын болады.

# МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ ЕСЕП

**Компания өз қызметін жүзеге асыру барысында мүдделі тараптарға ықпал етеді және олардың ықпалын сезінеді.**

Мүдделі тараптар Компанияның қызметіне, атап айтқанда, Даму стратегиясын тиімді іске асыруға, тұрақты дамуға, беделі мен имиджіне оң да, теріс те әсер етуі, тәуекелдерді құруы немесе төмендетуі мүмкін.

ҚазАгроҚаржы мүдделі тараптарды айқындау және олармен өзара іс-қимыл жасау кезінде мүдделі тараптарды айқындаудың және олармен өзара іс-қимылдың халықаралық стандарттарын қолданады.

Компания мүдделі тараптармен тиімді диалог пен ұзақ мерзімді ынтымақтастық құру үшін шаралар қолданады.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл нормативтік құқықтық актілермен де, сол сияқты ішкі корпоративтік құжаттармен де реттеледі.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл процесі мүдделі тараптардың мүдделерін қызметті басқару процесінің барлық сатыларында ескеруді және мүдделі тараптарды маңызды тақырыптар мен маңызды мәселелерді, ықтимал тәуекелдер мен жауапкершілік шекараларын талқылауға тартуды білдіретін қатыстырушылық қағидатына негізделген.

**Қатыстырушылыққа төмендегі үш қағидат сақталған жағдайда қол жеткізілді:**

- **елеулілік:** Компания үшін де, сол сияқты стейкхолдерлер үшін де елеулі мүдделерді айқындау;
- **толықтығы:** өз қызметінің елеулі салдарларын, компания қызметіне байланысты стейкхолдерлердің пікірлері мен қажеттіліктерін, сондай-ақ олардың болжамдарын ұғыну және түсіну;
- **ден қою:** объективті түрде ден қою және мүдделі тараптар үшін елеулі болып табылатын мәселелер бойынша барабар шаралар қабылдау.

Барлық мүдделі тараптардың ортақ мүдделерді сақтауға қатысуы Компанияның табысты қызметінің негіз қалаушы шарты болып табылады.

**Стейкхолдерлермен өзара тиімді іс-қимыл мынадай мүмкіндіктер береді:**

- проблемаларды шешу және мақсаттарға қол жеткізу үшін ресурстарды (білім, кадрлар, ақша және технологиялар) біріктіру;
- нарықтың дамуын қоса алғанда, сыртқы ортаны бағалау, сондай-ақ жаңа стратегиялық мүмкіндіктерді айқындау;
- бизнес-процестерді жетілдіру;
- қызметтің ашықтық саясатын жүргізу.

**Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың негізгі механизмдері:**

- келісімшарттар, шарттар, ынтымақтастық туралы келісімдер;
- іскерлік кездесулер мен презентациялар;
- корпоративтік коммуникациялар жүйесі;
- бірлескен жұмыс топтары;
- жұмыскерлер мен клиенттер үшін жедел желі;
- жұмыскерлердің, тұтынушылардың, жергілікті қоғамдастықтардың пікірлерін сұрау және зерттеу;
- қауымдастықтарға мүшелік;
- конференциялар, дөңгелек үстелдер;
- есептілік.

Компанияның атқарушы органы, оның құрылымдық бөлімшелері өзінің өкілеттіктері мен құзыреттері шегінде мүдделі тараптармен тікелей өзара іс-қимылды жүзеге асырады. «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау процесін бақылау-қадағалау функцияларын Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

www.kaf.kz

Компания ішкі және сыртқы мүдделі тараптарды анықтады және олардың талаптары мен болжамдарын талдады.

| Мүдделі тараптар | Талаптар мен болжамдар | Біз қалай өзара іс-қимыл орнатамыз? | Біз не істеудеміз? |
|---|---|---|---|
| **Кредиторлар/ инвесторлар. Компания өз кредиторларына мүдделі, қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді** | • Компанияның капитал салу қауіпсіздігі, төлем қабілеттілігі және кейіннен пайда табатын кірістілігі.<br>• Өзіне қабылдаған міндеттемелерді сақтау және уақтылы орындау. | • Инвесторларды тарту жұмысын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшенің болуы.<br>• Екіжақты, үшжақты іскерлік келіссөздерге қатысу.<br>• Шарттарға, меморандумдарға қол қою. | • Компанияның қарыз алу департаменті инвесторларды тарту жұмысын жүзеге асырады.<br>• Компания Қорландыру көздері мен инвесторлар базасын әртараптандыру саясатын ұстанады және көптеген жылдар бойы ынтымақтастықта жұмыс істеп келе жатқан кең инвесторлар базасы бар.<br>• Капиталды және активтерді тиімді басқару Компанияның жоғары қаржылық тұрақтылық деңгейін ұстап тұруына мүмкіндік береді, бұл рейтингтік агенттіктердің бағаларымен расталады. |
| **Мемлекеттік органдар мен реттеушілер – еліміздің стратегиялық маңызды институттары. Компания заңнама талаптарын жауапкершілікпен орындайды.** | • Компанияның өз қызметін заңнамаға сәйкес жүзеге асыруы, талаптар мен нормативтерді орындауы.<br>• Бюджетке уақтылы төлемдер.<br>• Жүргізілген тексерістердің қорытындылары бойынша нұсқамалардың орындалуы. | • Қазақстандық заңнаманың талаптарын сақтау.<br>• Бақылау органдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын бөлек құрылымдық бөлімшенің бар болуы.<br>• Өтініштерді уақтылы қарау және нұсқамаларды орындау. | • Ішкі бақылау жүйесі қаржылық-шаруашылық қызметтің тиімді қадағаланып отырылуын қамтамасыз етеді және Компанияның өз мақсаттарына қол жеткізуіне және қызметін жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған.<br>• Компаниядағы менеджмент жүйесі заңнаманың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етеді. |
| **Бәсекелестер (лизингтік компаниялар). Компания өз бәсекелестерін құрметтейді және адал бәсекелестік қағидаттарын сақтайды.** | • Корпоративтік басқару кодексіне, Іскерлік этика кодексіне сәйкес адал бәсекелестік қағидаттарын ұстану. Нарықты мониторингтеу және талдау. | • Бәсекелестік ортаға талдау жүргізу.<br>• Адал бәсекелестік қағидатын ұстану. | • Компания агроөнеркәсіптік кешен салаларын, оның ішінде өңірлік ерекшелікке сәйкес және Компания қызметінің бағыттары бойынша, сондай-ақ Қазақстанның лизингтік және өзге де қаржылық қызметтер нарығында зерделеу бойынша маркетингтік зерттеулер мен талдамалық шолулар жүргізеді |

| Мүдделі тараптар | Талаптар мен болжамдар | Біз қалай өзара іс-қимыл орнатамыз? | Біз не істеудеміз? |
|---|---|---|---|
| **Тұтынушылар (қарыз алушылар), клиенттер –Компанияның басты стейкхолдері. ҚазАгроҚаржы клиенттік базаны ұлғайтуға және көрсететін қызметінің сапасын арттыруға мүдделі.** | • Ұсынатын техника тізбесін ұлғайту.<br>• Компанияның көрсететін қызметін алу бойынша процедураларды жеңілдету.<br>• Пайыздық мөлшерлемені төмендету.<br>• Қарау мерзімдерін қысқарту.<br>• Компания тарапынан қызмет көрсету сапасын арттыру.<br>• Қаржыландыру алу.<br>• Құжаттар топтамасын дайындауда консультациялық көмек.<br>• Компанияның ресми сайтын уақтылы жүргізіп отыру және тұтынушылар үшін қажет ақпаратпен толықтырып отыру.<br>• Көрсетілетін қызмет, ұсыныстар, акциялар туралы ақпараттың қолжетімділігін арттыру.<br>• Басқа қалалардағы филиалдардың санын көбейту. | • Клиенттермен жұмыс бойынша құрылымдық бөлімшенің болуы.<br>• Бизнес-процестерді жетілдіру және оларды автоматтандыру.<br>• Корпоративтік сайтта кері байланыстың болуы. | • Көрсетілетін қызметің қолжетімділігі мен клиенттердің қанағаттанушылығын арттыру Компанияның маңызды даму стратегиялық бағыты болып табылады. Барынша тиімді құралдарды жасау үшін Біз анағұрлым тиімді өнімдер желісін жасау үшін өнім желісін жетілдіру бойынша жұмысты жалғастырамыз. Бұдан басқа, бизнес -процестерді дамыту бойынша жұмыс үнемі жүргізілуде, осының арқасында өткен жылы өтінімдерді қарау мерзімі мен қажетті құжаттар топтамасын қысқарта алдық.<br>• Корпоративтік сайтта кері қоңырау соғу функциясы енгізілді. |
| **Өнім берушілер. Серіктестік қатынастар құру – өзара тиімді іс-қимылдың негізгі міндеттерінің бірі.** | • Ұзақ мерзімді әріптестік қарым-қатынастар орнату және оларды сақтау.<br>• Сатылып алынатын техника мен жабдықтардың көлемдерін ұлғайту.<br>• Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің ақысын келісілген шарттарға сай толық және уақтылы алу.<br>• Сұратылып отырған лизинг нысанасы марқасының, моделінің дәл сипаттамасы және оның айрықшалығы. | • Шарт жасасу және шарттық міндеттемелерді орындау жолымен өзара пайдалы әріптестікті қалыптастыру<br>• Сатып алулар жүйесінің бар болуы.<br>• Форумдарға, көрмелерге қатысу.<br>• Бірлескен жобаларды жүзеге асыру. | • Компанияның лизинг нысаналары бойынша өнім берушілерге қоятын талаптары барша үшін бірыңғай болып табылады және Компанияның сайтында орналастырылған, бұл өнім берушілер үшін Компаниямен өзара іс-қимыл процестерін жеңілдетеді.<br>• Компанияның лизинг нысаналарын сатып алу процедурасы бекітілген ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.<br>• Клиенттердің керекті өнім берушілерді іздестіруі ыңғайлы болу үшін, Компанияның www.kaf.kz корпоративтік сайтында Компанияның жұмыс істеу тәжірибесі бар ауыл шаруашылығы техникасының, жабдықтары мен ІҚМ жеткізушілерінің базасы жарияланған.<br>• Компания өнім берушілермен жұмыс жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етеді және кері байланыс үшін ашық, өнім берушілердің наразылықтары мен талап арыздарын уақтылы қарау мен реттеуді қамтамасыз етеді.<br>• Компания жыл сайын халықаралық және ішкі көрмелер мен форумдарға қатысады. |

| Мүдделі тараптар | Талаптар мен болжамдар | Біз қалай өзара іс-қимыл орнатамыз? | Біз не істеудеміз? |
|---|---|---|---|
| **Сыртқы аудитті жүзеге асыратын ұйымдар (Есеп комитеті, тәуелсіз аудитор және т.б.). Сыртқы бағалау институттары мүдделі тараптар тізіміндегі негізгі элементтердің бірі болып табылады.** | • Компанияның ақшалай қаражатын және өзге де активтерін тиімді пайдалану.<br>• Заңнаманы, халықаралық, ұлттық стандарттарды ұстану. | • Тараппен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшенің болуы.<br>• Консалтингтік және аудиторлық қызметтер көрсету бойынша шарттар жасасу. | • Компанияда кредиттік, валюталық, бағалық тәуекелдерді және өтімділік тәуекелдерін уақтылы анықтауға, сенімді бағалауға және барынша азайтуға мүмкіндік беретін қаржылық менеджмент пен тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі құрылған.<br>• Жыл сайын қаржылық есептілікке тәуелсіз аудит жүргізіледі. Ішкі бақылау және ішкі аудит қызметтері жұмыс істейді. |
| **Жалғыз акционер, басқару органдары (Директорлар кеңесі, Басқарма). Жалғыз акционердің мүддесін қамтамасыз ету –Компания басымдықтарының бірі.** | • Компания кірістілігі мен құнының өсуі.<br>• Инвестициялардың қауіпсіздігі.<br>• Экономикаға үлес қосу.<br>• Келешекте Компанияның дамуы үшін әлеует құру.<br>• Компанияның тұрақты өсуі және дамуы, мақсаттық көрсеткіштерге қол жеткізу. | • Компания Жарғысының, Корпоративтік басқару кодексінің шеңберінде Жалғыз акционердің құқықтарын қамтамасыз ету.<br>• Жалғыз акционердің шешімдерін орындау.<br>• Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Жарғыға, ішкі құжаттарға сәйкес қаржылық-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы шынайы ақпарат беру. | • Қызмет ауқымын аграрийлерді қолдау шеңберінде кеңейту және қаржыны сапалы басқару<br>• Компанияның қаржылық көрсеткіштерінде оң көрініс тауып отыр. 2020 жылы таза пайда жыл қорытындысы бойынша 9,6 млрд теңге құрады, рентабельділік көрсеткіштері асыра орындалды.<br>• Корпоративтік басқаруды және шешімдер қабылдау жүйесін тұрақты жетілдіру Компанияның нәтижелілігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін оның дамуының маңызды стратегиялық бағыты болып табылады. Бұл ретте корпоративтік басқару жүйесінің негізгі компоненттері Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау және есептілік болып табылады. |
| **Жұмыскерлер –Компанияның аса маңызды активі және оның тиімді қызметінің негізі.** | • Жалақыны, сыйлықақыны тұрақты және уақтылы төлеу.<br>• Қанағаттанарлық әлеуметтік топтама, жайлы және қауіпсіз жұмыс жағдайлары (жұмыс күнінің, демалыстардың кестесі), жұмыскерердің заңды құқықтарын сақтау.<br>• Мансаптық өсу және біліктілікті арттыру мүмкіндігі. | • Жұмыскерлермен еңбек шарттарын жасасу.<br>• Компанияның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған лауазымдық міндеттерді орындау.<br>• Келісу комиссиясының еңбек қатынастары тәжірибесіне шағымдарды қарауы және келіссөздер жүргізу.<br>• Жұмыскерлермен коммуникациялар да корпоративтік пошта бойынша хабарламалар жолдау арқылы жүзеге асырылады. | • Компания кадр саясатының білікті және ынталандырылған персоналын қалыптастыруға бағытталған ашық және айқын басқаруды қамтамасыз етеді.<br>• Жұмыскерлер еңбек қызметі процесінде олардың әлеуетін іске асыру, олардың еңбегінің нәтижелерін риясыз және әділ бағалау үшін тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етіледі.<br>• Жұмыскерлерді іріктеу және олардың мансаптық өсуі тек кәсіби дағдылар, тәжірибе мен білім негізінде ғана. Жұмыскерлерді оқыту, олардың біліктілігін арттыру. |

# ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕР

## Құрылған экономикалық құн

**ҚазАгроҚаржы қызметі ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің қаржылық құралдарға, сонымен қатар лизингтік негізде ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтарға қолжетімділігін қамтамасыз ету жолымен Қазақстан Республикасының аграрлық секторын дамытуға қолдау көрсетуге бағытталған.**

**Компания Қазақстан Республикасының экономикасына мына құралдар арқылы тікелей оң әсер етеді:**

1. ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын лизингке беру;
2. салықтарды және бюджетке басқа төлемдерді төлеу;
3. Компания қызметін қамтамасыз ету үшін тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер сатып алуды жүзеге асыру;
4. Компания жұмыскерлеріне жалақы төлеу.

Бұдан басқа, Компания қызметі Компаниядан қаржыландыру алған ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің қызмет нәтижелері: салықтар мен төлемдер төлеу, жалақы алу, қосымша жұмыс орындарын ұйымдастыру, өнімдер шығару есебінен жанама оң әсер етеді.

### Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн, млн теңге

| Бап | 2020 | 2019 | Өзг. (2019 жылмен салыстырғанда 2020), % |
|---|---|---|---|
| Құрылған тікелей экономикалық құн: | | | |
| Кірістер | 39 237 | 33 297 | +17,8 |
| Бөлінген экономикалық құн: | | | |
| Операциялық шығыстар | 1 127 | 1 240 | -9% |
| Жалақы | 2 815 | 2 542 | +10,7% |
| Пайыздар бойынша шығыстар | 20 258 | 16 686 | +21,4% |
| Табыс салығынан басқа салықтар | 373 | 361 | +3,3% |
| Корпоративтік табыс салығы | -9 | - 474 | -98,1 |
| Өзге шығыстар | 5 075 | 3 731 | +36% |
| Бөлінбеген экономикалық құн | 9 598 | 9 211 | +4,2% |

www.kaf.kz

### «ҚазАгроҚаржы» АҚ-нан 2007 жылдан бері қаржыландыру алған жобалар бойынша өнімдер көлемі

| Шығарылған өнімнің атауы | Өлшем бірлігі | Өнім көлемі |
|---|---|---|
| Сүт және сүт өнімдері | Тонна | 160 089 |
| Жұмыртқа | млн дана | 662 |
| Құс еті | Тонна | 96 300 |
| Жылыжай өнімдері | Тонна | 52 817 |
| Ет және ет өнімдері | Тонна | 15 587 |
| Жемістер | Тонна | 21 994 |

## Сатып алу тәжірибесі

**Компания орталық аппаратты, филиалдарды және клиенттерді операциялық қызметті жүргізуге қажетті сапалы тауарлармен, жұмыстармен және көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз етуге ұмтылады. Алайда, бұл ретте «ҚазАгроҚаржы» АҚ тиімді және ашық сатып алу жүйесіне үлкен мән береді.**

**Сатып алу процедураларын жүргізу Компанияда мынадай қағидаттарға негізделеді:**

- ықтимал өнім берушілерге сатып алу процедураларына қатысу үшін тең мүмкіндіктер ұсыну;
- әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік;
- сатып алу процедураларының жариялылығы және ашықтығы;
- сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау.

2020 жылы тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер сатып алудың іс жүзіндегі көлемі (лизинг нысаналарын есепке алмағанда) 957,2 млн теңгені құрады (ҚҚС есепке алғанда), 330 шарт жасалды, сонымен бірге сатып алынатын ТЖҚ-дегі жергілікті қамту үлесі 80,27 %, яғни 768,3 млн теңгені құрады.

### 2020 жылғы сатып алулар көлемі

| Сатып алуды жүзеге асыру тәсілі | 2020 | |
|---|---|---|
| | Сомасы, мың теңге | Үлес |
| Тендер | 382 597,8 | 42,8% |
| Баға ұсыныстарын сұрату | 62 618,8 | 7,0% |
| Бір көзден алу | 448 887,94 | 50,2% |

Бұл ретте, 2020 жыл ішінде кейіннен лизингке беру үшін сатылып алынған техниканың көлемі 110,0 млрд теңге сомасына 6 056 бірлік құрайды, оның ішінде отандық өндірісте құрастырылғандар - 41,5 млрд теңге сомасына 2 365 бірлік. Лизингтік қызметті жүзеге асырған кезде тауарларды кейіннен лизингке беру үшін сатып алу Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылатындығын атап өту қажет.

# КАДР САЯСАТЫ

## Персоналды басқару саясаты

**Компанияның Кадр саясаты персоналды басқарудың біртұтас ұзақ мерзімді стратегиясы болып табылады, оның басты мақсаты – Компанияның еңбек ресурстарына қажеттіліктерін нақты уақыт аралығында қажетті сапа мен санмен толық және уақтылы қанағаттандыру.**

**Компанияда кадр саясаты мына қағидаттарға негізделіп құрылған:**

- персоналды басқару жүйесінің Компанияның қаржылық-экономикалық нәтижелерімен өзара байланысы;
- әр жұмыскердің еңбек әлеуетін дамыту үшін кез келген деңгейдегі басшының жауапкершілігі;
- жұмыскерлерге жұмыс нәтижесіне қарай сыйақы;
- жұмыскерлерге жеке қабілеттерін іске асыру үшін мүмкіндіктер беру және жағдай жасау;
- Компанияның кадрлар стратегиясының персонал үшін ашықтығы және қолжетімділігі;
- жұмыскерлердің мансаптық өсуі мен олардың кәсіби деңгейін арттыруң арасындағы сәйкестікті сақтау.

Компания қызметкерлерді жоғары әлеуметтік қорғалу деңгейін қамтамасыз етеді, олардың толыққанды қызмет етуі мен еңбегіне барабар сыйақы алуына жағдай жасайды, кәсіби, жеке және мансаптық өсуге мүмкіндік береді және осылайша, жұмыскерлердің Компаниямен ұзақ мерзімді, тиімді және жемісті өзара қарым-қатынасқа қызығушылығын арттырады, мұның нәтижесі еңбектің жоғары тиімділігіне қол жеткізу болып табылады.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ әлеуметтік саясаты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың конституциялық құқықтарын іске асыру шеңберінде қызметкерлер үшін әлеуметтік-экономикалық жағдайларды дамытуға бағытталған.

Компания қызметіне қатысты елеулі өзгерістер орын алған жағдайда (қайта ұйымдастырумен немесе экономикалық, технологиялық жағдайлардың, еңбек жағдайларының өзгеруімен және (немесе) жұмыс көлемінің қысқаруымен байланысты өндірісті ұйымдастырудағы өзгерістер), Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей жұмыскерге еңбек жағдайының өзгеруі туралы жазбаша хабарлама жіберіледі. Еңбек шартының талаптарына сәйкес аталған хабарламаны (шартқа өзгерістер енгізу туралы ұсыныс) екінші тарап хабарлама берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарайды.

Компания өз қызметкерлерін еңбек қызметі процесінде олардың әлеуетін іске асыру, нәтижелерін риясыз және әділ бағалау үшін тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етеді. Жұмыскерлерді іріктеу және олардың мансаптық өсуі тек кәсіби дағдылар, тәжірибе мен білім негізінде ғана жүзеге асады. Жұмыскерлердің құқықтарын кемсітудің және бұзудың ешқандай нысандарына жол берілмейді.

Жеке еңбек дауларын шешу үшін Компанияда Келісім комиссиясы құрылды. Комиссия еңбек ұжымының жалпы жиналысында сайланған жұмыс беруші өкілдерінің және Компания жұмыскерлердің тең санынан тұрады. Комиссия жеке еңбек дауларын қарайтын тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады. Егер жұмыскер келіспеушілікті өз бетінше немесе өкілінің қатысуымен жұмыс берушімен немесе оның уәкілетті өкілімен тікелей келіссөздер кезінде келіспеушіліктерді реттемесе, еңбек дауы Комиссияның қарауына жатады.

2020 жылы Компанияның Келісім комиссиясы жеке еңбек дауы бойынша бір өтінішті қарады. Жыл сайын Келісім комиссиясының мүшелері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, еңбек дауларында келіссөз жүргізу дағдыларын дамыту және консенсусқа қол жеткізу бойынша оқытудан өтеді.

## Персонал құрылымы

2020 жылдың соңында жұмыскерлердің орташа тізімдік саны 395 адамды құрады, оның ішінде ерлер – 51,6% (204 адам), әйелдер – 48,4% (191 адам). Барлық жұмыскерлердің жоғары білімдері бар. Жұмыскерлер санының 2019 жылмен салыстырғанда қысқаруы штат саны мен әкімшілік шығыстарды оңтайландыру шеңберінде жаңа ұйымдық құрылымның бекітілуіне байланысты.

**Кадр саясатын іске асырудың негізі тиімді ұйымдық құрылымның және оңтайлы кадр құрамының болуы болып табылады.**

### Персонал саны мен құрылымы

| | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Штат саны** | **433** | **433** | **347** | **366** | **353** |
| Жұмыскерлердің орташа тізімдік саны, бірлік | 418 | 459 | 450 | 405 | 395 |
| **Персоналдың санаттар бойынша құрылымы:** | | | | | |
| • басқарушы лауазымдар | 70 | 77 | 76 | 76 | 74 |
| • жұмыскерлер | 348 | 382 | 374 | 329 | 321 |
| **Персоналдың жас санаттары бойынша құрылымы:** | | | | | |
| • 30 жасқа дейін | 132 | 134 | 83 | 34 | 30 |
| • 30 жастан 50 жасқа дейін | 273 | 309 | 350 | 322 | 317 |
| • 50 жастан үлкен | 15 | 16 | 17 | 49 | 48 |
| **Персоналдың гендерлік құрылымы:** | | | | | |
| • ерлер | 149 | 236 | 216 | 221 | 204 |
| • әйелдер | 271 | 223 | 234 | 184 | 191 |
| Кадрлардың тұрақтамауы, % | 17,0 | 20,3 | 29,1 | 18,5 | 15,7 |
| Жұмысқа қабылданғандар саны, адам | 91 | 110 | 76 | 63 | 35 |
| Оқытудан өткен жұмыскерлер саны, адам | 320 | 364 | 320 | 340 | 88 |

## Персоналдың гендерлік және жас топтары бойынша құрылымы

| | Көрсеткіш | ОА | Филиалдар | Барлығы | Басшы жұмыскерлер | Басқарушы жұмыскерлер | Орта буын басшылары | Әкімшілік жұмыскерлері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Тізімдік сан | | | 395 | | | | |
| Жынысы | Ерлер | 86 | 118 | 204 | 5 | 1 | 45 | 153 |
| | Әйелдер | 104 | 87 | 191 | 2 | | 25 | 164 |
| Жас топтары | 30 жасқа дейін | 14 | 16 | 30 | | | 1 | 29 |
| | 30 жастан 50 жасқа дейін | 158 | 159 | 317 | 7 | 1 | 58 | 252 |
| | 50 жастан үлкен | 18 | 30 | 48 | | | 11 | 36 |

## Персоналдың жас санаттары бойынша тұрақтамау деңгейі

| Жас санаты | Саны, адам | Тұрақтамау деңгейі, % |
|---|---|---|
| Орташа тізімдік саны | 395 | – |
| 30 жасқа дейін | 30 | 1,2 |
| 30 жастан 50 жасқа дейін | 317 | 12,9 |
| 50 жастан үлкен | 48 | 1,5 |
| **Жұмыстан шығарылғандардың жалпы саны** | **62** | **15,7** |

## Қабылданған жұмыскерлердің жас санаттары бойынша саны

| Жас тобы | Саны, адам | Қабылданғандардың үлесі, % |
|---|---|---|
| Орташа тізімдік саны | 395 | – |
| 30 жасқа дейін | 30 | 0,2 |
| 30 жастан 50 жасқа дейін | 317 | 8,3 |
| 50 жастан үлкен | 48 | 0,2 |
| **Қабылданғандардың жалпы саны** | **35** | **8,8** |

www.kaf.kz

## 2020 жылғы орташа тізімдік сан, адам



## Персоналдың аймақтар бойынша тұрақтамау деңгейі, %

| № р/т | ОА/филиал атауы | Тұрақтамау деңгейі, % | Соның ішінде % | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ер | әйел | Басшы жұмыс-керлер | Басқа-рушы жұмыс-керлер | Орта буын басшысы | Әкімшілік жұмыс-керлері |
| 1. | Орталық аппарат | 21,1 | 23,3 | 19,2 | 14,3 | – | 15,0 | 23,2 |
| 2. | Ақмола облысы | 5,3 | 5,3 | – | – | – | 50,0 | – |
| 3. | Ақтөбе облысы | 14,3 | 14,3 | – | – | – | – | 16,7 |
| 4. | Алматы облысы | 9,1 | 9,1 | – | – | – | – | 11,1 |
| 5. | Атырау облысы | 16,7 | 16,7 | – | – | – | – | 16,7 |
| 6. | Шығыс Қазақстан облысы | 14,3 | – | 14,3 | – | – | 33,3 | 11,1 |
| 7. | Жамбыл облысы | 20,0 | – | 20,0 | – | – | – | 25,0 |
| 8. | Батыс Қазақстан облысы | - | – | – | – | – | – | – |
| 9. | Қарағанды об-лысы | - | – | – | – | – | – | – |
| 10. | Қостанай облысы | 5,0 | 5,0 | – | – | – | – | 5,6 |
| 11. | Қызылорда облысы | 20,0 | 10,0 | 10,0 | – | – | – | 25,0 |
| 12. | Маңғыстау об-лысы | - | – | – | – | – | – | – |
| 13. | Павлодар облысы | - | – | – | – | – | – | – |
| 14. | Солтүстік Қа-зақстан облысы | 9,5 | 4,8 | 4,8 | – | – | 25,0 | 5,9 |
| 15. | Нұр-Сұлтан қ. (филиал) | 42,9 | 14,3 | 28,6 | – | – | – | 50,0 |
| 16. | Алматы қ. | 25,0 | 16,7 | 8,3 | – | – | – | 30,0 |
| 17. | Шымкент қ. | 7,7 | 7,7 | | – | – | – | 9,1 |
| | **Жиыны:** | **15,7** | **8,1** | **7,6** | **0,3** | **0** | **2,3** | **13,2** |

## Жұмысқа қабылданғандар саны, адам

| № р/т | ОА/филиал атауы | 2020 жылы жұмысқа қабылданды (есепті жылы қабылданған күні), адам | Оның ішінде | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ер | әйел | басшы жұмыскерлер | басқарушы жұмыскерлер | орта буын басшылары | Әкімшілік жұмыскерлері |
| 1. | Орталық аппарат | 19 | 13 | 6 | 2 | – | 3 | 14 |
| 2. | Ақмола облысы | 1 | 1 | – | – | – | – | 1 |
| 3. | Ақтөбе облысы | 2 | 2 | – | – | – | – | 2 |
| 4. | Алматы облысы | - | – | – | – | – | – | – |
| 5. | Атырау облысы | - | – | – | – | – | – | – |
| 6. | Шығыс Қазақстан облысы | 2 | – | 2 | – | – | – | 2 |
| 7. | Жамбыл облысы | 1 | | 1 | – | – | – | 1 |
| 8. | Батыс Қазақстан облысы | - | – | – | – | – | – | – |
| 9. | Қарағанды облысы | - | – | – | – | – | – | – |
| 10. | Қостанай облысы | 1 | 1 | – | – | – | – | 1 |
| 11. | Қызылорда облысы | 1 | 1 | – | – | – | – | 1 |
| 12. | Маңғыстау облысы | - | – | – | – | – | – | – |
| 13. | Павлодар облысы | - | – | – | – | – | – | – |
| 14. | Солтүстік Қазақстан облысы | 2 | – | 2 | – | – | – | 2 |
| 15. | Нұр-Сұлтан қ. (филиал) | 3 | 1 | 2 | – | – | – | 3 |
| 16. | Алматы қ. | 1 | 1 | – | – | – | – | 1 |
| 17. | Шымкент қ. | 2 | 2 | – | – | – | – | 2 |
| | Жиыны: | 35 | 22 | 13 | 2 | 0 | 3 | 30 |

## Персоналды оқыту және дамыту

**Компания қызметкерлерінің жоғары кәсіби деңгейі қолда бар білім мен дағдыларды дәйекті түрде жетілдіру арқылы тұрақты оқыту және біліктілікті арттыру жүйесінде қолдау табады және дамиды.**

Компанияның кадрлық әлеуетінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында жұмыскерлер тәлімгерлік, жұмыс орнында оқыту, түрлі семинарларға, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, тренингтерге, арнайы оқыту курстарына қатысу түрінде оқытудан және біліктілігін арттырудан өтеді.

Жұмыскерлердің біліктілігін арттыруға деген ұмтылысы Компания басшылығы тарапынан моралдық жағынан да, материалдық жағынан да қолдау табады және ынталандырылады.

Компаниягың персоналды оқыту, олардың біліктілігін арттыру бойынша қажеттіліктері ішкі және сыртқы факторларға: стратегиялық міндеттердің өзгерістеріне, заңнамадағы өзгерістерге, жаңа бағдарламалардың енгізілуіне, жұмыскерлердің кәсіби өсуі мен дамуына, олардың алдына жаңа міндеттер мен мақсаттардың қойылуына және т.б. байланысты.

2020 жылы оқыту, біліктілікті арттыру жүйесімен қамтылған жұмыскерлердің саны 88 адам құрады. Оқыту үшін бұрын біліктілігін арттырудан өткен жұмыскерлер тартылды, олар практикалық және теориялық тәжірибесін беру үшін аймақтарға барды, сонымен қатар ақысыз негізде семинарларға қатысу қарастырылды. 1 жұмыскерге шаққандағы орташа сағат саны 5,5 құрады, оның ішінде ерлер үшін – 2,5, әйелдер үшін – 8,8.

### Жұмыскерлерді оқыту бойынша 2020 жылғы деректер*

| 2020 жылы жұмыскерлерді оқыту | Жалпы саны | Соның ішінде | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | гендерлік топтар | | жұмыскерлердің санаттары | | | |
| | | ер | әйел | басшы жұмыскерлер | басқарушы жұмыскерлер | орта буын басшылары | әкімшілік-тегі жұмыскерлер |
| **Жұмыскерлердің орташа тізімдік саны** | **395** | 204 | 191 | 7 | 1 | 70 | 317 |
| **Оқытылған жұмыскерлердің жалпы саны, адам** | **88** | 29 | 59 | 3 | 1 | 23 | 61 |
| **Жұмыскерлерді оқыту сағатының жалпы саны** | **2 178** | 504 | 1 674 | 204 | 16 | 304 | 1 654 |
| **1 жұмыскерге шаққандағы орташа сағат саны** | **5,5** | 2,5 | 8,8 | 29,1 | 16,0 | 4,3 | 5,2 |

* Басшы жұмыскерлер – Басқарма мүшелері, басқарушы жұмыскерлер – Басқарма мүшелері емес басқарушы немесе атқарушы директорлар, орта буын басшылары – бөлімдердің, қызметтердің, департаменттердің, басқармалардың бастықтары, филиалдардың директорлары және олардың орынбасарлары.

**Қызметкерлерді оқыту бойынша 2020 жылғы негізгі бағдарламалар арасында:**

- «ДипИФР- Рус» семинары;
- ACCA DipIFR;
- DipIFR (орыс.);
- CIMA P1 «Операциялардың тиімділігін басқару»;
- CIMA Dip PM (Rus) семинары: P2 «Бизнестің тиімділігін басқару»;
- тәуекелдерді басқару бойынша ISO 31000 негізінде сертификатталған PECB менеджер;
- «Power BI Business»;
- ms EXCEL-де тәуекелдерді модельдеу бойынша базалық курс;
- модельдеу – бастау: Excel-ден R-ға;
- «Қаржылық есептілікті кешенді талдау»;
- «Экспорттық-импорттық валюталық бақылау. ҚР валюталық заңнамасы»;
- «Кәсіби қаржылық менеджер». 1-деңгей;
- «PMI PMBOOK Guide 6th Edition стандарты негізінде жобаларды басқару тәжірибесі»;
- «ISO 9001:2015 Сапа менеджменті жүйесінің ішкі аудиторы»;
- «Корпоративтік басқаруды диагностикалау: үздік халықаралық тәжірибе»;
- MS Excel.PRO. Кәсіби маман топтамасы;
- «Ақпараттық графика»;
- Еуразиялық электрондық порталының әдіснама және функционалдылық бойынша тренингі;
- «Кедендік декларациялау»;
- 1С: Бухгалтерия 8.3: Ақшалай қаражаттар мен есепті сомаларды есепке алу;
- «Power Query көмегімен Excel-де деректерді өңдеу»;
- «Қазақстан Республикасының 2020 жылғы еңбек заңнамасының новеллалары. Электрондық еңбек шарты»;
- «Келісу комиссиясында жеке еңбек дауларын шешу кезінде еңбек заңнамасын қолдану тәжірибесі. Келіссөздер, еңбек қатынастарындағы қақтығыстарды басқару»;
- «Жауапты тұлғалардың қауіпсіздігі мен еңбегін қорғау»;
- «Өрт-техникалық минимум»;
- «Электр қауіпсіздігі – ТПҚ және ТҚҚ II-III топ».

## Уәждеме және сыйақы

**Жұмыскерлерді уәждемелеу мен ынталандырудың тиімді жүйесін дамыту әрбір қызметкердің жеке еңбек қызметінде нәтижелілікке қол жеткізуге тікелей және тұрақты қызығушылығын қамтамасыз етеді.**

Компания жұмыскерлерін уәждемелеу және ынталандыру жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі еңбек үшін ақшалай сыйақы тетігі болып табылады. Жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу және уәждемелеу тәртібі мен механизмдері Компанияның ішкі актілерімен реттеледі.

**Сондай-ақ, жұмыскерлерді уәждемелеу факторларына мыналар жатады:**

- оқыту және біліктілікті арттыру мүмкіндігі (іске асыру нысаны: кадрларды ротациялау, жұмыс уақытында және өндірістен қол үзіп оқыту, семинарларға, біліктілікті арттыру курстарына қатысу);
- әрі қарай мансаптық өсудің ашық келешегі;
- жұмыскерлердің әлеуметтік қорғалғандығы;
- қауіпсіз және ыңғайлы еңбек жағдайларын жасау;
- ұжымда қолайлы жұмыс істеу жағдайлары. Жаңадан қабылданған жұмыскерлерді бейімдеу жүйесі;
- корпоративтік мәдениет құндылықтарын тарату: Компания басшылығымен тұрақты кездесулер, сауалнамалар;
- алғыс хаттармен, грамоталармен наградтау.

Компанияда грейдтер жүйесін қолдана отырып, лауазымдық жалақының үш деңгейлі тарифтік кестесі енгізілді.

Жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу атқарылатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне қарай лауазымдық жалақының ауқымы/шегі (ең төменгі және ең жоғары мөлшерлері) шеңберінде әрбір лауазымның грейдін ескере отырып, еңбекке ақы төлеудің уақыттық-сыйлықақы жүйесі негізінде жүргізіледі.

Жұмыскердің жалақысы жылына бір рет ҚазАгроҚаржы жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу, сыйлықақы төлеу және әлеуметтік қамсыздандыру шарттары туралы

ережеге сәйкес қайта қарала алады. 2020 жылы Компания жұмыскерлерінің 78,7%-ы бағалаумен қамтылды, олардың нәтижелері бойынша лауазымдық жалақылар қайта қарауға жатты.

Әйелдер мен ерлердің еңбегін әділ бағалауды қамтамасыз ету және еңбекақы төлеуде кемсітушілікке жол бермеу гендерлік теңдікке қол жеткізу үшін елеулі мәнге ие және лайықты еңбектің негізгі құрамдастарының бірі болып табылады. Компания құндылығы тең еңбек үшін тең сыйақы төлеу қағидасын ұстанады. Әйелдердің базалық сыйақы мөлшерлемесінің ерлердің базалық сыйақы мөлшерлемесіне қатынасы Компания жұмыскерлерінің әрбір санаты үшін 1:1 құрады.

## 2020 жылы персоналды бағалау

| Көрсеткіш | % бағалаудан өткендер | Соның ішінде | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | гендерлік топтар | | жұмыскерлердің санаттары | | | |
| | | ерлер | әйелдер | басшы жұмыскерлер | басқарушы жұмыскерлер | орта буын басшылары | әкімшілік-тегі жұмыскерлер |
| Бағалаудан өткендердің үлесі | **78,7%** | 84,3% | 72,8% | – | – | 84,3% | 79,5% |

## Спорттық-сауықтыру іс-шаралары

**Командалық рухты ынталандыру және дамыту, корпоративтік коммуникациялар деңгейін көтеру және салауатты өмір салты мен спортпен шұғылдануды насихаттау мақсатында Компания ұжымдық демалысты ұйымдастырудың тиімді әдістерін жасауға, ұжымды біріктіруге бағытталған және Компанияның толыққанды дамуын қамтамасыз ететін корпоративтік менеджменттің перспективті модельдерінің бірі болып табылатын корпоративтік демалыстың арнайы іс-шаралары - тимбилдинг өткізеді.**

Алайда, 2020 жылы коронавирус пандемиясымен байланысты эпидемияға қарсы шаралардың енгізілуіне байланысты, Компанияның мұндай іс-шараларды өткізу мүмкіндігі шектеулі болды. Компанияның көпшілік іс-шаралары тоқтатылды және 2020 жылы өткізілген жоқ.

## Әлеуметтік қолдау

**ҚазАгроҚаржы өз қызметкерлерінің өмір сүру деңгейін дәйекті арттыру, негізгі әлеуметтік игіліктердің жалпыға бірдей қолжетімділігін, сондай-ақ ұжымдағы қолайлы психологиялық ахуалды қамтамасыз ету үшін әлеуметтік бағыттылықты дамытады.**

## 2020 жылғы әлеуметтік демалыстардың көрсеткіштері

| Көрсеткіш | Жынысы | Жұмыскерлер саны, адам |
| --- | --- | --- |
| Ана/әке болуы бойынша демалысқа шығу | әйелдер | 29 |
| | ерлер | 1 |
| Ана/әке болуы бойынша демалыстан қайтару | 5 | |
| Оқу демалысы | 1 | |

**Компания басшылығы жұмыскерлер үшін мынадай әлеуметтік және өзге де кепілдіктерді қамтамасыз етеді:**

- Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын іске асыру;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келетін жұмыс орны;
- еңбек міндеттерін орындауы кезінде жұмыскердің өміріне және денсаулығына зиян келтірілгендігі үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру;
- ерікті медициналық сақтандыру;
- ақы төленетін еңбек демалысы;
- жұмыскерлерге бала туу (асырап алу) кезінде, жұмыскердің некеге отыруы кезінде және жұмыскердің жұбайы немесе жақын туыстары қайтыс болғанда материалдық көмек төлеу;
- еңбекке мерзімдік-сыйлықақы төлеу жүйесі;
- жұмыскерлер қызметтік іссапарда болған кезде ақы төлеу;
- кәсіби оқыту және біліктілікті арттыру мүмкіндігі.

Әлеуметтік саясатты табысты іске асыру персоналды ынталандыруға және ҚазАгроҚаржы бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне, сондай-ақ жауапты жұмыс берушінің және әлеуметтік бағытталған ұйымның имиджін нығайтуға ықпал етеді.

Компания қызметкерлеріне тиімді жұмыс істеу үшін қолайлы жағдай жасау, жоғары білікті қызметкерлерді ұстап қалу және тарту мақсатында әлеуметтік қолдау көрсетіледі.

# Еңбекті қорғау және қауіпсіздік

**Компанияның негізгі басымдықтарынң бірі жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығының қорғалуын қамтамасыз ету үшін тиісті жағдайлар жасау болып табылады.**

2020 жылы коронавирус пандемиясына байланысты Компанияда жұмыскерлердің денсаулығын қорғауға және сақтауға бағытталған бірқатар санитарлық және эпидемияға қарсы (профилактикалық) шаралар қолданылды. Олардың қатарына мыналар жатады: жұмыскерлердің 80%-ын жұмысқа қашықтан жұмыс істеу форматына ауыстыру, бетперде тағу режимін енгізу, тиісті құралдарды қолданып орынжайларды өңдеу, Компаниядағы ауру-сырқау мониторингі. Қауіпсіздік пен еңбекті қорғауға қойылатын жалпы талаптар, өрт қауіпсіздігіне қойылатын талаптар ҚазАгроҚаржы Басқармасының шешімімен бекітілген Компания жұмыскерлерінің қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықта белгіленген. 2020 жылы өндірістік жарақат алу фактілері болған емес.

# ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМ-ДЫЛЫҚ

**Компания тұрақты негізде халықтың аз қорғалған топтарына қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетеді, сондай-ақ бейінді коммерциялық емес ұйымдарға (интернат үйлері, балалардың мектепке дейінгі, орта, кәсіптік-техникалық және жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу ұйымдары және т.б.) қолдау көрсетеді.**

Атап айтқанда, соңғы төрт жылдың ішінде Компания қайырымдылық және демеушілік көмекке 30 млн-нан аса теңге бағыттады, соның ішінде 2017 жылы – 18 млн теңге, 2018 жылы – 5 млн теңге, 2019 жылы – 5 млн теңге, 2020 жылы – 2,5 млн теңге.

**2020 жылы:**

- «Ашық жүрек – Открытое сердце» Ақмола облыстық қайырымдылық қорына 290 000 теңге мөлшерінде,
- «Сәби бақыты» қоғамдық қорына 300 000 теңге мөлшерінде,
- «Где сбываются мечты» қоғамдық қорына 200 000 теңге мөлшерінде,
- «Мир и капелька любви» қоғамдық қорына 200 000 теңге мөлшерінде,
- Солтүстік Қазақстан облысының «Где сбываются мечты» қоғамдық қорына «Полуденский балалар үйі» КММ және «Арман» Петропавл әлеуметтік қызмет көрсету балалар орталығы» КММ көмек көрсету үшін 500 000 теңге мөлшерінде,
- сондай-ақ жеке тұлғаларға 962 000 теңге мөлшерінде қайырымдылық көмек көрсетілді.

# ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

**Компания өз қызметінде қоршаған ортаға елеулі әсерін тигізбейді. Дегенмен де, өз мүмкіндіктері шеңберінде елдің ауыл шаруашылығына қоршаған ортаны және адамдардың денсаулығын қорғайтын, табиғи ресурстарды үнемдеуге ықпал ететін, өндірістің тиімділігін арттыратын, демек, шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын «жасыл» технологиялардың енгізілуін қолдауға ұмтылады.**

| Ресурстар | 2018 | 2019 | 2020 |
|---|---|---|---|
| Электр энергиясы (кВт/сағ.) | 238 600 | 252 000 | 238 646 |
| Жылу энергиясы (Гкал) | 260,669 | 244,10 | 272,32 |
| Су тұтыну ($м^3$) | 1 523 | 1 577 | 1 051 |
| Қатты тұрмыстық қалдықтар ($м^3$) | 114,36 | 114,36 | 114,36 |

Ресурстарды үнемді пайдалану саясатын енгізу мақсатында Компанияда 2018-2020 жылдар аралығында электр энергиясын пайдалануға, су тұтынуға және қатты тұрмыстық қалдықтарды шығаруға талдау жүргізілді.

**2020 жылы су тұтынудың төмендеуі байқалады. Қалған көрсеткіштер орта есеппен өзгеріссіз қалады. Алдағы уақытта Компания ресурстарды тұтынуды азайту мен оңтайландыруға бағытталған жұмысты жүргізуге ниетті.**



# ГЛОССАРИЙ

| | |
|---|---|
| **АӨК** | АӨК – агроөнеркәсіптік кешен |
| **ЖІӨ** | ЖІӨ – жалпы ішкі өнім |
| **ЖЖМ** | ЖЖМ – жанар-жағармай материалдары |
| **ММ** | ММ– мемлекеттік мекеме |
| **Компания** | Компания – «ҚазАгроҚаржы» АҚ |
| **КММ** | КММ – коммуналдық мемлекеттік мекеме |
| **ҚТК** | ҚТК – қызметтің түйінді көрсеткіші |
| **ІҚМ** | ІҚМ – ірі қара мал |
| **ХҚЕС** | ХҚЕС – Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары |
| **БАҚ** | БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары |
| **АШТӨ** | АШТӨ – ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер |
| **ROA** | ROA – активтердің рентабелділігі (ағылш. return on assets) |
| **ROE** | ROE – капиталдың рентабелділігі (ағылш. return on equity) |
| **NPL** | NPL – бастапқы кредиттік келісімнің шарттары орындалмайтын кредит |

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

## Орталық аппарат

**Мекенжай:** Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Кенесары көшесі 51, кж-4

**Қабылдау бөлмесі:** +7 (7172) 58-04-37, 58-04-38
**Сенім телефоны:** +7 (7172) 58-04-50

**Жалғыз акционермен жұмыс бойынша:** +7 (7172) 58-04-51
**Тікелей инвестициялар мәселелері бойынша:** +7 (7172) 55-73-40
**Баспасөз қызметі:** +7 (7172) 58-04-11
**Хат-хабар қабылдау:** +7 (7172) 55-65-33

**Call-center:** 8/7172/55-77-55; 1429
**Факс:** +7 (7172) 58-04-46
**E-mail:** mailbox@kaf.kz

## Аудитордың деректемелері

**Атауы:** «BDO Kazakhstan» ЖШС
Қазақстан Республикасы

**Заңды мекенжайы:** Алматы қ., Бостандық ауданы, Ғабдуллин көшесі 6, 2-пәтер

**Банк деректемелері:**
**БСН:** 960540000373
**БСК:** HSBKKZKX
**ЖСК:** KZ956017131000015928
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ /
АО «Народный Банк Казахстана»
**Кбе:** 17
**Тел.:** +7 (727) 331-31-34

## Филиалдары

**Нұр-Сұлтан қаласы**
Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр к-сі, 6/1, 193-кеңсе, 19шы қабат)
**тел.:** +7 (7172) 58-04-38
**e-mail:** nur_kaf@kaf.kz

**Ақмола облысы**
Көкшетау қ., Абай к-сі, 96, «Green Which» БО, каб. 702-704, 706, 712, 713
**тел.:** +7 (7162) 91-00-30, 91-00-31, 91-00-32, 91-00-33, 91-00-34, 91-00-35
**e-mail:** akm5@kaf.kz

**Ақтөбе облысы**
Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан к-сі, 51/1, 2ші қабат, 23-кеңсе
**тел.:** +7 (7132) 92-11-80, 92-11-81, 92-11-82, 92-11-83
**e-mail:** akt3@kaf.kz

**Алматы қаласы**
Алматы қ., Бөгенбай батыр к-сі, 142, «Қайсар» БО, 4ші қабат
**тел.:** +7 (727) 295-93-50, 295-93-51, 295-93-52
**e-mail:** credit_alm2@kaf.kz

**Алматы облысы**
Талдықорған қ., 7-ші шағын аудан, 10-ғимарат, «Көктем Грант» БО, 7ші қабат.
**тел.:** +7 (728) 55-86-80
**e-mail:** tld@kaf.kz

**Шығыс Қазақстан облысы**
Өскемен қ., Сәтпаев д-лы 62, 7ші қабат
**тел.:** +7 (7232) 49-24-77, 49-24-76
**e-mail:** vko2@kaf.kz

**Қостанай облысы**
Қостанай қ., Әл-Фараби д-лы 65, 11ші қабат, каб. 1111
**тел.:** +7 (7142) 99-97-73, 99-97-72, 99-97-74
**e-mail:** kst3@kaf.kz

**Қызылорда облысы**
Қызылорда, Қонаев к-сі, 33, 2ші қабат
**тел.:** +7 (7242) 55-13-00, 55-13-02, 55-13-03, 55-13-04
**e-mail:** kzl@kaf.kz

**Солтүстік Қазақстан облысы**
Петропавл қ.,
Бөкетов к-сі, 31А, 2ші қабат
**тел.:** +7 (7152) 63-10-30, 63-10-31, 63-10-32, 63-10-33, 63-10-34
**e-mail:** sko@kaf.kz

**Шымкент қаласы және Түркістан облысы**
Шымкент қ., Д. Қонаев д-лы, 3/3, 3ші қабат
**тел.:** +7 (7252) 98-40-10, 98-40-11, 98-40-12, 98-40-13
Түркістан, Төле би 65Б
**тел.:** +7 (7760) 71-09-07
**e-mail:** uko@kaf.kz

**Жамбыл облысы**
Тараз қ., Сүлейменов к-сі, 17
**тел.:** +7 (7262) 99-92-20, 99-92-21, 99-92-22, 99-92-23
**e-mail:** tar@kaf.kz

**Батыс Қазақстан облысы**
Орал қ., Сырым Датов к-сі, 28
**тел.:** +7 (7112) 96-00-30, 96-00-31, 96-30-32, 96-30-33
**e-mail:** zko@kaf.kz

**Атырау облысы**
Атырау қ., Владимирская к-сі, 20Д, 2ші қабат
**тел.:** +7 (7122) 76-36-21, 76-36-22, 76-36-23
**e-mail:** atr@kaf.kz

**Қарағанды облысы**
Қарағанды қ.,
Бұқар жырау к-сі, 53/1,
«Дәулет» СҮ, 4ші қабат
**тел.:** +7 (7212) 92-24-10, 92-24-09, 92-24-08, 92-24-07
**e-mail:** krg@kaf.kz

**Павлодар облысы**
Павлодар қ.,
Луговая к-сі, 16
**тел.:** +7 (7182) 77-00-66, 77-00-67, 77-00-68, 77-00-69
**e-mail:** pvl@kaf.kz

07

# ҚОСЫМША-ЛАР

## «ФИРМА «ДАФА» ЖШС

Қазақстандық аспалы жабдықтар, коммунальдық және ауыл шаруашылығы техникасын өндіруші

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН

Барлығы өндірілді

2 700 БІРЛІК ТЕХНИКА



Орналасқан жері

**ПАВЛОДАР**



Техника түрі

- азық дайындау техникасы (шөп шабатын машиналар, тырмалар және КУН тиегіштері)

ҚазАгроФинанс арқылы сатылды

**1 638 БІРЛІК ТЕХНИКА**

Сомасына сатылды

**1,5 МЛРД ₸**

Шығарылған көлемнің 60,7%-ы

www.kaf.kz

# 1-ҚОСЫМША. ЕСЕП ТУРАЛЫ.

